



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

4-5 (7) 2011



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Төлеубекова Р.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бас редактордың орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** — Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** — Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ көркемсурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық Білім академиясының академигі; **Нүкетәева Д.Ж.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Баймырзаев Қ.М.** — Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** — Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова Ә.С.** — Абай ат. ҚазҰПУ-нің «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Бейсенбаева А.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Берікханова А.Е.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** — жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** — ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** — Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Қирабаев С.С.** — М.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Шаханова Р.Ә.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қыдырәлиев Д.** — ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** — ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик; **Қойгелдиев М.Қ.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Қазақстан тарихы мен мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор; **Ізтілеуова С.Д.** — Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы; **Керімов Л.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ педагогика кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Колумбаева Ш.Ж.** — педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры; **Мырзахметов М.** — Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы "Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының" директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ мәдени-антропология кафедрасының профессоры, Әлеуметтік академиясының академигі, Халықаралық акмиологиялық академиясының академигі; **Нәрібаев К.Н.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Ректорының кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Сарыбеков М.Н.** — ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** — Абай атындағы ҚазҰПУ-дің әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Саңғылбаев О.С.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, п.ғ.д.; **Табылдиев Ә.Т.** — әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шолпанқұлова Г.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Құрманғали А.К.** — жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. — директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Толеубекова Р.К.** — зав. кафедрой "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** — руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** — президент международного сообщества "Қазақ тілі", главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** — профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** — декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии Образования им. Ы. Алтынсарина; **Нукетаева Д.Ж.** — ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук; **Баймырзаев К.М.** — ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** — зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** — зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Бейсенбаева А.А.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Берикханова А.Е.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, доцент; **Габбасов С.** — писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есим Г.** — депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** — директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Кирабаев С.С.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** — директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Шаханова Р.А.** — зав. кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Кыдыралиев Д.** — эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** — председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** — профессор кафедры "Общей педагогики" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор, академик; **Койгелдиев М.К.** — зав. кафедрой истории и культуры Казахстана Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Кусаинов А.** — зав. кафедрой "Педагогика и психология" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Керимов Л.К.** — зав. кафедрой "Педагогика" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Изтилеуова С.Д.** — ведущий научный сотрудник НИЦ Абаяведения КазНПУ имени Абая, доктор филологических наук; **Колумбаева Ш.Ж.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Мырзахметов М.** — директор НИЦ Абаяведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** — ректор Казахского Национального Университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — профессор кафедры "Культурной антропологии" КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук, академик Социальной академии, академик Академии Международной акмнологии; **Нарибаев К.Н.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Сарыбеков М.Н.** — вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** — начальник административного управления КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Сангылбаев О.С.** — профессор кафедры «Общей и прикладной психологии» КазНПУ им. Абая, доктор психологических наук; **Табылдиев А.Т.** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** — профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, академик Академии гуманитарных наук; **Шолпанкулова Г.К.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Курмангали А.К.** — ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. — the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Toleubekova R.K.** — the university chair of «National education» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the second deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** — the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** — the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** — the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** — the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Nuketaeva D.Zh.** — rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Baymyrzaev K.M.** — the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** — the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** — the chair of sub department «the Scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Beysenbaeva A.A.** — professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** — the writer, the deserved worker of public health services SSSR, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** — the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** — the director of the ethnopsychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** — the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair "Kazakh literature" of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** — the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Shahanova R.A.** — the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kydyraliev D.** — the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** — the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** — the professor of the chair "General pedagogic" of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academic; **Koygeldiev M.K.** — the university chair of history and culture of Kazakhstan of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Kusainov A.** — the university chair of "Pedagogics and psychology" of the Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kerimov L.K.** — university chair of "Pedagogics" KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical science, professor; **Iztileuova S.D.** — the chief scientific collaborator of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philological sciences; **Kolumbaeva Sh.Zh.** — professor of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Myrzakhmetov M.** — the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** — the rector of the Kazakh National University named after al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** — the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi; **Naribaev K.N.** — rector adviser of KazNPU named after Abai, the doctor of economics, the professor, the academician of NAS RK; **Sarybekov M.N.** — the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** — the director of administration of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Sangylbaev O.S.** — professor of KazNPU named after Abai, the doctor of psychological sciences; **Tabyldiev A.T.** — the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** — the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Sholpankulova G.K.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangali A.K.** — the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011



«Біздің түпкілікті мақсатымыз – интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру»

***Қазақстан Республикасы президенті
Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақ» бағдарламасы
бойынша шетелдердің ең таңдаулы оқу орында-
рында білім алып, елімізде жұмыс істеп жүрген
және әлі де болса, оқып жатқан жастардың
басын қосқан мәжілісінде сөйлеген сөзі.***

Құрметті Серік Жайлауұлы!

Ата-бабаларымыз жігіт өмірін сараптағанда ер жігіттің басында алты асыл қасиет (зерде зейіні, өнер өрісі, тапқырлық, талап ерлігі, жігер күші, қайрат қаруы – білімі болсын), үш асыл мінезі (туған елі мен дос-жаранына адал болу, қара қылды қақ жарған әділ болу, қаймықпастан турасын айтар шыншыл болу) мен үш ажырамас серігі (астыңа мінетін тұлпарың болсын, шындалған ақыл-айлаң болсын, айнымас адал жұбайың болсын) болуы тұрғысынан қарастырады екен. Осы айтылған қасиеттерді қорытындылай келе, өміріне баға береді. Лұқпан хәкім «мың жасадым» деп өмірге разылығын баяндағанда пенделік маңдайына бұйырған жасын емес, тіршілікте халқының дамып, өсуіне қосқан үлестерін, өзінің маңдай терін сыпырып тастап істеген еңбектерін, қуаныш-қызықтарын, той-тамашаларын айтқан сыңайлы.

Той, жақсылықтар – тәңірдің қазаққа сыйлаған тамаша кәде-жоралғыларының бірі іспетті. Шындығында да, өзіңнің қамшының сабындай шолтаң ете түсетін аз дәуіріңде көңілің орта түсіп емес, абыройың арта түсіп жүргеніңе не жетсін! Сондай қуаныштың иесі Сіз деп ауыз толтыра айта аламыз! Бүкіл өміріңізді мемлекетке қызмет ету ісіне арнап, нағыз отаншылдық пен мақсаткерлік танытып, Қазақстанның жаңа толқыны үшін өнегеге айналу дасыз десек артық айтқанымыз емес. Себебі, біліміңіз, жоғары жауапкершілік пен біліктілігіңіз әріптестеріңізді тәнті етіп, олардың арасында зор беделге бөленіп отырған жағдайыңыз бар. «Білгенге маржан, білмеске арзан» дегендей Сіз – ғылыми шығармашылық пен жауапты басшылық қызметті теңдей қатар ала жүріп, талапты жандарға білгеніңізді айтып, туған ел, жерге деген сүйіспеншіліктің арқасында парасатты, ұлтжанды рухтағы жастарды саналы да білімді етіп тәрбиелеуде өзіндік дара тұлғаңызды қалыптастырып келе жатқан жансыз. Әрі, кемел басшы, дарынды ұйымдастырушы қырынан да көрінуіңіз. Жемісті еңбек етіп, осы жолда маңдай терін төгіп жүрген санаулы алаш азаматтарының бірі, өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға екендігіңізді көпшілік жақсы біледі. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер Сізді қатардағы ұстаздан Қазақ елінің белгілі де беделді азаматы, ағартушы ұстаз деңгейіне көтерді. Мемлекеттік жоғары оқу орындары мен Министрлікте жауапты қызметтер атқардыңыз. Бұл күндері барша жұрт Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің ректоры, Қазақстан Республикасының көрнекті ғалымы, академик ретінде танып, мойындап отыр. Алды кең, жаны жомарт, қамқор да талапшыл басшы ретіндегі абзал қасиеттеріңіз адамды тәнті етпей қоймайды, сонымен бірге атына заты сай ұлағатты ұстазсыз. Сондай-ақ, қатарыңыздың тұрмыстық мұқтажы қат-қабат тіршілікте ұдайы назарыңызда болатынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиеніз, жеке басыңыздың кіршіксіздігінің өзі, отбасыңыз үшін ғана емес, қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Қадірлі Серік Жайлауұлы! Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз! Қоғамымыздың игілігі, білім мен тәрбие беру жолындағы күрделі де жауапты қызметте бұдан былай да абырой биігінен көріне беріңіз! Шаңырағыңызда және туған-туыстарыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

Изгі тілек білдірушілер:

«Ұлттық тәрбие» журналының редакция алқасы

ЕЛ ЕРТЕҢІН ТӘРБИЕНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫМЕН
БАЙЛАНЫСТЫРА БІЛГЕН АЗАМАТ

*Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның директоры,
профессор, Қазақстан
Жоғары Мектебіне еңбегі сіңген қызметкер
Нуриев М.А.*

Бұл күнде танымал ардақты азамат, ҚР ҰҒА академигі, ағартушы ғалым, ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы Серік Жайлауұлы Пралиевтің есімі жоғары білім беру саласында қызмет істейтін ұстаздар қауымы мен студент-жастаржұртшылығына етене жақын есім. Әсіресе, соңғы жылдары өзі басқарып отырған еліміздегі басты оқу орны Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті атқарып жатқан ауқымды қыруар жұмыстарды осы өресі биік ерен тұлғаның еңбегінсіз көз алдына елестетуге мүмкін емес. Тарихтың жасаушысы халық десек те, сол халықтың алдыңғы шебінде дер мезгілінде атойлайтын біліктісі мен білектісінің табылуы да артық айғақты қажет етпейтін бұлтартпас ақиқат.

Биыл Секең сынды осындай тағылымды тұлға, біртуар азаматтың туғанына 60 жыл толғалып отыр.

Университеттің өркендеп дамуына өлшеусіз үлес қосып, артында талай ұрпақ зердесінде өшпестей із қалдырып келе жатқан ұлағатты тұлға мерейлі жасқа да келіп жетті. Осынау жасқа жеткенше талай игі іс атқарып, ел қажетіне жарап келе жатқан азаматтың еңбек жолы өнегеге толы десем артық айтқаным емес. Еткен еңбегі ел келешегіне сіңірген жақсылығын санамалап отырмай, бір ғана Елбасының Ұлттық тәрбиені көтеру идеясына орай қазіргі таңда өзі басқарып отырған оқу орынында жасалынып жатқан соны ізгі істерін айтып өтуді жөн көрдім.

Секеңнің дүниетанымы мен өмірлік ұстанымында жаһандану дәуіріне сай қазақтың ұлттық болмысына тән құндылықтар жүйесінің көрініс табуы ерен тұлғасын ерекшелей

түседі. Көкейіндегі көксегендерін тәуелсіздік туындатқан мүмкіндіктерді тәрбие мен білім беру жүйесіне сыналап кіріктіруге, пайдалануға барын салып жүрген абзал азаматтың тіл, дін, дәстүр, тарих, атамекенді әр адамның ұлттық қасиеттерінің жүйелі сипаттамалары ретінде қарастыруы – аталған университет қабырғасында елімізде тұңғыш рет «Ұлттық тәрбие» кафедрасын ашып, 2009-2010 оқу жылынан бастап, барлық мамандықтың оқу бағдарламасына ғылыми тұрғыға негізделген «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізуінен байқалады. Бұл – ұрпақ келешегін ойлаған нағыз ұлт жаңашырының шешімі. Түгелдей тереңдетіп, бұдан да толық етіп баяндауды келер күндердің еншісіне қалдырып қоймай, өзінің тікелей басшылығымен «Ұлттық тәрбие пәнінің» оқу бағдарламасы мен тұжырымдамасын жасатып, арнайы оқу құралдарын («Ұлттық тәрбие» /таңдамалы лекциялар курсы/, «Ұлттық тәрбие» /салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде/, «Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі», «Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері», «Ұлттық тәрбие» /салауатты өмір салты/, «Ұлттық тәрбие және дін», «Ұлттық тәрбие» /ұлтжандылыққа баулу/) дайындатқызып, бұл күндері мұндай игілікке зәру болып отырған оқытушылар мен оқушылардың, жалпы оқырманның қолына ұсынып отыр.

Серік Жайлауұлы бұрынғы да, бүгінгі де қоғамдық жүйелерде тұтқа болар қағидаттар мен ұстанымдарды сараптай келе, кісіліктің келбетін кескіндейтін, мәңгілік мәнге ие адами құндылықтарды Тәңірі деп таныған Тәрбиенің ұтқыр ұстанымы мен түпкілікті мақсаты биігінде ұсынды. Ұтқыр ұстаздың

ұшқыр ойы мен тындырымды тәжірибесінен туындаған көрегендігінің көріністерін бүгінгі білім мен тәрбие беру ісінің көкейкесті мәселелерінің ол көтерген мәселелермен үндестігінен байқауға болады. Мәселен, профессор С.Жайлауұлы: «Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі», - десе, бүгін бұл тұжырым ұлттық тәрбиенің барша қазақстандықтарды ұйыстырушы қабілетін мейлінше күшейту арқылы оны барлық отандастарымызға ортақ рухани құндылыққа айналдыру міндетіне ұласып отыр. Сол сияқты, ойшылдың: «Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек», - деген ұстанымдарының бүгінгі білім беру ісінде етек алып кеткен жаттандылықтан, жалаң ақпаратпен әуестенушіліктен, аждаһадай төніп келе жатқан жаһандандудың аранынан сақтандыруға бағытталғанын айқын аңғаруға болады. Әлемдегі аса ауқымды құбылыстардың бірі – жаһандану дәуірінің білім жүйесіне зор ықпалын тигізіп жатқан кезеңінде – адамзат ұрпағының тағдырына деген алаңдаушылығы мен жауапкершілік сезімдері толастаған емес. Бұл жаппай жаһандану процесінің құрбаны болмау үшін – бабалары мирас етіп қалдырған рухани-мәдени қазыналарын қастерлеп, өскелең ұрпақ тәрбиесіне жаратып отыру қажет екені айдан анық.

Ұлт болашағы – жас ұрпақтың қамын әуел бастан ойлаған әр халық – өне бойындағы барлық асыл қасиеттерді ұрпағының сана-сына сіңіріп, өркениет мәдениетінде теңдесі жоқ рухани қазынасын сақтай білген.

Демек, білім мен ғылымның дәуірі болған ХХІ ғасырда әрбір ұлт өзін әлемнің алдыңғы

қатарынан көруі үшін ұрпақ тәрбиесіне аса мән беретіні сөзсіз. Кімнің білімі күшті, әлем соның қолында десек, өзге халықтар соның тілінде сөйлейді. Мінеки, қазіргі кездің шындығы осы. Ал, өркениеттің көшінен қалмай, әлемнің бәсекеге қабілетті алдыңғы 50 елі қатарынан көрінгісі келетін қазақ елі үшін, әрине, ұрпақ тәрбиесі аса маңызды күн тәртіпте тұрғаны анық. Ұрпақ – ұлттың айнасы. Таратып айтар болсақ, оқытушыны айна деп қарауымызға болады. Себебі, одан оқушы көрінеді, қандай оқытушы болса, сондай оқушы көрінеді. Ал оқушы мен оқытушы – ұлттың айнасы. Олардан тұтас ұлт көрінеді, ендеше, ұлттың келбетін жақсартамыз десек, тәрбиеге баса мән беру керек. Осының төңірегінде біздің болашағымыз қандай тәрбие алып жатыр? Кімдер тәрбиеленіп жатыр деген сауал елінің болашағы үшін алаңдайтын әр азаматты мазалайтыны анық. Сондай елдің болашағы дегенде жай қарап отыра алмайтын азаматтың бірі де, бірегейі –Серік Жайлауұлы Пралиев.

Бүгінде білім мен тәрбие беру ісін бүкіл-халықтық іске айналдыру мәселесі көтеріліп, осыған байланысты біртұтас инновациялық технопарктерді құру жұмысы қолға алынып жатқанда, Секең де жай қарап отырмай – Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болатынын алға қойып отыр. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы мен мұндалап тұр – деп үн қосып, мұны жүзеге асыру үшін тың идеялары мен бар күшін аямай салуда. Жоғары білім саласы халықаралық ең биік талаптарға сай болуға тиістігіне орай жоғары оқу орындарының әлем университеттерінің рейтингтеріне кіруге талпынуы қажеттігі, жастар бойында қазақстандық отансүйгіштік сезімін қалыптастыру керектігіне байланысты қалыптасқан жаңа ізденістер осы аталып отырған университетте айрықша серпіліс танытуда. Бұл сауал төңірегіндегі ол кісінің тың ізденістері

ұлт болашағының келешегін ойлап, қазақ халқының төл мәдениетін ғаламдық өркениет дәрежесіне көтеру мақсатында ұлттық құндылықтарымыздың оң бойында жинақталған ұлттық тәлім-тәрбиені көтеру жөніндегі ой-пікірлері мен көзқарастарынан көрініс тауып отыр. Осы мазмұнда жазған Серік Жайлауұлының «Білім беру сапасы және оқу үдерісін жетілдіру», «Білім беру траекториясын анықтау және оқу процесіндегі реформаны тереңдету», «Ұлттық тәрбиені дәріптеу – бүгінгі күн талабы», «Ұлттық тәрбие», «Ғаламдық жаһандану және ұлттық білім», «Ұлтжандылыққа ұрпақты салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде тәрбиелеу мәселелері», «Ырым-тыйымның тәрбие үрдісіндегі рөлі», «ЖОО-да “Ұлттық тәрбие” пәнін ендірудің ұйымдастыру-педагогикалық аспектілері» сияқты ғылыми, публицистикалық мақалалары мен авторлар бірлестігіндегі «Ұлттық тәрбие (Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері)», «Ұлттық тәрбие (Салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде)» атты оқу құралдарының тақырыбы ауқымды, мағынасы терең, соны идеяларға толы еңбектер болып табылады. Бұған дейін де ғалымдық та, ұйымдастырушылық қырынан да танымал азаматтың болашағымыздың рухани дамуын дұрыс жолға қою мақсатында істеп жатқан жұмыстары мен үлкен азаматтығы да ұрпаққа ұмытылмас өнеге.

Профессордың сондай кейінгі ұрпаққа өнеге болар рухани мұрасының өміршеңдігі туралы сөз қозғағанда осы тәріздес мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ұлттық тәрбиені белсенді түрде көтеріп, іске асырып жатқандығының тағы бір көрінісі, ұлттық тәрбие мәселелерін зерттейтін және насихаттайтын ғылыми-көпшілік басылымдарының ауқымының тарлығын ескеріп, ұлттық тәрбие мәселелерін көпшілікке, ұстаздар қауымына, жалпы ғылым саласындағы қызметкерлерді әрқашан ақпараттандырып отыру мақсатында 2009 жылдың наурыз айынан бастап республикалық ғылыми-көпшілік бағыттағы «Ұлттық тәрбие» атты журналдың

жариялануын қолға алып, дұрыс жолға қоюы. Мұнымен шектеліп қалмай, ұрпақ тәрбиесі туралы толғандырған мәселелер мен ой-пікірлерін журнал беті арқылы көпшілік қауыммен де үзбей бөлісіп отыруы ұлтым деген ұлт жаңашырының болмысын тереңдете түседі. Секең журналдың мақсатына ұлттық тәрбие мәселелерін көпшілік қауымға, ғылым саласындағы қызметкерлер мен студент жастарға насихаттай отырып, қазақ халқының ұлттық қағидаларын бүгінгі күн тұрғысына сай ұлттық құндылықтарын қалыптастыруды міндеттеді. Негізгі бағытында ұлттық идеяның, намыстың, рухтың, салт-сананың, ұлттық бизнестің қалыптасуынан, жанашыр ұлт тұлғаларының саналы өмірінен, ұлттық тағылым жайлы мағлұмат беруін, олардың әдет-ғұрыпты дәріптейтін және танымдық материалдармен әр жеке тақырыптық тарауларда кеңінен қарастырылуы көзделген. Бүгінгі таңда бұл басылым «Ұлттық тағылым», «Ұлттық намыс», «Ұлттық тұлға», «Салт-дәстүр», «Ұлттық бизнес», «Отбасы тәрбиесі» сияқты тұрақты айдарлар көлемінде мақалалар жариялайды. Журналдың одан ары жемісті жұмыс жасауын қамтамасыз етіп отырған ректор кезекті әр нөмірін үзбей қадағалап, Республикамыздың түкпір-түкпіріне таралуына жағдай жасап отыр.

Қазіргі Қазақстандағы тұрақтылық пен бейбітшілік келісім жолын баянды етуде, мемлекетімізді және оның ұлттық қауіпсіздігін одан әрі нығайтуда, экономиканың тұрақты дамуы мен азаматтардың әлауқатының артуын қамтамасыз етуде ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше. Бұл дегеніміз – ұлтшылдыққа қарай бет алу емес, қазақ халқының мәнді де, саналы тәрбиесін Қазақстанда білім алатын басқа ұлт өкілдеріне насихаттау, қазақ халқының мәнді де, маңызы терең тәрбиесін түсіну арқылы қарым-қатынасты нығайта түсу. Еліміздің егемендігін алғаннан кейінгі әлеуметтік өмірдегі салауаттандыру мақсатындағы жұмыстың бір қыры, ұлтымыздың ғасырлар бойы кәдесіне жарап кел-

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ –
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ КЕПІЛІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ Ректоры

*п.ғ.д, профессор **Піралиев С.Ж.***

Абай атындағы ҚазҰПУ

*Инновациялық технологиялар және білім беру
мазмұнын ғылыми зерттеу институты директоры*

ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер,

*профессор **Нуриев М.А.***

Оқу үрдісін жетілдіру және жинақтау

бөлімінің басқарушысы

*ф.ғ.к. **Сейсенбаева Ж.А.***

Қазіргі Қазақстан қызыға қарайтын қарқынды даму жолына түскен, әлем таныған мемлекеттердің қатарында. Жас мемлекетті бүгінгідей дәрежеге жеткізген Президент Н.Ә. Назарбаев ұлттық дамудың түпкі мақсаты интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізінде екендігін баса айтады. Елбасы ҚазҰУ-де оқыған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты лекциясында зиялы ұлт қалыптастыру идеясын айтып өткен болатын. Бүгінгі таңда осы бағытта көптеген жұмыстар жасалуда.

Өз ұлтының бақытты болашағын, кемел келешегін ойлаған, төрт құбыласы түгел, қуатты мемлекет құруды мақсат еткен Елбасы «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасын дайындауды ұсынған болатын. Ұлттық жоба үш негізгі аспектіні қамтуы қажеттігін нақтылаған. Біріншісі, қазақстандық білім жүйесін дамытуда серпіліс жасау. Қазіргі таңда білім беру үдерісіне барынша кеңінен назар аударылғаны жөн. Ұлттың дамуының негізі дұрыс білім ала білуде.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылым саласын дамыту мен еліміздің ғылыми потенциалын арттыру.

Жобаның үшінші бағыты – инновациялар жүйесін дамыту. Ол қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған. Білім беру саласындағы бүгінгі таңдағы өзгерістер осы ұсынылып отырған үш

аспекті негізінде дамуы білім алушылардың өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға болып қалыптасуына жұмылдырылады. Білімді реформалаудың басты міндеті - мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге көтеру. Жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктерін, оның мүмкіндіктерін ескере отырып қанағаттандыру, қалыптастыру, адам білім үшін емес, білім адам үшін оқу-тәрбие процесін ізгілендіру, ізгілік принциптерін қайта түрлеуі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонда ғана білімнің беделін арттыруға, білім беру саласының мемлекет пен қоғам өміріндегі басым мәртебесін нақты орнықтыруға болады. Қазіргі таңдағы әлемдік ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктерге негізделген жаңа жүйе еліміздің білім беру саласына терең енгізіліп отыр. Бұл өзгерістер өз кезегінде болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі болмақ. Интеллектуалды қоғамның мақсаты - жаңаша біліммен қаруланған мамандарға сұранысын қанағаттандыру, ғылымның жетістіктерін экономиканың нақты секторларында жүзеге асыру және еліміздің адамзаттық құндылықтарын қалыптастыру.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін

– білім» - деп нақтылаған болатын. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерін толықтай қамтуға бағытталған «Балапан» бағдарламасы дарынды балалар үшін жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын 20 интеллектуалдық мектепті ашуға бағытталған бағдарламалары интеллектуалды ұлт даярлауды ұйымдастырудың жаңа негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған бағдарламалар еліміздегі инновациялық дамуың негізгі бастауы болып табылады. Осы бағытта қазіргі таңдағы әлемдік ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктерге негізделген іс-шаралар білім беру саласынан бастау алады. Білім беру қызметінде еліміздегі және әлемдікбілім беру жүйесіндегі классикалық дәстүрлі және жаңа үрдістерінің үйлесімділігін қамтитын оқу бағдарламаларымен білім сапасын арттыру қажеттігі туындауына байланысты жоғарыда айтылған бағдарламалардың дамуы өте маңызды. Отандық білімберуге қойылатын аталмыш талаптар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуынжедел қамтамасыз ете отырып, инновациялық даму нарығы мен көпсалалы ғылымның жоғары технологиялы өндіріс жағдайында басқаруға күзінретті және бейімді-шығармашылығы бар тұлға дайындау қажеттілігінен туындайды. Осы бағыттағы жасалынып жатқан игі істердің бастауы ретінде біртұтас білім жүйесін құрайтын оқыту және тәрбиелеу процессінің бірыңғайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған интеллектуалды мектептердің ролі айқын. Аталмыш оқу орындарының ерекшелігі де сонда, білім процессін ұйымдастыруда пән және деңгей аралық кіріктілікті, бірізділікті, дифференциацияны қамтамасыз етуді негізге алады.

Әлемдік сапа және білімнің өтімділігін негізге алуға бағдарланған интеллектуалды тұлға қалыптастыратын **мектептердің мақсаты**- әр түрлі салалар үшін бәсекеге қабілетті менеджерлерді дайындау. Еліміздеинтеллектуалды мектептердің жүйесін дамыту қазақстандық мектептердің жаңа ұл-

гісін қалыптастырудың бастауы, яғни интеллектуалдық әлеуетін жүзеге асыраалатын-рухани болмысты тұлға дайындайтын білім беру бағдарламаларының жүзеге асуы деген сөз.

Елбасының бастамасы бойынша **Астанада** «еліміздің болашақ зияткерлік элитасын қалыптастыру мақсатында» құрылған **ұлттық білім беру жүйесінің барлық артықшылықтары мен үздік әлемдік ғылыми білім беру тәжірибесін үйлесімді қамтитын, Қазақстанның ұлттық брэндіне айналатын ерекше үлгідегі Назарбаев университеті де интеллектуалды тұлға қалыптастыра отырып, бәсекеге қабілетті маман дайындауға арналған жұмыстардың бірегейі деп есептейміз.**

Интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу ісітерең білім, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік ұлттық мүддеге қызмет ету, ел алдындағы парыз ұғымына сүйену, рухани құндылықтарға негізделген жасампаз күш негізіне жұмылдырылуы тиіс.Ұлттық жобаны жүзеге асыруда заманның озық жоғары технологияларын жетік меңгерумен қатар, елімізде индустриялық дамудың ақпараттық өркендеуіне белсенді, әрі қабілетті, көзқарасы дұрыс, діні мен ділі және рухы жоғары ұрпақ қалыптастыру қажеттілігі қамтамасыз етіледі. Осы тұрғыда ұлттың интеллектуалдық капиталы –бұл барлық жинақталған ғылыми, кәсіптік, мәдени ақпараттар, өмірдің барлық салаларының мамандарының білімі мен біліктері, әрбір жеке адамның интеллектуалдық, моральдық және мәдени дамуы, ұлттың позитивті психикалық және моральдық ерекшеліктері екені белгілі. Интеллектуальды даму бағдарында тұлғаның әлеуметтік-танымдық салты мен әдеттері, сондай-ақ халықтың әдет-дәстүрлері, жақсы кәсіптік дағдылар, білімділік, тәрбиелілік, патриотизм, азаматтық белсенділік, тәртіптілік, табандылық, шыншылдық, еңбексүйгіштік қасиеттерін жан-жақты дамыту сынды қасиеттері қамтылады. Осы айтылған қадір-қасиеттің барлығы дерлік - ұлттың байлығы мен игілігіне жұмылдырылады.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда алдымен ол қандай қасиеттерді қамтитынын анықтап алуымыз қажет. Сонымен, интеллектуалды ұлт білімді, ғылымды меңгерген, тәрбиенің бастауларын толық қамтыған тұлғадан қалыптасады.

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, іздемпаз, дені сау жастарға байланысты. Осыған орай, интеллектуалды ұлт қалыптастыруда қоғам алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой – пікірі бар, жоғары саналы, белсенді, бәсекеге қабілетті, дені сау азамат тәрбиелеп шығару. Үдемелі-инновациялық жаңа экономика құрып жатқан осы кезеңде елімізге білімді, дер кезінде шешім қабылдай білетін ұлт, соның ішінде жастар өте қажет. Ол үшін ақпаратқа қолжетімділікті бүгінгі күн талабына сай дамыту қажет, бұл - ұлттың денсаулығының дұрыстығы, сапалы өмір сүруі, жақсы білім алу және ғылымды дамыту. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер жаһандану үрдісінде өзіндік келбеті қалыптасқан жаңа адамды дамыту мақсаттарын қойып отыр.

Интеллектуалды тұлғаны төмендегі көрсетілген құндылықтарды бойына сіңіру арқылы қалыптастыруға болады:

1. Танымдық бағытта: таным мәдениеті, интеллект, білім, ақыл – ой мәдениеті, шығармашылық, сындарлы ойлау, сананы жетілдіру, ой – өрісінің кеңдігі т.б.

2. Адамгершілік бағыт: жеке тұлғаның қасиеттері: сыйлау, мейірімділік, әділдік, т.б, адамгершілік ұстанымдар: қадір – қасиет, ұқыптылық т.б.

3. Әлемдік бағыт: азаматтылық, патриотизм, белсенді өмірлік позиция, ұйымдылық, адам құқықтары т.б.

4. Ұлттық бағыт: салт – дәстүрді, тілді, дінді, әдет – ғұрыпты құрметтеу, ұлттық сана, ұлтжандылық, елін жерін сүю және т.б.

5. Салауатты өмір салты: экологиялық мәдениет, спорт, санитарлық- гигиеналық нормаларды сақтау, жағымсыз қылықтардан арылу, дене шынықтыру т.б.

6. Дүниетаным бағыты: ғылыми, білімділік дүниетаным, танымдық дүниені қабыл-

дау, дүниені түсіну, әлем туралы ойлану, ой-толғаныс т.б.

Болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда әлемдік дәрежедегі ғылым мен білім саласындағы жетістіктерді қамти отырып, ұлттық әлеуетті дамыту бағдар негізге алынады. Елбасы «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы идеясына «оның басты мақсаты - жаңа қалыпта қазақстандықтарды тәрбиелеу, сондай-ақ Қазақстанды бәсекеге қабілетті адамдық капиталы бар мемлекетке айналдыру» деп, нақтылаған болатын. Осы тұрғыда республикамызда ұлттық интеллектің негізін қалауға бағытталған ғылым мен білім жетістіктерін дамыту тұрғысына назар аударылғаны жөн. Өйткені, елімізге халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті білімді адамдар қай кезде де өте қажет. Интеллектуалдық ұлт қалыптастыру жөнінде айтқанда, біз ең алдымен қоғамның рухани-адамгершілік мәселесіне тереңірек көңіл бөлуіміз керек. Қоғамды ұлттық тұрғыда дамытуға, жастардың патриоттық сезімін тәрбиелеуге, ұлттық намысты шыңдауға, әрбір азаматтың азаматтық жауапкершілігін арттыруға барлық жағынан мүмкіндік жасалуы қажет. Осы тұрғыда интеллектуалдық ұлт қалыптастыруда ұлттық тәрбие маңызын айқын аңғаруға болады. Ел боламын деген мемлекет ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қояды. Біз - бала тәрбиесіне аса көңіл бөлген халықпыз. Тілдің дамуы да, ұлттық рухани құндылықтардың баланың бойына сіңірілуі де - тәрбиемен келеді. Ал тәрбиенің өзегі - ананың құрсағынан басталады. А.Байтұрсынов: «Балам деген жұртым болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады» дейді. «Интеллектуалды ұлт -2020» жобасының басты мақсаты ретінде жастарға рухани тәлім-тәрбие беру аталғаны белгілі. Яғни, әлемді жаулаған жаһандану үрдісіне біз мықты ұлттық, мәдени құндылықтарымызды, ұрпағымыздың имандылығын қарсы қоюға тиіспіз. Демек, терең білім, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік ұлттық мүддеге қызмет етпесе, ел алдындағы парыз ұғымына сүйенбесе, рухани құндылықтарға

негізделмесе, жасампаз күшке айнала алмайды екен. Бүгінгі білім беру саласында тәрбие мен білімді әр қырынан дамыта отырып оқыту және білім алушыны интеллектуалды түрде дамыту жолдары негізге алынады. Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда ұлт денсаулығы маңызды мәселелердің бірі. Денсаулық адам дамуының маңызды құраушысы және салдары. Ол жас кезде білім алудың, ал кейіннен оны үнемі жетілдіріп отырудың маңызды шарты болып табылады. Сондай-ақ, денсаулық жоғары өнімді еңбектің негізі бола отырып, адамдардың жеке және қоғамдық жағдайларын көтеруге мүмкіндік береді. Ендеше, ұлттың интеллектуалды даму бағдарында салауатты өмір салтының маңызы айқын. Осы мақсатты жүзеге асырудың аспектілері отбасы тәрбиесімен және білім беру мазмұнымен тығыз байланысып, білім мазмұнында жан-жақты ашылуы тиіс.

Интеллектуалды ұлт – моральдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени білімі ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар қоғам.

Жеке интеллектуалды тұлға қалыптастыру және дамыту жолында біз халқымыздың ғұламалардың еңбектеріне сүйене отырып мәнін ашып алуымыз қажет. **Еліміздің тарихындағы ойшылдар мен даналарды, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өз заманына сіңірген еңбегінде болашақтың бақытты болуына қосқан үлесімен ұлттың даму сипатын көрсету бағдарын айқындап алуымыз керек. Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин секілді халық ағартушылары ұлттың дамуын таным-түсінікті кеңейту арқылы жету бағыттарын айқындап отырған. Олардың атқарған істері мен айтқан өсиеттеріне күні бүгінге дейін халық тәрбиесінде жоғары бағаланады. Және ұрпақ тәрбиесінде солардың ой өлшемдерімен өмір сүруге күш салып келеміз. Біз ғана емес, бүкіл әлемде қанша ұлт, қанша мемлекет болса, солардың барлығы да**

өздерінің ежелгі данышпандарының немесе жалпы адамзатқа ортақ Сократ, Аристотель, Конфуций секілді зор тұлғалардың айтып кеткендерін өмірлік ұстанымдарында басшылыққа алуда. Қазақ даласындағы ойшылдардың айтқандары да бүкіл ұлттың «Қайтсе жақсы өмір сүруге болады? Ұлттың қадір-қасиетін жоғалтпау» деген мәңгілік сұрағына жауап беріп тұрған жоқ па.


Осы тұрғыда алдымен «интеллект», «интеллектуалды капитал», «интеллектуалды ұлт» ұғымдарының мән-мағынасын қазақ билерінің, шешендерінің, әл-Фарабидің, Абайдың, Шәкәрімнің, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың ұрпақ тәрбиесіне қатысты еңбектеріне сүйене отырып, «толық адам», «сегіз қырлы, бір сырлы» түсініктерімен салыстыра отырып ашылады да, оларды қауымдастықта қалай біріктіруге болатындығы көрсетіледі; білім беру жүйесін инновациялық дамыту, ақпараттық қоғамды дамыту, ұлттық тәрбие беру, ұлт денсаулығын күшейту интеллектуалды ұлт қалыптастыру факторы ретінде қарастырылады.

Интеллектуалды тұлға қалыптастырудың кезеңдері отбасы, мектепке дейінгі тәрбие, мектептік, кәсіптік және жоғары білім беру жолында деңгейленіп қарастырылғаны жөн. Көпсатылы білім берудегі сабақтастық тұлға қалыптасуының дұрыс бағдарын қамтамасыз етеді. Ғылымның, білім берудің және инновацияның тығыз байланысқан түрдегі жаһандану принципі негізінде жоғары біліктілік қамтамасыз етіледі.

Білім беру жүйесін модернизациялау арқылы қойылатын мүдде – жоғары профессионалды және интеллектуальды деңгейдегі тұлға дайындау. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде жаңа заман талаптарына сай білім жүйесі жасалынып жатыр. Оның негізінде отандық ең басты дәстүр – рухани және интеллектуалды күш-қуаты, азаматтық жауапкершілігі, қоғам игілігіне еңбек етуге деген талпынысы бар зиялы қауым, еліміздің белді азаматтарындайындау міндеті жатыр.

В статье рассмотрены инновационные возможности формирования интеллектуальной нации. Так же анализируются и раскрываются периоды формирования интеллектуальных способностей личности.

The article discusses the innovative features of the intellectual creation of the nation. The same analyses and elaborates on the periods of cognitive abilities of the individual.



*Педагогика ғылымдарының докторы,
ұстаз-ғалым, ақын, жазушы,
әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің профессоры
Әдібай Табылдиев*

Мінез болмысқа (текке), тұрмысқа, қоғамдық құрылысқа, кәсіпке, әлеуметтік жағдай-

ларға байланысты ыңғайға, бейімделуге, құбылуға сай болады.

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» дейді Абай дана (32-ші сөзінде). Тұрмысқа байланысты салмақта – күйгелек, қоғамдық құрылысқа байланысты кішіпейіл – тәккәпар, әлеуметтік жағдайға байланысты өзімшіл – көпшіл болып, мінездер қасиетті қалыптасады.

Мінездің түрі көп (біз зерттей келе, мінездің 50 түріне анықтама бердік). «Адам санасын тұрмыс билейді», тұрмысқа байланысты менмендік билеген адамда дөрекі мінез, қасіретті адамда ашуланшақ мінез пайда болады. Біздің тәуелсіз еліміздегі адамның мінезі – кішіпейіл, көпшіл болуға тиіс. Көбінесе, кәсіпке байланысты жеке бастың темпераменті сол кәсіптің ерекшелігіне сай бейімделеді. Дегенмен, тектік (генотиптік) мінез негізін жоймайды.

Мінездің жақсы болып қалыптасуы тәрбиеге, жеке тұлғаның ақыл–санасына байланысты. Адам мінезін көбінесе өзін-өзі тәрбиелеу арқылы «түзейді». Кейде темпераменттік ерекшелік «мінез түзеуге» кедергі болады. Сонда ақыл, сана, ой адамға қуат береді.

Мінезді түсіндіру, іс-әрекетте көрсету, мадақтау, жазалау арқылы тәрбиелеуге болады. Мінезді тәрбиелеу арқылы жақсарту міндетін әркім атқарып жүр. Жалықпаған еңбек нәтиже береді. Төменде біз ұлттық мінездердің тәлімдік мәнін ашып, көрсетеміз.

Ақкөңілділік мінез тәлімі

Адам баласына тек жақсылық ойлап, оған адамгершілікпен жақсылық жасауға бейім, ақжарқын, аялы нұр көрсететін **ұлттық мінезді ақкөңілділік мінез** дейміз.

Ақкөңілділік мінез өзара сыйласымнан, жайдары жарасымнан, ақниетті әрекеттерден, жақсылыққа құлтарлықтан, жанашырлық әрекеттерден айқын көрінеді.

Қазақ халқы «бір үйде қанша болсаң, бір-біріңе мейман боласың» деп өзара сыйласымды ақкөңілділікті талап етеді. Ақкөңіл адам, әсіресе, өз жақындарына деген ақжарқын

сүйіспеншілікті көрсетіп, ақкөңілділік мінез көрсетеді.

Ақкөңіл адам ақниетті әрекеттерімен ақкөңілділік мінезді шашады да, сүйіспеншілікке бөленеді, жақсылыққа құштарлығымен айналасындағы адамдарға адамгершілік қуат береді. «Өзінді-өзің жаттай сыйла, жат өзінен түңілсін» деп, ақкөңілділік мінездің сыйласымдық мәнін халық жоғары бағалайды.

Халық «ақкөңілдің аты арымайды, тоны тозбайды», «ақылды көңілі ақ болады, оған абырой мен бақ қонады» деп, бұл мінезден үлгіалуды уағыздайды. Ақкөңілді тұлғаларды насихаттап, олардың өнегесін жас ұрпаққа үйретуді мақсат тұтады. Халықтық тәлімде Қожанасырдың ақкөңілділігі, Жиреншенің ақниеттілігі жас ұрпаққа үлгі - өнеге ретінде пайдаланылады.

Жеке тұлғаның тұрмыс–тіршілігі, әлеуметтік ортадағы орны, ақыл–ойы, салт–санасы, көргенділігі оның ақкөңілділік мінезін қалыптастырып, ұлттық ұлағатты қасиетін толықтайды.

Қоғамдағы іштарлық, менмендік, тәккәпарлық мінездер ақкөңілділік мінездің шырқын бұзып, шын бойына батқанымен, ақкөңіл адам ол келеңсіз қасиеттермен үнемі күресуде болып, оларды жеңіп отырады. Ақкөңілділік мінездің асыл қасиеттерін ашып көрсетіп, ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, оны дәлелдеу, сезіндіру тәсілдерімен ұрпақтың бойына сіңіреміз.

Әдептілік мінез тәлімі

Әдептілікті, кісілікті, әдеппен сөйлеуді, әдеппен қимылдауды, имандылықты, ұлттық әдеп нышандарын көрсететін бұл **ұлттық мінез** жеке тұлғаның беделін арттырып, бейнесін бедерлейді.

«Әдептілік - әдемілік» деп халық әдептілікті уағыздайды. Баланың әдептілік мінезін қалыптастыру үшін халық оның тілі шыға бастағаннан-ақ «жаман» мен «жақсыны» ажырата көрсетіп, мінезіндегі әдептілікті үйретеді.

Әдептілік мінездің бір тірегі – кісілік. «Үлкенге - әдеп, кішіге - ізет» деп, халық

кісілікті жоғары бағалайды. «Ортадан да, кішіден де, ұлымын деп көрсетпеген қысымын» деп, Мұқағали ақын кісіліктің (кішіліктің) ұлттық (рулық) мәнін ашып айтады. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп халық кісілік адам мінезіндегі құнды құбылыс екенін уағыздап, жастарды да үлкендерді де кісілікке тәрбиелейді.

«Көп сөйлеп, созбайын, әдептен озбайын» деп Абай ақын әдеппен (қысқа-нұсқа) сөйлеудің өзі әдептілік екенін тіктеп айтады. «Қоқсықтарды мың жылдық Қопсытады мыңжылдық» деп, біз мыңжылдық құбылыс әдептілікті бұзатынына мысал келтірдік. Әдеппен сөйлеу, артық сөз айтпау, дөрекі сөдерді айтпау, қысқа да нұсқа сөз айту - әдептіліктің белгісі.

Әдептілік мінез әдепті іс – қимылда, бет – қимылдан да айқын көрінеді. Үлкен – кіші алдындағы ізетті қимыл - әрекет жеке тұлғаның әдептілігін көрсетеді.

Имандылық - әдептіліктің жарқын көрінісі. Иманды адам әдеппен сөйлеп, әдепті қимылдап, адам баласына тек жақсылық жасайды.

Ұлттық әдеп – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық құндылығы. Сондықтан біз қазақ халқын (жалпы алғанда) әдепті халық дейміз. Әдептілік мінездің үлгілерін әсерлеп көрсетіп, ұрпақты әдептілікке баулимыз.

Байсалдылық мінез тәлімі

Асықпауды, аңғарымпаздықты, ақылға сенуді, сабырлы әрекетті, түбін ойлауды көрсететін **бұл ұлттық мінез** жеке тұлғаның беделін биіктетеді.

«Байсалды болса мінезің, бақыттысың сен өзің» деп, халық байсалды мінезді жоғары бағалайды. Асықпай сөйлеу, абайлап қимылдау, жылы шыраймен «салмақтылық» көрсету арқылы жеке тұлға өзінің байсалдылығын (ақылдылығын) көрсетеді. Сезімтал жастар мұндай мінезден үлгі алады.

Байсалды мінез аңғарымпаздықты көрсетеді. Байсалды мінезді тұлға әр нәрсенің «байыбына барып» сөйлейді, байыпты іс-

әрекет жасайды. Айналасының көңіліне көркемдік құятын байсалдылықты жұрт сүйсіне қабылдап, үлгі тұтады.

Байсалды мінезді адам ақылға сүйенеді, яғни өзінің ақылдылығын көрсетеді, айналасындағыларға үлгі болады. Қиын іс-әрекетті ақылдасып атқаруды әдетке айналдырған тұлға байсалды мінезі арқылы басқалардың бағдарын жөнге салып отырады.

Әрбір әрекетін сабырлықпен баптайтын байсалды мінезді адам өз мақсатына жетіп, тындырымды іс-әрекет жасайды.

Байсалды мінезді адам әрбір іс-әрекеттің түбін (нәтижесін, жеңісін, жемісін) ойлайды.

«Жеті рет ойлап, бір рет піш», «асықпаған арбамен қоян алады», «күшіңнің жеңгенін айтпа, ісіңнің өнгенін айт», «асыққан – сайтанның ісі» деп халық ұрпағын байсалдылыққа тәрбиелейді.

Байсалдылық мінез – қазақ халқының тектік қасиетін көрсетеді. «Аялдап, артын ойла, түңілмей, түбін ойла» деп қазақ халқы тарихи жеңістерге байсалдылықпен жетті. Байсалдылық қасиетті жастар өнеге тұтады.

Бауырмашылдық мінез тәлімі

Жеке тұлғаның мейірімділігінен, қайырымдылығынан, қамқорлығынан, сүйіспеншілігінен, ынтымақтығынан, мақтанышынан пайда болатын **бұл ұлттық мінез** оның адами асыл қасиетін көрсетіп, беделін арттырады.

Отбасындағы әрбір тұлға бір-біріне мейірімді болады. Ағайындардың бір-біріне көрсеткен мейір-шапағаты олардың адамгершілік абыройын арттырады. Мейірімді жандар жанұяға жарқын нұрын төгіп, бейіл-берекені арттырады. Ағаның ініге, қарындасқа деген, әпкенің ініге деген, сіңліге деген мейірімділігі күннің шуағындай әсер етіп, татулық татымын арттырып, бақыт бағына ендіреді.

Бауырмашыл адам қайырымды болады. Ол жақын адамдарға әрқашан көмек көрсетіп, қиындығын бөлісіп, шаттығын бірге көреді. Үлкеннің кішіге деген қайырымдылығы кішінің мейір-шапағатын арттырады.

Бауырмал адам үлкенге де, кішіге де, досқа да, жолдасқа да, жалпы адамзатқа қамқоршы болады. Ата-ананың балаға деген қамқорлығы, баланың ата-анаға деген қамқорлығы қазақ халқында ұлттық тәрбие арқылы қасиетті әрекет ретінде қалыптасқан.

Отбасының әрбір мүшесінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі «әкетайым», «анашым», «ағатайым», «әпкетайым», «айналайын», «алтыным», «күнім» деген сөздер арқылы әдіптілікпен әдемі сезіліп, бауырмашылдық мінезді қалыптастырады.

Жанұядағы ынтымақ бірлікті арттырып, жемісін беріп, әрбір бауырмашыл адамның мақтаныш сезімін қалыптастырады. «Ырыс түбі - ынтымақ» дейді халық. Бауырмашылдық мінез отбасы мүшелерінің ынтымағын арттырады.

«Адам - бауырың» деп, қазақ халқы бауырмашылдыққа үндейді. Әсерлі мысалдар мен тәлімді тәсілдер арқылы ұрпақты бауырмашылдыққа тәрбиелейміз.

Даналық мінез тәлімі

Данышпандықты, біліктілікті, көрегендікті, ақыл парасатын, кішіпейілділікті, ұлылықты көрсететін бұл қасиетті **ұлттық мінез** жеке тұлғаның беделін өсіріп, бейнесін көрсетіп, басқалардың байыбын шақырып тұрады.

Данышпандықпен өмір заңдылықтарын, философиялық ой түйіндерін дәлелдей баяндап, түбегейлі түйінді шешімдерін баян етіп, данышпан адам әлеуметке әл береді, адамға ақыл береді, кәрі – жасқа кәделі тәлім береді.

Даналық мінезді, көбінесе, жеке тұлғаның біліктілігі қалыптастырады. Дана тұлға «мен білемін» деп кеуде қақпайды, білетінін ұлағаттылықпен ұғындырады. Ол көп біледі, біле беруден жалықпайды, білгендерін айналасына әр түрлі тәсілдер арқылы үйрете біледі. «Білген адам білдім демес, білдім десе, білгені емес» деп, халық дана мінезді адамның қазақи қасиеттерін жоғары бағалап, өнеге тұтады.

Жеке тұлғаның көрегендігі оның даналық мінезінен айқын көрінеді. Өмір қисындарын

өрнектей баяндап, даналық шешім айтатын адамның ойы – терең, сөзі өткір.

Даналық мінезі қалыптасқан жеке тұлғаның ақыл-парасаты айналасына нұрын шашып тұрады. Оның сөзі қисынды, ойы терең, іс-әрекеті үлгілі болады.

«Ұлық болсаң, кішік бол» дейді халық. Даналық мінезді адам кішіпейілді болады. Кішіпейілділік пен ақыл парасаты даналық мінезді тұлғаның бейнесін сүйнішті сүйіспеншілікке бөлейді.

Даналық мінез жеке тұлғаның ұлылығын көрсетеді. Ұлы бейне әрі шешен, әрі көсем, әрі көреген, әрі нағыз адам болады. Ол ашуды да, қиындықты да, күресті де, тіресті де даналықпен жеңеді. Одан бәрі үлгі алады. Даналық мінездің сол қасиеттерін өнегелі мысалдар арқылы әсерлі жеткізіп, оны ұрпақтың бойына сіңіреміз.

Жомарттық мінез тәлімі

Мейрімді, қамқор, қайырымды, көпшіл, иманды, жанашыр, кеңпейілді адамның бұл **ұлттық мінезі** құттылығымен қуанытып, жұрттың рухани сезімін оятады.

Жомарт адам, әсіресе, отбасына, отанына мейірімді. Мейір шапағатымен айналасына арайлы таңдай әсер ететін бұл мінез – қазақ халқының жомарттығын көрсетеді.

Халқына халі мүшкілдерге, табиғатқа қайырымды жомарт адам, қолынан келгенінше тек жақсылық жасайды. «Ақ көңілдің аты азбайды, тоны тозбайды» деп, халық жомарт адамның ақкөңіл адамның мінезін жоғары бағалап, оны сыйлайды.

Ата-анаға, бала-шағаға, елге қамқоршы болып, жомарт адам «көмек көрсету» мақсатын орындайды. Қамқоршы болу міндетін орындау үшін, еңбек етіп «барым миятым-арым ұятым» деп, ар-ұяттылық өнегесін көрсетеді.

Жомарт адам, адам талғамайды, барлық адамды бірдей көреді. «Адамды – құдіретте әманда, құрметте» деп, көңілі барлық адамды құрметтеуге көңілі жарқын, құшағы ашық болады.

Жомарттық, имандылық ұштасып, жеке тұлғаның ашық-жарқын бейнесін паш етеді.

Имандылық, инабаттылық, ізеттілік жомарт адамның бейнесін көрсетіп, беделін арттырады.

Жаны жайсаң, жанашыр жомарт адам, адамға, айналаға, табиғатқа жанашырлық жасап, игілік істерімен басқаларға үлгі-өнеге көрсетеді, сүйіспеншілікке бөленеді.

Кеңпейілді, жомарт адамда ешқандай қызғаныш болмайды. Адалжүректі, ақпейіл адамның елге де ерге де пайдасы мол болып, халықты ризашылыққа бөлейді. «Жомарт жоқ демейді, бергенін көп демейді» «жоқ жомарттың қолын байлайды», «жомарттың қолы береке» деп, халық құтты мінезді құрмет тұтады. «Атымдай жомарт» деген аңыз арқылы халық жомарт мінезді жастардың ұлттық қасиетінің бірі – жомарттық деп көрсетіп, ұрпағын жомарттыққа үйреткен. Ұлттық тәрбиеде біз халықтың сол дәстүрін жалғастырамыз.

Зиялылық мінез тәлімі

Әдептілікті, біліктілікті, қайырымдылықты, ұлтжандықты, ұлағаттықты, мәдениеттілікті білдіретін бұл **ұлттық мінез** көбінесе зиялы қауымда болады.

Ұлттық тілде сөйлеген сөзі де, іс-қимылы да, жүріс-тұрысы да, қарым-қатынасы да әдептілікті көрсетеді. Зиялы адамдар ұлттық әдепті бойына сіңірген «әдемі адам».

Зиялылық біліктіліктен пайда болады. Ол білгенін басқаларға үйретуден жалықпайды. «Білген адам білдім демес, білдім десе білгені емес» деп, халық зиялы қауымның үнемі білгенін дамытып отыратын, үлгі-өнегесін уағыздайды.

Зиялы тұлға қайырымды, мейірімді болады. Ол басқаларға барынша жақсылық жасауға тырысады. «Басшы болса зиялы, елге нұрын құяды» деп, халық зиялы тұлғаның мәртебесін уағыздайды.

Ұлағатты іс-әрекет жасап, ұрпаққа үлгі-өнеге көрсететін зиялы тұлғаны «елдің ері - зиялы, ел үшін жанын қияды» деп, халық құрметтейді.

Зиялы адам – ұйымшыл. Ол ұжымдағы барлық әрекетке басшы болып, ұйымдастыра

біледі. Ұжымының бір мүшесі ретінде әрбір істі жауапкершілікпен орындайды.

Зиялы адам - мәдениетті. Ол ұлттық мәдениетпен өнерді жақсы біледі. Мінез мәдениеті, сөз, тұрмыс мәдениеті бойынша, ол басқаларға үлгі көрсетеді.

Зиялылық мінезді тәрбиеде үлгі-өнеге ретінде көрсете біліп, жас ұрпақты зиялылыққа баулимыз.

Имандылық мінез тәлімі

Инабаттылық, ізеттілік, әдептілікті, мейірімділікті, тазалықты, діндарлықты көрсететін бұл ұлттық мінез қазақ халқының ұлттық психологиясына тән құбылыс. Иман арабша «сенім» адам арына, Аллаға сенім.

Иманды адам – инабатты адам. Ол басқа адамның қасиетін қадірлейді, арын ардақтайды, адам баласына тек жақсылық жасауға иманды адамнан басқалар байыппен қарап үлгі-өнеге алады. «Иманы бардың – сыйламы бар» деп, халық иманды адамды сыйлау құрметін жоғары бағалайды.

«Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деп, халық имандылық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етіп көрсетеді. «Кішілігім сыйланым, кісілігім иманым» деп, ақын кісілік үлгісі арқылы ұрпағын ұлылыққа тәрбиелейді. Имандылық – адамгершіліктің арлы бейнесі.

Имандылық әдептілікті көрсетеді. Ұлттық әдептілікті сақтаған иманды тұлға әдеппен сөйлейді, әдепті сақтайды, ұлттық мәдениетті құлшына құрметтеп, өзінің мәдениеттілігін, әдептілігін көрсетеді.

Жан мен тән тазалығын, ой тазалығын сақтай білген адам өзгелерге өнеге көрсетіп, сыйлау, қадірлеу, қастерлеу, жанашырлық жасау әрекеттерімен сүйіспеншілікке бөленеді.

Иманды адамның жаны таза, тәні таза, бойы таза, пиғылы таза болады. Тазалықпен тақуалықтың арқасында, денсаулығы мықты, жансаулығы құтты болады. Діни қағидалардың тәрбиелік мәніне зер салып, оны тәлім-тәрбиеге қолдана білетін, адамдық асыл қасиетті тұлға, басқаларды да бақытты болуға баурайды. Біз ұлттық тәрбиеде иман-

дылықты жастардың бойына сіңіру тәсілдерін қолданамыз.

Кісілік мінез тәлімі

Инабаттылықты, имандылықты, әдептілікті, ізеттілікті, салауаттылықты, сабырлықты, қайырымдылықты көрсететін бұл (қазақи) **ұлттық мінез** ел қуантады.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсететін адамды қадірлейді. Кісі болып, кәмелеттеніп, ұлттық сыйласымды бойына сіңіріп, инабаттылық көрсеткен адам – нағыз қазақ.

Кісілік имандылыққа да байланысты. Иманды адам адам баласына, табиғатқа, жан-жануаларға тек жақсылық тілейді. Көпшіліктің көңілін қалдырмай «кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» деп, халық кісілікке тәрбиелейді.

Ұлттық әдепті бойына сіңірген «кісі» әдепті (мәдениетті) жоғары бағалайды, өрендерді әдептілікке баулиды. «Әдептілік - әдептен, әдеп біліп әдеттен» дейді ақын.

«Кісімсіген кісі болмас, кішірейген кіші болмас» деп, халқы кісілік мінезді адамның кішіпейілді болатынын үлгі-өнеге етіп көрсетеді, «ұлық болсаң, кішік бол» дейді.

«Кісі болған» адам салауатты болады. Ол кішіліктен темекі тартудан аулақ болып, жан тазалығын, тән тазалығын сақтайды, артық сөз сөйлемейді, іс-тәртібін қалыптастырып, оны бұлжытпай орындайды. Сөз мәдениетін, жүріс-тұрыс мәдениетін сақтайды.

Кәмелетті кісі «Сабыр! Сабыр! Сабыр!» деген қағиданы өзінің кісілігіне кір келтірмейтін әдет-ғұрыптарды қатал орындайды, беріктігі мен бектігін көрсетеді.

Қазақи мінез дәріптеліп, үлгі-өнеге ретінде тәрбие жұмыстарында парықтап пайдаланылады, өздігінен «салыстыру» тәсілі тәрбиеде қолданылады.

Кішіпейілділік мінез тәлімі

Мейірімділікті, сый-құрметті, қайырымдылықты, әдептілікті, инабаттылықты, ізеттілікті, мәдениеттілікті көрсететін бұл ұлт-

тық (қазақи) мінез - адами игі қасиеттерді айқын көрсетеді, адамды сүйіндіреді.

Кішіпейілді адам мейірімді болады, ол басқа адамдарға мейір-шапағатын төгіп, олардың жақсылығына қуанып, «ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы берік ұстанады.

Кішіпейіл адам кішіні сыйлайды, үлкенді құрметтейді. Ол «үлкендігін», «мансабын» бұлдырламайды, жаны жарқын, сөзі жылы, жайдары бейнесімен жұртты сүйіндіріп, көңілін көтереді.

Жанашыр, қайырымды іс-әрекеттермен кішіпейілді, ол адам адалдығын ардақтап, қадірлеп, қамқорлық жасайды. «Жақынды жаттай сыйла, жат өзінен түңілсін» деп, халық кішіпейілділік мінездің қадір-қасиетін уағыздайды.

Әдептілігімен әсер ететін кішіпейілді адамның ұлттық ұлағатты бейнесін басқалар сыйлап, құрметтейді. «Кішілікте - кісілік» деп, халық нағыз кісі кішіпейілді болатынын үлгі етеді.

Үлкенге де, кішіге де инабаттылық көрсететін адам өзінің кішіпейілдігі мен адамгершілік қасиетін көрсетіп, қадірлі болады.

Ізеттілік іс-әрекеті арқылы кішіпейіл адам көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленеді, ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп, әдептілік әсер қалдырады.

Кішіпейілді адам – мәдениетті тұлға. Оның сөзінен, киінуінен, тазалығынан, жүріс-тұрысынан мәдениеттің мәні айқын көрініп тұрады.

Кішіпейілді мінезді ұяндықпен, ұялшақтықпен шатастыруға болмайды. Кішіпейілді мінез жасанды болмайды, жан дүниенің жарқындығын көрсетіп тұратын бұл мінезді халық үлгі-өнеге тұтады. «Кішіпейілдіктен кішіреимейсін» дейді халық. «Кісілік кішіліктен танылады» деген халық қағидаларын ұлттық тәрбиеде қолдану арқылы біз ұлттық тұлғаның кішіпейілділігін қалыптастырамыз.

Қайсарлық мінез тәлімі

Әдептілікті, батылдықты, қайсарлықты, қаһарлықты, қажырлықты, өткірлікті көрсе-

тетін көрікті мінез азаматтың шылжандығын айқындайды.

Қайсар жан шындық үшін жанын қиятын әділетті болады. «Қорғай білсең шындықты, сонда сенің шын мықты» деп, халық шындықты қорғай білетін тұлғаны жақсы көреді.

Қайсарлықтың белгісі – батылдық. Батыл адам қиындықтан қымсынбайды, жақсыны жасқанбай бағалайды. «Қайсар жігіт айтпайды», - айтқанынан қайтпайды деп, халық қайсар адамның сөзі – берік, бірсөзді, табанды болатынын өнеге тұтады, мадақтайды, мақтайды.

Қайсар адамның қаһарынан сескенген жеңілтек адам, оның айтқан шындығына бас иіп, әділдігін құрмет тұтады. «Қайсарлықтан қаһармандық сезіледі» де, қайсар адам батылдығымен «басып», батырлығымен жеңеді.

Қайсар адам қажырлы болады, ол қандай қиындық болса да, «қиып түседі». Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, айтқанын атқарады, дегеніне жетеді, әрбір істің қалпын біліп, оны қажырлықпен орындайды. «Әр істің қалпын біл, арыстың салтын біл» дейді халық. Мұны қайсар адам өнеге тұтады.

Сөз өткірлігімен, өзінің өжеттілігімен жеңіске жететін қайсар адамды халық қадірлейді, ұрпақ ұлағаттайды. «Жігіт болсаң, шоқ бол, шоқ болмасаң, жоқ бол» деген халық қағидасын бойына сіңірген қайсар тұлға мінезімен де, жүріс-тұрысымен де, біліктілігімен де ерекше «көзге түсіп» көпті қуантады.

Қайсарлықты дөрекелікпен шатастыруға болмайды. Қайсар адам әдептілігімен сыйланады, әділеттілігімен құрметтеледі. «Бас кеспек бар болса да, тіл кеспек жоқ» деп, қайсар адам әділ айтады, әдепті сөйлейді. Оны үлкен-кіші ізеттілікпен құрметтеп, үлгі алады. Қайсарлық мінездің қажырлы қасиеттерін мысалдар арқылы дәлелдеп, жастарды қайсарлыққа тәрбиелейміз.

Қонақжайлылық мінез тәлімі

Әдептіліктен, қайырымдылықтан, мейірімділіктен, жомарттықтан, кішіпейілдіктен,

жанашырлықтан, ұлтжандылықтан пайда болатын **ұлттық мінез** адамгершіліктің асқақ бейнесін көрсетіп, адамды сүйсіндіреді.

Қазақ халқы әдептілікті уағыздайды, әрбір қазақ әдеп сақтап, қонақжайлылық рәсімдерін орындайды. «Қонақ келсе, қол етін кесіп беретін» қазақ бейхабар қонақ үшін де «сыбағасын» сақтап, оны күтіп алуға дайын болған.

Қонақжайлылық мінездің негізі – қайырымдылық. «Бір күн қонған, қонақ-құт» деп, қазақ қонақты құп алып, оған қайырымдылық рәсімдерін жасайды.

Қонақжайлы адам – мейірімді. Ол үлкен қонағын құрметтейді, кіші қонағына ізеттілік көрсетеді. Әрбір қонаққа лайықты әдет-ғұрыптарды орындап, қазақы қадірлі шарапат көрсетеді.

«Құтты қонақ келсе қой егіз табады» деп, халық әрбір қонаққа қонақ иесі жомарттық жасауы – міндет екенін уағыздайды. «Жоқ жомарттың қолын байлайды» ол бар нәрсені қонақ күтуге лайықты пайдалану дәстүрге айналған.

«Үйің тар болса да, пейілің кең болсын» деп, қонақжай адамның жүзі жарқын, әзілі әдемі, сөзі қисынды болады. Қонақжайлылық – адамгершілік қасиет. Адамгершілігі мол адам қонағына адами қасиеттерді көрсете біледі.

Қонақжайлы адам – жанашыр, ол қонағының жоқ-жітігіне, сұранысына, өтінішіне жанашырлықпен жауап беріп, жайдары жанашырлық көрсетеді.

Қонақ күту рәсімдері, әсіресе қазақ халқында қасиетті әрекет ретінде қалыптасқан, бұл бұлттылық дәстүрі ретінде басқа ұлттарға үлгі болады. Қонақжайлылық әрбір қазаққа тән қасиет.

Меймандостық мінез тәлімі

Мейірімділікті, әдептілікті, ізеттілікті, имандықты, жомарттықты көрсететін бұл **ұлттық мінез**, қазақ халқының меймандостығын көрсетеді.

Мейірімді қазақ жақсы адамдарды, жақындарын арнайы түрде меймандыққа ша-

қырып, сыбағасын береді, салт-дәстүрлік кәделерін жасайды. «Атың болса, жер таны желіп жүріп, асың болса, ер таны беріп жүріп» деп халық меймандостықты мейірімділік межеде жоғары бағалайды.

Әдепке арналған әдет-ғұрып бойынша, ауылдастарын, ағайындарын, сыйлы адамдарды мейман ету тек ас беру ғана емес, сырласу, кеңесу, өнер көрсету, білім сайысу, ғибадат ету, жақсылықпен бақыт қуанышын бөлісу т.б. ниеттермен өтеді. «Таспен атқанды аспен ат» деп, қазақ қастасқанмен достасуды уағыздайды.

Мейманды адам – ізетті болады. Ол кісі күтудің жолын біліп, рәсімдерін орындайды. Мейманды күтіп алу, ас тарту, көңілін бөлу, ойын дамыту т.б. әрекеттер ізеттілікпен орындалады.

Инабаттылық, имандылықпен ұштасып, мейманды тұлғаның мейір-шапағатының өзі үлкен тәлім-тәрбиелік әсер етеді.

Мейманды адам жомарттықпен, кең пейілділікпен, берекелі әрекетімен беделін нықтайды. Тектілік пен кең пейілділік меймандос, мейірлі адамның қазақи қасиетімен мінсіз мінезімен тәнті етеді. Біз ұлттық тәрбиеде ұрпақты соған үйретеміз.

Момындық мінез тәлімі

Момындық - ілтипаттылықты, ыждағаттылықты, имандылықты, инабаттылықты, ықыластылықты білдіретін биязы мінез.

Момын мінезді үлкен-кішіге ілтипат көрсететін, назар аударып, көмек көрсетіп, сыйсияпат білдіріп, адами асыл қасиетімен сүйіспеншілік нұрын төгеді.

Момындық ыждағаттылықпен өріліп, ол тұлға әрнәрсеге көңіл бөліп, ешкім айтпаса да, іс-әрекетін ұқыптылықпен орындайды.

Момын адам әдепті, иманды болады. Әр нәрседе әдептілік сақтап, имандылық шарттарын көрсете білу - адамгершілік қасиет. «Момын болсаң момын бол - ынжық болма» дейді қазақ. Имандылық – ынжықтық емес.

Үлкенге жалпы адам баласына инабаттылық көрсетіп, адамгершілік қасиеттерімен көріне білген адам мұсылман. «Момынның

ісін құдай оңдайды» дейді қазақ. Өйткені момынның ісі әділетті болады.

Момын адамның, ымыралы қасиеті болады, бірақ теріс нәрсеге ымырашыл болмайды, шындықтан аумайды.

Момын адам әрнәрсеге назар аударып, өз жұмысына берік болып, мақсатына жетеді. Момынмен ынжық екі басқа. Момындық - ақылды, ынжықтықтың ақыл парасаты болмайды.

Момын адам өз ісіне ықтиятты, «тындырымпаз» тиянақты болады. «Момын ісін ойлайды, бұзық күшін сыйлайды» дейді халық.

Алтынмен апталып, пайыммен пайда болатын момындық мінезді халық үлгі-өнеге тұтады. «Момын болсаң жолың болады» дейді халық, момындық мінез үлгі «Үндемегеннен үйдей бәледен құтылады». Ұлттық тәрбиеде біз момындықтық әдептілікпен сабақтастығын дәлелдеп, ұрпақты қарапайымдылыққа үйретеміз.

Мұсылмандық мінез тәлімі

Жайсаңжандылық, ар-имандылық, шыншылдық, әділеттілік, мойындық, қайырымдылық, мейірімділікті көрсететін мұсылмандық мінез – діни қағидаларды орындау нәтижесінде қалыптасқан қасиетті мінез.

«Барлық істе турашыл болып, адамдармен сыпайы қатынас жасаңдар» деген қағида бойынша мұсылман адам жайсаңжандылықпен қарым-қатынаста өзінің сыпайылығын, әдептілігін көрсетеді.

Қазақ халқы арлылық пен имандылықты жоғары бағалайды. «Арым-жанымның садағасы» деген халық, арлы болудың өзін имандылыққа уағыздап «алтынды көрсе, шайтанды жолдан таяды» дейді.

Мұсылман адам өтірік айтпайды. «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді», «өтірік айтқан адам – мұсылман емес» деген қағида шыншылдықтың шынайы мәнін көрсетеді. Шыншылдық – имандылықтың бір белгісі.

Әрбір істе, әрекетте, пікір айтуда, бағыт беруде, төрелікте әділетті болу – мұсылмандық белгі. Әділетсіздік, әдепсіздік, әулекілік – мұсылмандыққа жат.

Қайырлы, сауапты істер адамды түрлі-түрлі бәлелерден сақтайды – деген қағида қайырымдылыққа тәрбиелейді. Мұсылман – қайырымды жан.

«Әуелі анаңа, тағыда анаңа, тағыда анаңа, содан соң Отаныңа жақсылық жаса» деген қапида мейірімділікке тәрбие қосады.

Мұсылмандық мінез – жас ұрпаққа үлгі-өнеге көрсететін қасиетті мінез. Оның тәрбиелік мәнін пайымдап, пайдалану қажет.

Парасаттылық мінез тәлімі

Сабырлылық, ақыл-парасатты, ілтипаттылық, инабаттылық, әдептілік, пайымдылық, мейір-шапағаты жеке тұлғаның парасаттылық мінезін паш етеді.

Сабырлық, шыдамдылық, төзімділік адамның адами қасиетін қалыптастырып, парасатты бейненің кейпін кемелдендіреді. Жақсылыққа да жамандыққа да шыдау ақылға байланысты.

Ақыл-парасаты бар адам ашуланбайды, алуан түрлі қайшылықтарды ақылға жеңдіреді. Парасаттылық – ақылдың жеңісі «Ашу аптығады, ақыл аяңдайды» деп, халық ақыл-парасатты жоғары бағалайды.

Парасатты адам басқа адамдарға ілтипаттылық көрсетіп, олардың ақылына ақыл қосады. Кішіпейілділік қасиеттерін сабырмен, салауаттылықпен көрсету парасаттылық белгісі.

Парасатты адам инабатты, кішіпейіл болады. Ол жалмандап, жағымпаздамбай, басқаға инабаттылықпен сый-сияпат көрсетеді. Инабаттылық – имандылық белгісі.

«Әдептілік, әдемілік» дейді халық. Сабырлы, салмақты, инабатты адамның әдептілігі оның беделін арттырады. Әдеп – парасаттылықтың алтын арқауы, адами қасиеттің нұры.

Парасатты адам пайымды болады. Ол сезімтал, әрнәрсенің парқын білетін тұлға. Жан-жақты пайымы жоқ адам «парасатты» болмайды.

Парасатты адам айналасындағыларды, мейірім шапағатымен баурап алады. Ол жақсы көргенін өбектемейді, «өзім» деп, «өзгеше» қызмет жасайды.

Мейірім-шапағаты мол парасатты адам жанбiткендi жақсы көрiп, жадырап, қатынас жасайды, тек жақсылық ойлайды, жаһанамға жақсылық жасайды.

«Жақсыдан парасат, жаманнан кесепат», «парасатты мінез, патшадайын бiр өзi» деп халық, парасатты мінездi адамнан үлгi-өнеге алуды уағыздайды. Бiз ұрпаққа ұлттық парасаттылық мінездiң қабылдауды үйретемiз.

Сабырлылық мінез тәлімі

Ақыл тоқтату, шыдамдылық, төзімділік, салмақтылық, байыптылық, кешірімпаздық, кемелділік нысандарын көрсететін сабырлық жеке тұлғаның беделдігі.

Сабырлы адам қуанышта, қайғыда «ақыл тоқтап жақсылықта тасымайды, жамандықта жасымайды». Сабырсыз, арсыз адам одан соққы көріп, сабыр сақтамаудың сазайын тартады.

Қиындықта, қысылтаяндыққа шыдамдылық көрсету, сабыр сақтаудың нәтижесі. Қилы заманның қиындықтарына шыдай біліп, сабыр мен ақыл ұстанған мақсатына жетеді.

Төзімділік шыдамдылықтан пайда болады. Сабыр адам «бәріне де төзеді». Аштыққа арымай, тоқтыққа толмай, төзімділік жасаған адам ақылдың айбарымен адамдығын сақтайды.

Жеңілтек болмай, салмақтылық көрсету - жеке тұлғаның жетелік қасиетін көрсетеді. Салмақтылық сабыр сақтаудың салтанатты көрінісі. «Сары алтындай салмақты болу».

Сабырлы адам әрбір әрекетті байсалдылықпен бастайды. Байсалды басталған іс баянды болады. Байыптылық пен байсалдылық іс-әрекеттің өнімділігіне себепші болады. «Күшіңе сенбе, ісіңе сен» дейді қазақ. Байсалдының күші басым болады.

Кемелді адам кешірімді болады. Кешірімді болу үшін, сабыр сақтап, әрнәрсенің байыбына бару керек болады. Кешіргіш адам кек сақтамайды. Кеңес беріп, кешірім жасау сабырлықтың, саналы ұлттың белгісі болып табылады.

«Сабыр түбі-сары алтын, сақтасаң жетерсің мұратқа» деп қазақ халқы ұрпағын са-

бырлыққа тәрбиелейді. «Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз сорлы қазақ сол үшін алтыбақан, ала ауыз», - деп Абай сабырсыз болмауды уағыздайды.

Сабырлылық – байып пен байсалдылық арқылы қалыптасқан өнегей мінез. Біз жастарды сол мінезден үлгі алу жолдарын үйретеміз.

Салауаттылық мінез тәлімі

Жекетұлғаның тазалығын, тақуалылығын, адалдығын, денсаулығын, жансаулығын, саналығын, сергектігін көрсететін **ұлттық мінез** - ерге өнеге.

Жан тазалығы, тән тазалығы, сөз тазалығы, ой тазалығы тұлғаның салауаттылық өлшем болып табылады. Жаны жайсаң, тәні таза, ана тілінде таза сөйлейтін, жамандық ойламайтын, жақсы ниетті адамды салауатты адам дейміз.

Өз тілін, өз ділін, дінін құрметтемейтін тақуа адам нағыз адам. Тілдің құдыретін бағалап, адами қасиеттерін, ар-ожданын қалыптастыра білген тұлға - салауатты.

Салауатты адамның асы да адал, ниеті ақ, ақ жүректі, адампейілді адам жақсылық жасайды, жақсылық ойлайды. «Ердің саналығы - салауаттылығында».

Салауатты адам денсаулығын сақтай біледі.

«Әр істің қалпын біл, арыстың салтын біл» деген қағиданы берік ұстанып, салауатты адам тіршілік салтын, күнделікті іс тәртібін қалыптастырып, оны дәстүрге айналдырып, өмір жүйесін өрнектеп өткізеді.

Саналы адам рухани құндылықтарды жансүйе қабылдап, жан тазалығын күтіп, ой кеселдерінен аман болады. «Ердің саналығы - салауаттылығында», «Бар салауат, жоққа - саламат» деп халық салауаттылықтың бір құндылығын - қанағат екенін өсиеттейді.

Салт-сананы игеріп саналы тұлға болған адам салауаттылық қасиеттерін бойына сіңіріп, ойына дарытады.

Салауатты адам сергек болады. Ол әрқашанда ішкіліктен, темекі тартудан, артық сөз айтудан, дөрекі сөйлеуден аулақ болып,

өзгелерге өнеге көрсетеді.

Біз ұлттық тәрбиеде салауаттылық мінезді жастарға өнеге тұтып, оларды салауаттылыққа тәрбиелейміз.

Ұлтжандылық мінез тәлімі

Ұлттық намыс, ұлттық сана, ұлттық әдеп, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық болмыс, ұлттық қағида арқылы пайда болған ұлтжандылық мінез қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қасиетті **ұлттық мінезі**.

«Атаңның ұлы бол, халқыңның құлы бол» деп қазақ халқы ұрпағын отансүйгіштікке тәрбиелейді. Ұлы күрестерде, қилы-қилы замандарда қалыптасқан ұлттық намыс ұрпақты ерлікке, бірлікке тәрбиелейді. Қазақ ұлты қан төкпеген, қанішерлерді ерлікпен жеңіп, ұланғайыр жерін, ержүрек елін қорғап қалған.

Қазақ ұлтының ұлттық санасы адамзатты ардақтау, кісілік жасау: қайырымды, мейірімді болу, қонақжай, өнерпаз болу, ізетті, инабатты болу қағидаларын санаға сіңіру арқылы қалыптасқан. Сананы сансырату салдары болғанмен, қанға сіңіп, қалыптасқан ұлттық сана елдің ертеңінен көрінеді.

Қазақ халқы ұлттық әдепті бойына сіңіріп өскен ұрпақты ұлағаттайды, әдептілік мінез қалыптасқан ұлттық әдептіліктің үлгілерін көрсетеді. Әдепті халық ұлттық әдепті қастерлей біледі, адамгершілікті ардақтайды.

«Адамға екі нәрсе тірек – тегі. Бірі – тіл, бірі – ділі жүректегі» деп ғұлама Жүсіп Баласағұн айтқандай, қазақтың ұлттық рухы оның ұлттық тілінен, ұлттық ұлағатты болмысынан көрінеді. Қазақ – рухы биік халық.

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері (әдет-ғұрып, әдеп, дәстүр, салт-сана, одан туындайтын жөн-жарғы, кәде, рәсім, ырым, тыйым, сенім, обал - сауап) қадымнан қалыптасқан ұлттық мәдени кредосы (негізі) болып табылады.

Ұлтжандылық мінез қазақ халқының ержүректік, қонақжайлылық, қайырымдылық, имандылық, әдептілік қалыптасқан.

Ұлтжандылық мінез әрбір қазақтың қажеттілігі, болмыстық құндылығы. Ол қасиетті жастардың бойына сіңіре білу керек.

Ұялшақтық мінездің тәлімі мен тәрбиесі

Ізеттіліктен, имандылықтан, әдептіліктен, арлылықтан, адамдықтан, сыйласымдықтан пайда болатын ұялшақтық мінез әдепті көрсетеді.

Ізеттілік – қазақ халқының қанына сіңген құбылыс. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізеттілік жасау - әрбір адамның ұлттық пәрмені. Оны жасай алмаған адам ұялады.

Ұялу – имандылықтың нышаны. Иман-ды адам жақсылық жасап, қайырымды, мейірімді болуға бейім болады. Адамдық асыл қасиеттерді толық орындай алмай тоғанған адам ұялады, мейірлене түседі.

Инабаттылықпен адам баласына тек жақсылық жасауға бейімделген адам сол игі ниетін орындауда «кемшілік жасап қойдым ба» деп ұялады, жақсылығы артады.

Ұялшақтық әдептіліктен пайда болады. «Зияты бардың ұяты бар» дейді қазақ. Әдеп сақтап, әдет-ғұрыптарды құрметтеп, ұлттық мәдениетті құндаған адам – ұлттық тұлға ретінде сол құндылықтарды игере алуға бейім.

«Арым, ұятым – барым миятым» деп, әрбір ұлттық тұлға адамдық арын биік қойып, ұлттық құндылықты толық игере алмағаны үшін ұялады, талпынады, шынығады.

Ұяттық сезім – адамдық қасиет. Әрбір адам өз кемшілігі үшін ұялады, абыройын «жабады». Сөз айтуға, киінуден, жүріс-тұрыста, мінезде өз кемшілігін сезген адам ұялады. Ол туралы «зияты бардың ұяты бар», «қазаннан қақпа» деп қазақ халқы ұяттылық туралы өнеге айтады.

Қазақ халқы үлкенді (әсіресе жастар), қонақты сыйлаудың мәніне зор көңіл бөледі. Сый-сияпат кезінде кемшілік болып қала ма деп ұялады.

Ұялшақтың ынжықтық емес (ол туралы айтамыз), ол - әдептіліктің бір белгісі. Одан (таңдап) алу тәсілін ұрпаққа үйретіп, оларды ізеттілікке үйретеміз.

Резюме

Автор статьи поднимает проблемы национального воспитания. В данной статье отражены основные черты национального характера и поведения, которые имеют воспитательные значения для молодежи независимого Казахстана.

Summary

The author raises issues of national education. This article reflects the main features of national character and behavior that have educational value for young independent Kazakhstan.



*Тәрбиелі – тәртіптің құлы,
Тәртіпті – елдің ұлы.*

Б.Момышұлы

§4 ПЕДАГОГИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯНЫҢ БІРІНШІ НЕГІЗІНІҢ ЭТНОПЕДГОГИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Медицина және Педагогика
ғылымдарының докторы, профессор,
жазушы-дәрігер, фантаст,
Махамбет сыйлығының лауреаты
С.Ғаббасов

«Жеті атасын білген ұл - жеті ру елдің
қамын ойлайды»
Мақал.

Адам тәрбиесінде— оның ішкі жан-дүниесінің тәлімін жетілдіру үшін **түйсік пен сезімді** пайдалану тәсілдері қандай қажет болса, сол сияқты сыртқы тән-құрылысының дұрыс қызымет етуіне де **этнографиялық заттардың, яғни ұлттық тағам - ұлттық киім тұрмыстық заттарды**-пайдалану тәсілдері де сондай керек. Былайша айтқанда, Ж а н мен Т ә н д і қоректендіретін тәрбие тәсілдері мен іс-әрекеттердің әдістері, адамның **екі түрлі жүйесінің/жан-дүниесі мен тән-құрылысының/ тәрбиесіне** деауадай қажеттілік деп түсінген жөн. Сондықтан да, бірден сырт құбылыстарды аңғартатын **-этнографиялық салт-дәстүрлер де, - Халық педагогикасы мен психологиясының - әрбір негіздерінің ішіндегі сипаттары екенін**, қазіргі кезде дұрыс мәнінде түсіне алмай жүрген жағдайлар бар. Егер ашып айтар болсақ, биосфераны түсіну үшін биохимия пәнін пайдаланатынымыз сияқты, **-халық педагогикасы мен этнопедагогиканы да** -тек синтездік ұғымда қолдансақ қана, ұрпақ тәрбиесінің құпияларын ашар ересен мол қуаты бар, тәрбие тәсілдеріне ие болмақпыз. Сөйтіп, Халық педагогикасы мен психологиясы адамның жан-дүниесін тәрбиелейтін болса, ал этнопедагогика—оның тән-құрылысының дұрыс жетілу тәлімдерін қарастырады. Олай болса, **«Халық педагогикасы мен психологиясының 1-ші негізі, немесе Семья құруға дайындық және Ұрық тазалығы»** - деп аталынатын кезе

ңінің этнопедагогикалық сипаттарына жататын: **Құда түсу – Ұрын бару – Қыз Ұзату – Сыңсу – Жұбату – Үйлену тойы – Шашу – Жар-жар – Бет ашар**— деп айтылатын дәстүр-салттарымыздың сыры мен қырына терең бойлап, ішкі қасиеттерін ашу арқылы тек бірінші кезеңнің этнопедагогикалық сипаттарын айқындамақпыз. Бұл халықтық дәстүр-салттарымыздың өмірдегі нағыз көріністерін байқатады. Мінеки, дәл осы әрекеттердің үстінде, **халқымыздың тәлім тәрбиесінің мәні оның мінез-құлықтары мен ішкі психологиялықкөріністері**, бүкіл болмысымен жан-жақты ашылатыны белгілі. Ендеше, жоғарыда аталған этнографиялық салт-дәстүрлерге жеке-жеке тоқталып көрелік.

а) ҚҰДА ТҮСУ

Қазақ халқының құда түсу салты, тікелей **Ата дәстүрінің** негізін қалыптастыратын **«жеті атаға дейін қыз алыспау»** ережелерінің тәртіптерін сақтайды. Оның үстіне өздері өмір сүрген тұрмыс-тіршіліктерінің ерекшеліктері мен адамдық болымыстарына /діліне/ лайық **–Құда түсудің үш түрлі жолдарын пайдаланған**. Оларды былай атаған:

1. БЕЛ ҚҰДА

2. БЕСІК ҚҰДА

3. ҚЫЗ АЙТТЫРУ - деп әрқайсысының өздеріне тән атаулары мен мән-мағаналарын берік ұстап қана қоймай, сонымен қоса тәр-

тібі мен тәлімінен де имандылық жолдарын қарастыруға тырысқан. Бұл дәстүрлер өз заманында адамдардың парасаттары мен жігер деңгейлерінің биік болғанын аңғартса керек. Көбіне дала перзенттері достасу кездерінде *ант үстінде*.

Бел құда. Айтылатын серттерінде, осы «бел құда» болуға уәделеседі.

Мұның басқа екі құдандалпсудан өзгешелігі де, сол ант үстінде айтылып, серт ретінде қабылданатындығы. Сондықтан да, оның астарында сан алуан сырлар мен құпиялар жатады. Оның өмірдегі көріністері де әртүрлі болмақ. Мұның мысалдары, қазақтың халық ауыз әдебиеттерінде көптеп кездеседі. Солардың бірі ретінде атақты лиро-эпосымыз *«Қозы көрпеш - Баян сұлуды»* айтсақта жетіп жатыр. Бұл жәдігерліктің басқа Түркі халықтарында жырланатын түрлерін айтпағанда, тек Қазақ арасында ғана 16 түрлі нұсқалары бар екені белгілі.

МЫСАЛЫ: Біздер ұсынғалы отырған «Қозы көрпеш Баян сұлу» жырының нұсқасы, кезінде *Шоқан ғұламаның* атақты Жанақ ақынның өз аузынан жазып алдым - дейтін т ү р і н д е айтылған: - «он сан Ормамбет елінде - *Қарабай мен Сарыбай* - дейтін екі бай болады. Қарабайдың тегі - түрікпен, Сарыбайдың тегі - ноғайлы. Қарабай мен Сарыбай неге екені белгісіз / ақынның жанынан қосқаны болу керек/ *Балталы-Бағаналы еліне /найман еліне/*, түп копарыла көшіп келеді. Балталы-Бағаналы елінің биі Тайлақ бұларға ерулік беріп, жақсы құрметпен қарсы алады. Бірақ, дүниеқор Қарабай найман елінің жасаған сый-құрметтеріне қарымта сыбағасын беруге жарамайды. Ал табиғатынан жомарт Сарыбай басқаны былай қойғанда, қойшы-қолаңның сыбағаларына дейін тоғыз-тоғыздан етіп, ерулік берген елге сый-сияпат жасайды. Балталы-Бағаналылықтар риза болып, Сарыбайды өз елінің қадірлі адамы етіп таниды.

Сарыбай мен Қарабай аң аулап жүріп, өзара уәделесіп *дос* болады. Төс қағыстырған достықтарының белгісі үшін екі б а й, үйдегі

екіқабат әйелдерінің ішіндегі балаларын атастырып, бір-біріне қосуға *а н т* айтысып бел құда болады. Қарабайдың үзіліп сұраған достық тілегі бойынша қиналса да буаз маралды атып, Сарыбай сол сәтте-ақ әйелі ұл туғанын естігеніменен, оны бір көруге үлгірмей қазаға ұшырайды. Содан Қарабай ауылына келісімен «жетім ұлға қызымды бермеймін» деп, сертінен айнып жөңкіле көшеді. *Бел құда болған* антын аяққа басады (М. Әуезов. 2 т. 372 б.).

Халқымыздың бай рухани қазыналарының бірі ғана болып саналатын «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының іші толған халық педагогикасының маржандары десек артық айтқанымыз емес. Оны оқулыққа қосымша материал ретінде пайдаланған жөн. Бұл тәрізді құдандаласудың да өз ерекшеліктері мен мақсаттары бар.

Бесік құда. Мұнда да адамдарды өзара туыстыққа жетелейтін, олардың бір-біріне деген достық сезімдері болып табылады. Бірақ, мұндағы достық екі семьяның арасында көп жылдарға созылып, уақытпен шындалған қимастық сезімдермен астасып жатады. Сондықтан да *«бесік құда»* болғандар көбінесе аса бір үлкен трагедияларға ұшырап немесе күлкілі жағдайларға тап бола бермейді екен. Себебі, ата-аналардың бір-біріне деген риясыз достық сезімдері мен үндескен сыйластықтары, екі шаңырақтың астындағы жандарды да шынайы қимас қатынастарға баулиды. Мұның да мысалдарын қазақтың бай фальклорындағы руханияттардан көптеп келтіруге болады.

Қыз айттырып құдандаласу. Құдандаласудың бұлтүрінде де сан-қилы ерекшеліктері мен толып жатқан мақсаттары тоғысып жатады. Өмірде аса жиі қолданылатындығымен де құнды.

Халқымыздың асыл мұрасындай неше ықылым замандардан өтіп біздерге жеткен, ұлдарына қалыңдықты ата-анасы таңдайтын салт бар. Содан кейін ержеткен ұл бойжеткен қызды көріп, ата-анасына өз пікірін білдірген. Пікірлері бір жерден шығып жатса, бірден құдандаласудың қамына кіріседі.

Осының өмірдегі көрінісі ретінде, жұртымыздың аса көне ертегілерінің бірі - **«Ертөстіктен»** - шағын үзінді келтіріп көрелік:

«Тоғыз ұлына бір шаңарақтың астынан қалыңдық алып беруді армандаған Ерназар, ел-елді кезіп ұзақ іздейді. Бірақ оның ойындағыдай тоғыз қыз бір шаңырақтың астынан табыла да қоймайды. Әйтседе, іздестіруін бір сәтке де тоқтатпаған Ерназар, тентіреп жүріп жаңа бір ауылға жетіп, еңселі биік ақ үйге келсе кірген үйдің керегесінде ілулі тұрған, сегіз сырғаны көріп еңреп жылап жібереді.

Сонда әлгі үйдің бәйбішесі:

- Неге жылайсыз ? - деп сұрайды.

Ерназар көзінің жасын сүртіп:

- Бәйбіше, ғафу етіңіз?! Бауырымда өсірген тоғыз ұлым бар еді. Бар арманым болшақ келіндерімді де, бір шаңарақтың астынан кездестірсем деп ел кезіп жүрмін. Анау ілулі тұрған сырғалардың сегіз-ақ екенін көріп, соған қайғырып жылап отырмын – дейді. Мынау естіген сөзіне елітіп, жайдары пейілмен нұрлана түскен бәйбіше:

- Ә-ә-ә, солай ма? Ендеше, жылама?! Сырғаның тағыда біреуі бар. Ол әне тұр, - деп төргі бақанда ілулі тұрған тоғызыншы сырғаны көрсетіп: - Бұл Кенжекейімнің сырғасы! Сегіз қызым бір төбе Кенжекейім бір төбе болғандықтан, әмәндә оның сырғасын бөлек ұстаймын, - деп сырғаны қайыра орнына апарып қойды.

Ерназар да мәз болып, қуана сөйлеп:

-Менің де сегіз ұлым бір төбе, Ертөстігім бір төбе еді. Кенжекейім мен Төстігім бастарын қоссын! - деген екен. Осылайша Ерназар іздегенін тауып, мәре-сәре болып еліне қайтыпты.

Туыскандықты ерекше қастерлейтін ежелгі жұртымыздың мұнда да, тек өздеріне ғана тән мәрттік мінез-құлықтары жатыр. Баласына жар таңдау тек ата-анаға ғана жауапкершілік жүктемейді, үйленетін жігіт пен қыздың өздеріне де үлкен сын. Осыған орай, жаңағы айтқан»Ер Төстікте» мынадай көріністер бар:

«Ата-анасы қыздарына жеке-жеке енші беріп, жасауларын көл-көсір етіп ұзатады.

Сонда, Кенжекей еншісіне риза болмай, әкесіне кісі жіберіп:

Әкем маған жылқыдан – Шалқұйрықты, жасаудан – Ақсырмалды, түйеден - Құбаінгенді берсін, - депті.

Мұны естіген әкесі қызына ренжіп:

Қызыма айта бар! Ерназардың байлығы оған жетеді. Шалқұйрықты сұратқаны несі? Шалқұйрық жылқымның құты еді ғой?! Ата құтына қызы ие болған, бар ма? Құбаінген түйемнің басы, оны сұрағаны несі? Ақсырмал сауыт- атадан қалған мұра еді - менің ұлымның жоқтығын білдіріп, әкесін ку бас дегені ме? Қызыма айтыңдар, маған бүйтіп жаулығын білдірмесін,- деп келген кісіні құр қол қайтарыпты.

Сонда, Кенжекей кісіні қайта салып:

- Шалқұйрықты сұратқаным - Ерге лайық ат еді, ер мінсе екен деп едім; - Құбаінгенді сұратқаным - Ер қосын артсын деп едім. Ақсырмалды сұратқаным - Ер Төстік ер еді, сол кесе екен деп едім; - **Ердің жөні - бүкіл халыққа ортақ**-елдігіміздің салты емес пе еді?

Сонда, әкесі қызының айтқандарын тебірене тыңдап :

- **Елдігін ойлаған қыздың - өзі де Ер!** - деп сұратқандарын түгелдей берген екен»...

Бұдан, қазақ халқы ақылы асқан ару қызынан ештемесін аямайтындығын көрсек, ер елдің игілігіне ғана қызымет ететініне сене білген. Осы тектес, тереңнен тамыр тартқан халық тағылымдары, қайыра жаңғырып өзінің орнына келсе, дәстүрімізге басқа жұрттар да қызығып сыйлайтын болады.

Осылайша жастар шаңырақ көтеріп, тұңғыш перзенттері дүниеге келісімен Қыз - төркініне, Күйеу - қайындай келіп, нағашы жұртына – жаңа туған жиендерін көрсетудің рәсімі жасалынады. Мұның өзі бір дәурендей туыскандық тоғысулардың дәстүрін жалғастырады. Міне, осыдан кейін ғана құдандалы екі жақтың да: **«Жас отаудың жалқұйрығы бүтінделді, өмірлері күлтеленді»** - десіп көңілдері көншиді екен. Ендеше, жар таңдаудан отау болып шыққанға дейін - толып жатқан дәстүр-

салттары мен жөн-жосығын - ырым-кәдесін - тіпті жол-жоралғысына - дейін, ұрпақ тәрбиесінде ескерілгені жөн. Әрине уақыт талабына сай дәстүрдің де өзгеріп отыратыны есте болуы қажет. Әсіресе тозған дәстүрлер мен ескірген салттарды мезгілдері жеткенде, жалтақтамай тұрмыс-тіршілігімізден алып тастаудың өзі де т а р б и е екені дау тудырмаса керек. Тіпті, қазақ болашақ құдасынан арқа сүйер жанашырлықты да, туысқандық мейірімді де, намысын жыртар сүйенішін де іздейді екен. Жалпы, кез-келген адамның с е м ь я құруға дайындалу сәті, оның жеке басының ғана ісі емес екенін анық аңғарамыз. Бүгінгі күнде де осы бір сәтті дұрыс түсінгенде ғана, өмірде болып жататын көптеген кемшіліктерді болдырмаудың амалын көреміз.

Сондықтан да, с е м ь я бүкіл бір халықтың өркенін өсірер қайнар көзі делінсе, сол халықтың мемлекетінің де еңсесін ұстап тұратын, алтын діңгегі болып табылады. Осынша мол қуаты мен құдіретіне орай жан-жақты тоқталып, халқымыздың фальклорынан да, елі елеулі еткен бүгінгі жазушысынан да мысалдар келтіріп отырғанымыз сондықтан болар. Бұдан арыда құдандаласу жайында айтылуға тиісті дәстүр-салттарды, әр қазақтың ар-кітабына айналған «Абай жолынан» оқып-үйренуді болашақ ұрпақтарымыз есінде тұтса екен. Әсіресе, күйеудің қайын жұртына ұрын баруын оған арналып жасалынатын **ҰРЫН ТОЙЫНЫҢ** көріністерін де, Мұхандай-ғұламаның айтқанынан үйренген жөн. Сондықтан да, бұл тақырыпты арнайы бөліп жазбай, оның құнарлы көзі ретінде осы эпопеяның «ӨРДЕ» деген тарауын зерттей оқуды ұсынамыз.

а) ҚЫЗ ҰЗАТУ ТОЙЫ

*«Сағыныш - адам бойындағы ізгілікті
ғана оятып қоймайды,
сонмен қоса, жан-сезіміңді ашып,
мейіріміңді де ұштай түседі»*

ҰЖДАН.

Күйеу қалыңдығын алуға арнайы сапармен келген кезде, бұрыннан дайындықпен

хабарласып отырған құдандалы ел - қызының ата жұртынан аттанар ұзату тойын жасайды. Оны әркім өзінің шамасына орай өткізеді. Мұның әртүрлі деңгейлерде өтетінін қазіргі кезде де байқау қиын емес. Сөз жоқ, бұрынғы заманда да, бүгінгі жағдайда да, қыздың туыс-туғандары сырт қалмаған. Барлық атқаратын міндеттерді бөлісіп көтеру де, елдік ерекшеліктеріміздің бірі болып саналады. Оның үстіне жаңа семья құруға арналған т і л е у д е н ешкімде ештемесін аямауға тырысады. Өйткені, бұл жағдай жақын адамдардың әрқайсысының басына алма-кезек ауысып келіп тұратыны да белгілі.

Бірінші рет танысуға келген күйеу баланың қалыңдығымен кездесіп, оған ата-аналары ұрын тойын жасап, қыздың ұзатылу мерзіміне келісіп жігіт жағы ауылына қайтады. Ұзатылатын қыз ұрын тойдан кейін, апа-сіңлілерін, жеңгелері мен құрбы қыздарын қасына ертіп, туысқандарын аралап қоштасу рәсімдерін жасайды. Туысқан мен тумалары шамаларына қарай сый-сияпаттарын береді. Ал қыздың ұзатылу мерзімі жеткенде, төңіректегі ауыл жастары қыздың үйіне жиналып, домбыра тартып ән салып, өзінің сән-салтанатымен ұзатылу тойын жасайды. Қыз бен Жігіт айтыстарын өткізеді. Қыз жеңілсе – айтыстан жеңген жігітке ормал сыйлайды. Жігіт жеңілсе – қызға шапан кигізеді. Осы кештің үстінде н е к е қ и ю дәстүрі жасалынады. Бұл жолы қыз ұзату тойында ат шаптырылып, балуан күрестіру тәрізді ойын-сауықтың түрлері де көп болады. Неке қиылған күннің ертеңінде қыз жағы, күйеу жағынан келген құда-құдағиларына жасауға берілетін бұйымдарын көрсетеді. Осы тектес толып жатқан жол-жоралғылар жасалынып, жасауды буып-түйген бойда бірден барар жеріне аттандырып жібереді. Ұзатылатын қыз с ы ң с у айтып ұзақ жылайды, жігіттер жағы жұбату айтып тоқтатуға тырысады. Алма-кезек өз мақамымен айтылатын сыңсу жеңіл әзіл-қалжыңға құрылады. Қыз туыс-туғандарымен соңғы рет құшақтасып қош айтысады. Осыдан кейін жең-

гелері оның қыз киімдерін ауыстырып, жаңа түсер келіншек киетін киімдерін кигізеді. Көбінесе қызын шешесі өзі апарып, үш-төрт күннен кейін ат мініп, түйе жетелеген сый-сияпатпен ауылға қайтады.

Қысқаша ойтүю. Халқымыз жігіттің қайын жұртына ұрын келуін және қыздың ұзатылу тойларын неге жасаған? Оның мәні неде? Бұған қыз ұзататын жақ қандай маңыз берген?

Әрине, бұл сауалдардың жауабын беру үшін семья құрудың дайындық кезеңдеріне жататын осынау екі сәттің де, өзіне тиісті дәстүр-салттары мен жол-жоралғыларын санамалап тәптіштеп шығу тым ұзаққа созылар еді. Сондықтан да, жоғарыда «Абай жолы» эпопеясының «Өрде» деген тарауын оқуды ұсынған едік. Ал енді бұлардың мәні мен маңызына қысқаша тоқтасақ, ұзатылатын қыздың болашағы үшін жасаған ата-анасының қамқорлығы деп ұққан жөн. Себебі, қыз балаға өз шаңырағын тастап басқа семьяның мүшесіне айналу, қай жағынан алғанда да жеңіл шаруа емес. Жаңа ортаға барғанда қызының басына түсетін қимыл-әрекеттерді ұрын келген жігіттің де басынан кештіріп, келген құда-құдағиларының да жауапкершіліктерін арттыратын тәлімдер көп жасалынады. Бірінші болып қайын жұртына келгенде әдеп пен тәртіптің барлық түрлерін күйеу жігіттің басынан кешіруі, ертең қалыңдығы өз шаңырағының астына келгенде, оны, бірден түсініп көмектесуіне де сабақ болады.

А) СЫҢСУ

«Халқыңа - қалаулы бол,

Жұртыңа - елеулі бол»

МӘТЕЛ.

Бұл дәстүр өткен замандардағы қыздардың басындағы теңсіздіктен елес берсе, ал қазіргі заманның жөні басқа болғандықтан, ендігі жерде жеке бастың мұңын аңғарып, бүкіл Отаны мен Халқының қамын ойлайтындай сөз айтылғаны жөн сияқты. Жалпы **-сыңсу - қоштасу - сарын - көрісу** - делініп әртүрлі атаулармен айтылғаныменен, бұлар

мазмұндары жағынан бір-бірінен айырмашылықтары шамалы десек те, халқымыздың тұрмыс-салт жырларының ішінде аса жиі қолданылып, өте көп тараған нұсқалары бар екенін білген дұрыс. Себебі, кез-келген дәстүр салттарды уақытына лайық етіп, жаңа мазмұнмен байыту болашақ ұрпақтарымыздың қалауындағы іс.

Тіпті, сыңсу дәстүрінде жоғарыдағы айтылған теңсіздік сарынынан бұрын, әйтседағы ұзатылып бара жатқан қыздың - өз жұрты мен ата-анасына деген қимас сезімдерін білдіретіні ақиқатқа жақын сияқты. Оның бүкіл балалық шағы мен бал дәурен өмірлері көз алдынан өтіп, осы сәтте оянған көңіл толқындарын ән шумақтарына айналдыру да жан-дүниенің рухани қажеттілігі болар. Өйткені, жаратылысынан талантты қайбір қыздардың айтқан сыңсулары иісі қазақтың көкейлеріне ұялап, бірден тарап жатталып қалатындары аз болмаған.

Мәселен, қазіргі кезде де уақыт талаптарына сай етіп, сыңсудың жаңа түрлерін дайындап, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану арқылы, тіпті той қызығын күшейтуге де болатын тәрізді. Әсіресе, еш атқарар қызметтері жоқ қыз жолдас пен күйеу жолдасқа алма-кезек жауаптасып, сыңсудың жаңа түрін дүниеге әкелсе, қандай ғажап болар еді?! Оларға тойға келген жаста қосылып қыз жолдасқа – қыздар, күйеу жолдасқа – жігіттер жағы көмекке келу арқылы, тіпті бүгінгі жаңарып келе жатқан айтыс өнерінің мектебіне айналуы да мүмкін ғой. Сөйтіп, сыңсудың қысқа да нұсқа түрлерін солар айтуға тиісті:

Қыз жолдасы: 1. Есіктің алды жас қайың,
Жапырағын баспайын.

Есіктен аттап кеткен соң,
Еркелікті тастаймын.

2. Әуеден ұшқан бұлдырақ,
Құбыладан соққан ызғырық.

Жатқа кетіп барамыз,
Жаратқан соң қыз қылып.

Күйеу жолдасы: 1. Жылама бикем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама?!
Ұл боп тусаң әуелден,

Сені мұндай қыла ма?

2.Бүркендіріп қоя ма,

Көзіңді жаспен бояма?!

Біз бермейік десек те,

Мал берген жұрт қоя ма?

Қыз жолдасы: 3.Есіктің алды ақ қайың,

Қайыңды қайтіп аттайын?

Еркелеткен анамның,

Ақ сүтін қайтіп ақтайын?

4.Атасы жақсы құл болмас,

Анасы жақсы күң болмас.

Оң жақтан кетіп барамын,

Қыз еркелеп ұл болмас.

Күйеу жолдасы: 3.Жылайсың неге
«үйім» деп,

«Жиғаным қызыл бұйым» деп,

Әкең сенің ойлайды,-

«Отырып қалса қиын» деп.

4.Жыламай құлақ салыңыз,

Бұл сөзіме наныңыз,

Мен айтамын өсиет, -

Тыңдап, ұғып алыңыз?!

Мұнан көшіп кетерсің,

Шын еліңе жетерсің

Әдеппенен жүргейсің.

Міне, осылайша сыңсуды – ұзатылатын қыздың қасындағы жолдасы бастап, қайырып айтар жұбату жауабын – күйеу жігіттің серігі шырқап, ойда жүрген көп нәрсенің мәнін ашу арқылы, бүкіл тойға қатысқан әлеуметке ой жарастығын ұсынар еді. Қашанда той думанның сәнін келтіріп көркін ашар ойын-сауықтардың түрлері мол болғаны жақсы. Тойға жаңаша түр мен мазмұн берген сыңсудың да келешекте өз орнын табарына сенгіміз келеді.

Б) ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ

«Адам ғұмырындағы алма-кезек ауысып жататын қиындық пен үміт, тіршіліктің мазмұнын ғана байытып қоймайды,төзе білген, жеңе білген жандарды – мұратына жеткізер қос қанаты да».

ҰЖДАН.

Міне, осылайша – ұзатылған қыздың алғаш келіп, табалдырығын аттайтын ақ босағасы, яғни, қалыңдығын әкеп семья құрмақ

жігіттің ата-анасының шаңырағы болып табылады. Бұл күн – ата-ана мен бала үшін келісіммен шешіліп, берекемен ұйғарылса – мұнан бетер өмірдегі бақытты сәтті табу қиын. Ал егер де *екі ұдай боп шешілсе*, сол әулеттің трагедиясы да осы күннен паракталады деп, есептей бер?! Сондықтан да, семья құруға дайындықты барынша парасатпен шешкен жөн. Әрқашанда, келісімді істің кемелдігі де көрініп тұрады. Мұндағы өтетін сән-салтанат та, той иелерінің тұрмыс-халіне тікелей байланысты болмақ. Жағдай көтеретін адамдар – ат шаптырып, көкпар тарттыруымен қоса қыз қуу, балуан түсіру, тіпті жамбы аттыруға дейін ұйымдастыра алады.

Күйеу жігіттің ауылына бірер *бұрылыс* қалғанда, қалыңдық мінген машина, немесе салт атқа мінген жастар жағы сәл кідіріс жасайды да, ертіп әкеле жатқан қыздың шешесі мен үлкендер жағы ауылға бұрынырақ келеді. Солардан хабар тиісімен... жігіттің жеңгелері, ауылдағы қыз-келіншектерді ертіп, әкеле жатқан қалыңдықтың алдынан шығады. Бұлар келіп өзара танысқаннан кейін-ақ, бірден ауылға “сүйінші” сұратып хабар жібереді. Жақсы хабар жеткізген адам лайықты кәдесін алады. Қалыңдық екі жақтың да жастарының ортасында, бір-бірлерімен танысу салттарын жасап, ауылға асықпай жаяулатып жетеді. Бұл кезде құдағимен келген үлкендер жағы да мәресіре болып, амандық-саулық сұрасып той қамымен шұғылданып жатады. Келінді отау үйге кіргізерде әлдекімнің көзіне шалынып қалмас үшін, оның бетіне жібек орамал жабады. Отқа май құйып келінді оған тәжім еткізіп, отпен аластап арнайы тігілген ақ отауға енгізеді. Қалыңдық ақ отауға жеткенше ш а ш у шашылып, жастар жағы да жар-жар айта бастайды. Содан қалыңдықты бірден өзіне құрылған шымылдыққа енгізіп, бетін ашқанша бөгде адамдарға көрсетпейді.

ЕСКЕРТУ. Жоғарыда айтылған –*Халық педагогикасының 1-шінегізіндегі Ата-ана мен бала арасындағы сыйластық мәсе-*

лесінің— бірегей сәті, осы семья құруға дайындық кезеңі болып табылады. Дәл осы кезеңде, кешегі бодандық қоғам қалыптастырған —*тоғышарлық психология - әртүрлі құмарлықтармен әуестенетін парасатсыз ата-ана — ата салтын білмейтін, халықтық діл іқалыптаспаған, ана тілін сыйламайтын жастар*— деп жіктелінген үш т а ғ а н мәселе де өздерінің көріністерін береді. Егеменді еліміздің ендігі жерде, халық педагогикасының тағылымдарына сүйене отырып тәрбие тәсілдерін пәрменді жүргізу арқылы, ел болып қолға алатын мәселелері де осылар екенін ескерткіміз келеді.

Г) ШАШУ

Бұрын халқымыз үйлену тойына ешкімді алаламай ауыл-аймағын түгелдей шақыратын болған. Әрине, ол кезде әр жерде отырған ауылдарда сирек, қазіргідей адамдар саны да көп болмаған ғой. Бірақ тойға келушілер жердің шалғайлылығына қарамай, жолдарынан жығылмауға тырысып ш а ш у л а р ы н мол етіп ала келетін. Тойды көбінесе жаз жайлауда табиғат аясында, өткізуге тырысатын болған.

Ал қазір замана талаптарына сай, тойларды күз мезгілінде — кең кафелер мен асханаларда немесе ауқатты адамдар ресторан залдарында да өткізеді. Той салтанатына жиналған жұрт, семья құрған екі жас келе жатыр дегеннен-ақ, оларды қаумалай қоршап ш а ш у л а р ы н шашып қарсы алады. Шашу шашудың құрметі, ауылына сыйлы әжелердің үлесіне тиеді. Шашудың құрамында негізінен қағазбен оралған кәмпиттердің түрлері, күміс тиындар да салынады. Қазақ халқы өзінің ақ адал көңіліндегі ықыласы мен үмітін, жайылған дастархан үстіндегі адал асының киесіне тапсырған. Олар - *“астан үлкен құдірет жоқ”*— деп түсінген. Сондықтан да, тұрмыстағы қуаныштарында ең жиі қолданатын салты — осыш а ш у болып табылады. Шашу шашылып жатқан сәттен бастап-ақ, жастар жағы жар-жар айтуға кіріседі.

Д) ЖАР-ЖАР

Бұл ежелден келе жатқан өзіне тән әуені бар өлең-жырды, жігіттер мен қыздар қосыла шырқап, сөз мәніне орай алма-кезек жауаптаса айтады. Қашанда жар-жардың мағанасы — мәнді, мақамы - әуенді болып келеді. Жиналған жұрттың кәрі-жасына бірдей ұнайтындығымен және айтуға жеңілдігімен де ерекшеленеді. Әр шумақтың аяғында айтылатын “жар-жар-ау” дейтін жарқын сөз, үнемі қайырма ретінде қайталанып отырады. Бұл жыр халқымыздың дәстүрі бойынша, тек үйлену тойында ғана айтылады. Кез-келген өнер сайыстары тәрізді жар-жар да, тыңдаушыларын желпінте екі жасқа жақсылық тілеп, нұрлы ниеттерін білдіреді.

ЖІГІТ: Алып келген базардан,

Қара насыр, жар-жар-ау

Қара мақпал сәукеле,

Шашың басар, жар-жар-ау

Мұнда әкем қалды деп,

Қам жеменіз, жар-жар-ау

Жақсы болса қайын атаң,

Орнын басар, жар-жар-ау!

ҚЫЗ: Есік алды қара су,

Майдан болсын, жар-жар-ау.

Ақ жүзімді көретін,

Айнам болсын, жар-жар-ау.

Қайын атасы бар дейді,

Осы қазақ, жар-жар-ау.

Айналайын әкемдей,

Қайдан болсын, жар-жар-ау.

Міне, ертеректе айтылған “жар-жардың” сөздері осылай болып келеді. Негізгі нұсқа ретінде, мұны - әдейі беріп отырмыз. Әйтпесе, әр кезеңде уақытына лайық жазылған “жар-жардың” түрлері көп. Бұл нұсқалардың қай-қайсысын болса да пайдалану той жасаушының өз еркінде?! Әйтседе, суырып салма түрін дамыту арқылы, халқымыздың бірегей өнері а й т ы с т ы ң да қолданбалы түрлерін көбейтер еді.

Ж) БЕТ АШАР

Үйлену тойының аса бір ізгілікті сәті — жаңа түскен келіннің бетін ашу болып табылады. Қашанда беташарды аймағына белгілі,

шаршы топтан озып бәйге алып жүрген, жезтаңдай әншілерге ұсынады. Бұл дәстүрлі жырдың шебер орындалуын мойнына алған азамат, тойдың ең бір жауапты сәтін барынша қызықты етіп өткізуге тырысады.

Ол жиналған жұрттың барынша көңіл-күйлерін көтерумен бірге, екі жастың рух ани жетілуіне әсер етумен қоса, тыңдаушыларының жүрегіне ізгіліктің шапатын шашуға тырысады. Беташардың тағыда бір негізгі міндеті жаңа түскен келінді, қайын жұртындағы ең жақын туыстары мен тумаларын атап-атап таныстырады. Ол өзінің ізеті мен ықласын осы танысу үстінде көрсетіп, нәзік қимылмен тағзым етіп бүгіле сәлем беріп тұрады. Басқа тұрмыс-салт өлеңдеріне қарағанда, беташар жырларының мазмұны мен мәні барынша инабаттылықты сақтай тұра, әдептен озбайтын әзіл-қалжыңға да бай келеді. Ебін тауып әр рудың өздеріне лайық жөн-жосығы мен өзгелерден ерекшелеу мінез-құлықтарына да тоқталып өтеді. Міне, жас келін беташарда айтылған адамдармен танысып қана қоймай, олардың қадір-қасиеттерін де есіне сақтап біліп алуы қажет. Әсіресе, келген жерінің семьялық дәстүрлеріне, туысқандық қарым-қатынастарына ерекше мән беріп, алғашқы күннен-ақ сол ережелерді бұзбауы керек. Және осылардың барлығы да, беташарда өз сипатымен даралана айтылуға тиісті.

Беташардың тағы бір ерекшелігі сол. Оның бүкіл болмысы мен табиғаты – таза қазақ халқының ұлттық сипатына жата-тындығын, ашып-жарып айтқанды жөн көрдік. Өйткені, өзгеде жоқ тек өзіне ғана тән, кезінде айтылған ата дәстүрге тікелей байланысты – **туысқандық және семьялық дәстүрлерді**, бұл жырды егжей-тегжей даралап та саралап та ұзақ жырлайды. Тіпті, өзге жұрттарды айтпағанның өзінде, қаны бірге туыстас Түркі халықтарында да: - өзбек –қырғыз –татар –башқұрт –түрікмен –түрік –қарақалпақ –сақа –хақас –қарайым-қараша - құмықтарда да, т.б. көптеген елдерде де жаңа түскен келіннің бетін ашу салты қолданылмайды.

Екінші бір мәселе, өз жұртынан ұзатылып келген қалыңдық бетін неге жауып келеді? Себебі не, сенім-нанымы неде? Бұл дәстүрді дін и салтқа да жатқыза алмаймыз. Өйткені, дін-исламды ұстап отырған елдерде де жоқ. Тек, беташардың алдында және соңында жасалынатын рәсімдерді ескерсек, оның төркіні сонау Тәңірлік сенімдермен сабақтасып жатқанын көреміз. Сірә, сол кездегі әфсаналармен тамырласып жатса керек. Мұнда, қыз бала өзі өскен ұядан – басқа жұртқа келуі өмірінің бір кезек дәуіріне өтіп, енді - өз басының ғана қамын ойлайтын жан емес, бүкіл келген жерінің ырысы н тасытар, жаңа отаудың бірін екі етердей парасатпен шаңырағын көтеру, оның келешек ұрпағының анасы болудың міндетін атқармақ. Оны ата-енесі мен туған-туыстары қолына келіп қонған бақыт құсындай етіп, әлпештеп ұстауға қалың топтың алдында ант еткендей күй кешеді. Міне осындай, өрнегі мен тәлімі бөлек бұл салтта – атабабамыздың ұрпағына қалдырған өнегесі ретінде қастерлеуіміз қажет. Беташарды да уақыт талабына орай жетілдіре беру шарт.

ҰЛГІСІ: 1.Келін-келін, келіп тұр!

Келіп, үйге еніп тұр!

Қайын жұрты – халқына

Иліп сәлем беріп тұр.

(келін тағзым етеді)

Үйдің іші толы адам,

Бәрінде келін көріп тұр.

Көргенімен, танымай,

Қайсысы алыс, кім жақын,

Сол жері көңілін бөліп тұр.

Көрімдік берсе көп адам,

Талай мал әзір болып тұр.

Қайнаға, қайын, қарт ата,

Сараңына кез қылмай

Мырзасына жолықтыр,

Не қылсаңда, өзің біл,

Жат елден келіп жас келін,

Жаңа мейман болып тұр.

(баршаңызға бір сәлем)

2.Нар берсеңіз мая бер,

Үстіне кілем жая бер,

Одан артық айтуға

Келе бермес ебіміз
Маяның дауысын естіп
Қаша көрме көбіңіз?!
Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз?!
Сиыр берсең, қызылдан,
Шұбалаң құйрық ұзыннан,
Алыстан келді деменіз
Келіннің ақысын жеменіз
Кем көрменіз келінді,
Өзіңнің туған қызыңнан,
Қайын атаға бір сәлем?!
Сендерге енді келейін,
Жапсардағы отырған.
Жастары үлкен аналар!
Ақылы артық даналар!
Сіздерге де қуаныш,
Бұрынғыдан қалған жол,
Келінді көрген адамнан,
Көрімдікке мал алар
Қайын енеге бір сәлем!
3. Бетінді келін ашқаным,
Жаңа жұртқа қосқаным,
Жасы үлкенді сыйлап жүр,
Құрмет қыла жасқанып,
Балалық күнің өтті енді,
Аналық күнің жетті енді,
Өзіңнің үлкен адамның,
Жаңа дәурен есігі,
Алдыңнан қалқам ашылды.
Туыстарға бір сәлем!
Сауысқаннан сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін,
Күйеуіне шақ келін,
Қыз көңілден қайт, келін,
Ел-жұртыңа жақ, келін.
Жастар жаққа бір сәлем!
4. Өзің бір ақыл тап келін,
Ата-ененді,
Кісі келсе үйіңе,
Қызмет қыл иіліп,
Бетіңе тіке қарама
Үлкен кісі келгенде,
Қатарласып отырмай
Кейін отыр пана да
Көпшілікке бір сәлем!
Манадан бері а қ қ у д а й иіліп ізет етіп

тұрған келіндерінің жүзін көріп, ду қол шапалақтап қуанған барша қауым, өздерінің ерекше шаттық сезімдерін паш етеді. Осы сәтті пайдаланып қыз бен жігіттің аналары, олардың алма-кезек маңдайларынан сүйіп аналық мейірімдерін төгеді. Екі жастың жанашыр жеңгелері олардың алдарына қып-қызыл ш о қ салған ыдысты әкеліп, отқа май құйдырып от-анаға мінәжат еткізеді. Үлкендерден а қ б а т а сұрайды?! Міне осыдан кейін жиналған жұртты дастархан басына шақырады. Ендігі тойдың жалғасын арнайы тағайындалған А с а б а жалғастырады. Тойдың сәнді де салтанатты өтуіне той иесімен бірге, ойын-сауықты басқарушылар да жауап береді.

3) БАТА

Қазақ халқының тұрмысында өте жиі қолданылатын д ә с т ү р - алақанын жайып б а т а беріп, бет сипаудың орны бөлек. Әсіресе, алыс сапарға аттанып бара жатқанда немесе болашақ үшін жасалар келелі істі бастарда, ақ ниетпен арман жолына аттанарда туыстары жиналып, а қ б а т а ж а с а у салты атадан қалған жол еді. Әр қазақтың есінде: *“Ақылы асқан даналардың с ө з і н т ұ т, ақсақалды қарияның к е ң е с і н тыңда, сонда ғана Қ ы з ы р дарып басыңа бақ қонады”*- дейтін насихат сөз әлі күнге дейін ұмытыла қойған жоқ. Сол сияқты, ақ бата ұлын үйлендіріп жаңа отау көтерген иә-ә, қызын тұрмысқа аттандырар ата-аналарға да айтылады. Былайша айтқанда, жаңа іс бастар үлкенге де кішіге де, бата беру ағайынның тілеулестігінің белгісі. Мәселен, жаңа түскен жас келінге:

Екі түрлі енші бар,
Біреуі соның – б а т а алған.
Қай жерде жаман болыпты?
Баталы келін –атанған?!– дей келіп;

Асың, асың, асыңа!
Береке берсін басыңа,
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қызыр келсін қасыңа.
- деп алғысқа толы батасын береді. Жалпы

ме, - бәрібір ешқайсысы да т е р і с б а т а ғ а
жолыққылары келмейді. Адам баласының
өмірден күтер үміті қаншалықты көп болса, сол
күткен істерінің оң болуын тілер ақ баталар да
жиі жасалынып жатады. Бұл да халқымыздың
дархан көңілдерін аңғартса керек.

В статье рассматриваются основы народной педагогики и психологии, семейное воспитание в этнопедагогическом аспекте.

The article covers the basics of folk pedagogy and psychology, family education in etnopedagogicheskom aspect.



*Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
министрлігі «Дипломатиялық корпусқа қызмет
көрсету жөніндегі басқарма» кеңесшісі,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор **Оспанов Б.С.***



рухы, өсіп-өну тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жайында жүйелі, әрі жан-жақты берілген білім мен тәрбие ғана жемісін берері анық.

Бүкіл бір ойды оймақтай даналық сөзбен түйіндеген халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Қыран - қияға қарайды, балапан – ұяға қарайды», «Қарағайға қарап тал өсер, қатарына қарап бала өсер» дейді. Өйткені, ұрпақ тәрбиесінде жанұяның алар орны ерекше. Қазақ отбасында ежелден-ақ, елге тұтқа, ақыл-парасатымен әулеттің бар тұрмыс-тіршілігін көзден таса қылмай оған-пана, ұлағатты істерімен ұрпағына – сая бола білген ата мен әженің аялы алақанынан тәлім алмағандар аз болар.

Тарихымызда ерекше орны бар, ел-жұртына басшы, қорғаны болған би, батырларымыздың, от ауызды, орақ тілді небір көсемдеріміз бен шешендеріміздің, айтулы ақын-

жазушыларымыздың бәрі де ата-әженің алдын көрген, өнегесінен сусындап өскендер.

«Жеті атасын белмеген – жетесіздің баласы» деген қазақ ұрпағын салауатты өмірге ерте бастан тәрбиелеуді де естен шығармағаны анық. «Тілегі жаман темірді, қанша егесе де өтпейді» деп, ауыл-аймағының өзін сынына толмаған көрші-қолаңмен қоңсы конудан, аралас-құралас болудан сақтандырып отырған. Баласының болашағын ерте бастан ойластырған. Сөйтіп, алыста болса ат арытып барып, атақ-даңқы елге белгілі, ақыл-парасаты, ой-талғамы биік, беделді жандармен құдандалы бола білген.

Дала мәдениеті, көшпенді халықтың өзіне тән салт-дәстүрі жылдар көшімен ілесіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыруы да оның өміршендігінен болар. Десек те, бүгінде өркениеттің алып толқыны ұлттың осындай ұлы құндылықтарын, кірпияз, баға жетпес рухани құндылықтарынан жайлап, ажыратып алып кетіп жатқаны алаңдатады. Жас ұрпақтың өз тілі мен ділінен, өзге ұлттан айқындап тұратын ерекшеліктерінен гөрі өзгенің арзан дүниесіне қызығып жүргені соның дәлелі. Оған кеңестік заманның туған тілі мен ділінен алыстатып «ұлттарды жақындастыру», бір орталыққа бағындыру идеологиясының әсері зор болғаны анық. Балабақшадан бастап, жоғарғы оқу орындарындағы орыс тілі мен өмір сүруге қажеттіліктің бәрін осы тіл мен бір ғана идеологияға тәуелді етіп қойғанның салдары әуелі жас ұрпақтың санасына кері әсерін тигізетіні белгілі.

Бал дәуренін оқу-білім, озық мәдениетпен өткізгеннің орнына, батыстың арзанқол, дүбәра өнерімен әуестеніп, күн ұзын компьютердің қасынан шықпайтынбозбала мен бойжеткеннің бұлыңғыр болашағы ойлантанды.

Ұлы Абайдан асып аталы сөз айтқан адам кемде-кем шығар. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген хакім Абайдың асыл сөзінің астарында қаншама мағына жатыр десеңізші!

Халқымыз бүгінде осынау аяулы асылдарын іздемейтін болды, «отбасы институтынан» ажырап қалды. «Өз баласын – өскенше, немересін – өлгенше бағатын» ертегішіл әрі әсерлі әңгіменің майын тамыза айтатын, тереңнен толғап сөйлейтін аузы дуалы қарттарымыздың алтын арқауы әлсіреп, сабақтастығы саябырсыды. Жастарымыз «инемен құдық қазғандай» қиын да қызықты ғылым мен оған апаратын білікті ұстаздарын іздемейтін болды. Ауылда жұмыс жоқ, табыс көзін іздеп қала жағалап кетті. Қымқиғаш тынымсыз тірліктің жетегінде жан досы – кітаптан айырылды, театрға баруды қойды. Материалдық байлық, ақша алдыңғы орынға шығып «ақшаң болса – әлемге билігің жүреді» деген ұғым қалыптасты. Ел қамы, жұрт жайын ойлайтын баяғы жанашыр тұлға, білімді, парасатты зиялы қауымды бұл күнде жұртшылық қалтасы қалың, біршама елге билік жүргізе алатын мәртебелі таққа ие, ықпалды адам деп санайтын болды. Оған қоса, ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздік келісімен, әлемге айқара ашылған шекарамыздан сығаламаған өзге елдің діні мен ділі, сан түрлі салт-дәстүрін қосыңыз. Тұғыры мықты орныға қоймаған жас мемлекеттің жас өркен ұрпағы еліктегіш әдетімен өзге елдің «жасық» дүниесін асылдай көріп, өз ұлтының қайталанбас құндылықтарын бағамдай алмай қалды. Міне, елімізде бүгінде орын алып отырған әртүрлі діни көзқарастардың көбейіп бара жатқандығы, естіп-білмеген «экстремизм» деген ұғымның елімізге де ене бастауы соның нәтижесі болар. Сол себепті, «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей» деп, дана халқымыз айтпақшы, қазақтың ешкімде жоқ «отбасы» институтын жандандырып, бала бақшадан бастап, жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға байланысты арнайы пәндерді енгізу, танымдық дүниелерді жандандыру – уақыт талабы.

Резюме

В статье автор рассматривает роль национальных ценностей для воспитания подрастающего поколения.

Summary

In this article the author examines the role of national values, to educate the younger generation.



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ОЙЫНШЫҚТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Абай атындағы ҚазҰПУ Инновациялық
технологиялар және білім беру мазмұнын ғылыми
зерттеу институты директоры ҚР жоғары
мектепке еңбегі сіңген қызметкер,
профессор **Нуриев М.А.**
Жетекші ғылыми қызметкер, п.ғ.к.,
доцент **Әлдібаева Т.Ә.**

Қазақстанды әлемдегі ең әлеуетті, бәсекеге қабілетті адами капиталға ие елге айналдыру үшін әрбір қоғам мүшесінің заманның озық жоғары технологияларын жетік меңгеруімен қатар, еліміздің индустриялық дамуының ақпараттық өркендеуіне жағдай жасайтын белсенді, әрі қабілетті, дұрыс көзқарасты, діні, ділі және рухы жоғары болуы қажет. Бұл міндет ұлттық тәрбиеге негізделгенде ғана ұтымды жүзеге асырылатыны сөзсіз. Осы тұрғыда ұлттық тәрбие ұлттық мұрамен иықтас қатар жүруі тиіс. Сонда интеллектімен қатар жеке тұлғалық сапалардың бірі ретіндегі жастардың рухани қасиеттерін де дамыта аламыз.

Жалпы ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы, яғни бала дүниеге келген күннен басталуы тиіс. Ал ұлттық мұраларымыздың элементтері баланың жетекші іс-әрекеті – ойын мазмұнында және сол ойынның басты құралы - ойыншықтарда көрініс табуының маңызы зор. Ойыншықтардың әртүрлі типі әркілі мәдени, қоғамдық және бұқаралық тәжірибе жөнінде түсінік беруге мүм-

кіндік жасайды. Ұлттық тәрбиенің мәні мен мағынасы, мақсаты мен міндеттері жөнінде ой қозғаған орыс ойшылы И.Ильин: «егер отбасы немесе адамның өзі «өзінің отбасылық және ұлттық бастамасының рухани биігін өзіне дарытудан бас тартатын болса, онда бұл жағдайда олар мәдени биіктіктің орнына жай ғана жануар кейіпті ғана иемденеді», «ұлттың ерекше қасиетінен айыру адам өміріндегі қиыншылықтың ұлысы және оған төнген ең үлкен қауіп... онымен табандылықпен және үлкен шабытпен күресу қажет және бұл күресті балалық шақтан бастау керек», - деген пікір айтқан [3]. Сондықтан қазақ баласының санасында ұлттық ерекшеліктерімізді сіңіртіп, ұлттық мінез-құлықты қалыптастыруда ұлттық сипаттағы ойыншықтардың алатын орны ерекше.

Қазіргі педагогикалық теорияда ойын мектепке дейінгі бала іс-әрекетінің жетекші түрі ретінде қарастырылады (Л.С. Выготский, Р.И. Жуковская, Н.А. Короткова, А.Н. Леонтьев, Т.А. Маркова, Н.Я. Михайлен-

ко, Д.В. Менджирицкая, С.Л. Рубинштейн, А.П. Усова, С.А. Шмаков). Оған кез келген іс-әрекет сияқты мақсат қою, жоспарланған іс-қимылдар мен нәтижелер тән. Ойын: 1) мінез-құлық нормалары мен ережелерін меңгертуді, адамгершілікке және еріктік сапаларға тәрбиелеуді, көмек көрсету, топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуды; сондай-ақ достыққа беріктікке тәрбиелеуді көздейтін жалпы **тәрбиелік** қызметті; 2) қоршаған ортадан барлық мәліметтерді алу, әлеуметтік рөлдерді танытуды көздейтін **танымдық** қызметті; баланың ақыл-ойы мен дене бітімінің дамуын көздейтін **дамытушы** қызметті атқарады. Сонымен бірге ойын барысында баланың сөйлеу қабілеті де дамиды [6]. Бұдан біз ойыншықтар осындай қызметтермен қатар, әртүрлі құндылықтарды, нормаларды және мінез-құлық стереотиптерін тасымалдауды көздейтінін көруге болады. Ойынның бала тәрбиесінде атқаратын осындай қызметтеріне сүйене отырып, оның басты құралы ретіндегі ойыншықтарды былайша жіктеуге болады:

1) шығармашылықты сюжетті ойындарға арналған ойыншықтар (мысалы, қуыршақтар, мүсіндер және т.б.);

2) үйретуші ойыншықтар (үстел ойындары, құрастырма ойындар және т.б.)

3) техникалық ойыншықтар (машиналар, тракторлар және т.б.);

4) қозғалмалы және спорттық ойындарға арналған ойыншықтар;

5) сәндік және салтанатты мейрамдарға арналған ойыншықтар [7].

Орыс ойшылы И.Ильин: «текті ұлтыңның болуы ақиқатында бақыт, ал онымен байланысты ұзу үлкен қасірет», «өз ұлтының құндылықтарын сақтау, оның мойындалуын, айбындылығын және жетістіктерін ету адамға ғана лайық» деп атап өткен. Осы айтылған ойды бала тәрбиесінің өзегіне айналдыру үшін ойыншықтардың түрлерін қазақ халқына тән нақышта қарастырайық.

Қазақ балаларының шығармашылықты сюжетті ойындарына арналып жасалатын

қазақ ұлты киіміндегі қуыршақтардың бет келбеті Қыз Жібек пен Баян Сұлуды еске түсіретіндей әдемі, екі иықтарында екі бұрымның болуы, тіпті олардың өне бойында ұлттық әшекей бұйымдардың да ұтымды орналастырылғаны орынды. Сонда балаларға эстетикалық тәрбиемен бірге, олардың қазақы әдеміліктің сипаты, қазақ ұлтының әшекей бұйымдары жөнінде алғашқы түсініктерін қалыптастыруға болады. Қазір тіпті, құран сүрелерін оқитын да қуыршақтар жасау қолға алынып жатыр. Әрбір отбасы шыншыл, инабатты, қайырымды адам тәрбиелеуге ұмтылатын болса, онда баланың бойына мұсылмандықтың жоғары құндылықтарын сіңіру керек.

Сонымен бірге бала ойыншығының мазмұнын тәрбиелік жағынан да, танымдық жағынан да танытатын түрінің бірі - мүсіндер. Мүсіндерді сомдауда:

- қазақ ертегілерінің кейіпкерлері: керкұла атты Кендебай, тау көтерген Толағай, ер Төстік және т.б.;

- қазаққа аса қадірлі төрт түлік төлдері: қошақан, лақ, құлыншақ, бұзау, бота;

- қазақ жеті қазынананың бірі деп санайтын иттер және оның күшіктері: тазы, алабай және т.б.;

- қазақ қадір тұтатын дала хайуанаттары: барыс, жолбарыс, елік, қарақұйрық, құлан және т.б.;

- құстар: аққу, қарлығаш, бүркіт, қырғауыл, үкі, қаршыға және т.б. олардың негізгі мазмұнын құрауы тиіс.

Мұдай мүсіндер қатты немесе жұмсақ табиғи материалдардан (ағаш, былғары және т.б.) болуы шарт.

Сонда, қазақ ертегілері арқылы бүлдіршіндеріміздің тілі дамиды және сәбилік кезеңде-ақ, олар қазақтың ғасырлар бойғы тіршілік ету көзі болып келген төрт түліктің түрлерімен танысады. Сондай-ақ, сол бүлдіршіндеріміз жылдың бір бөлігін ұйқымен өткізетін аюдың қонжығын емес, өзіне тән тектілігімен, бұдалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкәппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дара-

ланатын барыстың аланын құшақтап ұйықтайды.

Енді үйретуші ойыншықтарға (үстел ойындары, құрастырма ойындар және т.б.) тоқталатын болсақ, қазақтың киіз үйін құрастырмалы ойыншық түрінде шығаруға болады. Бұл балалардың оның құрылымымен кеңінен танысуына, әрбір бөлігінің аталуын жаттап алуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде олардың сөз қорлары кеңейеді. Сонымен бірге Астана, Алматы, Атырау, Ақтау секілді қарқынды дамып келе жатқан үлкен қалалардың, Тәуелсіздік монументі, Қазақ елі монументі, Бәйтерек, Пирамида, Бурабай, Медеу, Көктөбе, Отырар, Сарайшық сияқты мәдени-демалыс және тарихи орындардың көріністерін де қатырма қағаз бетінде құрастырылатын ойыншық түрінде балаларға ұсынуға болады. Еліміздегі тамаша табиғи көріністері бар шығыстағы Мұзтау, қазақтың үш биі бас қосқан Ордабасыдағы тарихи орын, Нұқ пайғамбардың кемесі қалған дейтін Қазығұрт тауы, Іле Алатауы, Шарын шаткалы, Жасыбай көлі, Каспий теңізі бейнеленген кәдесыйлардың да ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Алтайдағы маралдар, Каспийдегі итбалық, Алтынемелдегі құландар табыны қазақ балаларының ойыншығының тәрбиелік тұрғыдағы сипатының ұтымдылығын арттыра түседі.

Техникалық ойыншықтар (машиналар, тракторлар және т.б.) өзіміздің елде құрастырылатын машиналар, жүк машиналары, техникалық құралдар түрінде жасалуы қажет.

Қозғалмалы және спорттық ойындарға арналған ойыншықтарға балалардың дене бітімін дамытуға арналған цилиндр, конус және шар түріндегі қазақы дауыс шығаратын оқтаулар, кішкентай арбалар, асықтар, доптар, үрмелі бөренелер, үрмелі сақиналар, сылдырмақтары бар делбе, әртүрлі өлшемді доптар, автомобильдер, шокпарлар, секіргіштер, екі-үш, төрт доңгелекті велосипедтер, суда ойнауға мүмкіндік беретін әртүрлі бейнелі ойыншықтар, ережесі бар ойындарға арналған ұлттық нақыштағы жалаушалар жатады. Бірақ бұл ойыншықтардың барлығы

ұлттық нақышта безендірілуі тиіс. Бұлар қозғалыс белсенділігін арттыруға, кеңістікте бағдарлана алу біліктерін қалыптастыруға, қозғалысын дамытуға мүмкіндік береді.

Сәндік және салтанатты мейрамдарға арналған ойыншықтарға тоқталатын болсақ, олардың қатарын жоғарыда айтылған үйретуші ойыншықтардың мазмұнын қамтитын кәдесыйлар, сонымен қатар, қазақтың эпостық жырларының басты кейіпкерлері Қобыланды, Алпамыс сияқты, сондай-ақ елді жаудан қорғаған Наурызбай, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Қарасай сияқты батырлармен бірге, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов және т.б. батырлардың да, еліміздегі әр мамандық иелерінің де сомдалған бейнелері толықтырады. Сонда өзіміздің балаларымыздың ұлттық жауапкершіліктен ажырауымен күресу үшін, оларды өздерінің ата-бабаларының қаны мен рухын өздерінде сезіне алатындай және қазақ халқының бүкіл тарихын, тағдырын, жолын және икемділігін еркімен және сүйіспеншілікпен қабылдайтындай; қазақ әулиелерінің, батырларының, данышпандары мен көсемдерінің істері мен сөздерін қалшылмен және елжіреп ұрандайтындай етіп тәрбиелеуге болады. Мектепке дейінгі тәрбие беру барысында осындай рухани қуат алған және осындай жайдың ошағы өз жанұясында болған қазақ балалары қай жерде жүрмесін нағыз да сенімді қазақ адамына айналады.

Тіпті, ойыншықтардың мұндай түрі балалар арасында ұйымдастырылған іс-шараларда жеңімпаздарға сыйлықтар ретінде беруге болады. Сонда олардың атының өзі құндылыққа айналады, соның негізінде патриоттық сезім тәрбиеленеді, өзі шыққан халық үшін мақтаныш сезімі туындайды. Мұның бәрі жас ұрпақтың отаншыл, елжанды болып өсуіне ықпал етеді және олардың ұлттық кескін-келбетінен айырылмай биік сатыларға көтерілуіне мүмкіндік береді.

Ойыншықтардың осындай түрлері эстетикалық талғамды, ұлттық мәдениет туралы

базалық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беріп, уақыт байланысын қамтамасыз етеді.

Ойыншықтардың адам тәрбиесіндегі осындай мүмкіндіктерінің адамды жеке тұлға ретінде қалыптастыру және дамыту үшін, адамның заманауи қоғамның талаптарына тұлға ретінде жауап беруі және оның толыққанды мүшесі болуы үшін, алдыңғы ұрпақтың білімін, өнерін, әлем мен өмірді алға қарай алып жүру әлеуеті мен қабілетін, жасампаздық қабілетін жоймай, дұрыс пайдалануы үшін қажетті рухани-адамгершіліктік тәрбие беруде алатын орны да ерекше. Сонымен бірге олар ұлттық игіліктер мен құндылықтарды толығымен мойындайтын-дай және меңгеретіндей етіп жас ұрпақты өз еліне және халыққа деген ділдік тазалық пен сенімге тәрбиелеу құралы да бола алады. Ол үшін осындай ойыншықтардың көмегімен бала жастан ана тілі (мемлекеттік тіл), қазақ мәдениеті, тарихы жөнінде қарапайым түсі-

ніктер қалыптастыруға болады.

Жалпы қазақ халқының рухани кедейлігіне шағымдануға ешқандай негіз жоқ. Қазақ халқы өзінің тарихында қай уақытта болмасын жас ұрпақ үнемі байытып отыруы тиіс мәдениеттің нағыз қазынасын жасады. Олардың біріншісі – қазақ тілі. Отбасында ана тілі патшалық етуі тиіс: негізгі отбасылық оқиғалар, мерекелер, пікіралысулар тек қазақ тілінде болуы тиіс.

Қазақ өлеңдерін тыңдап, жаттап, қазақ әндерін айтып, қазақ ертегілерін тыңдап өскен қазақ баласы өзінің адамгершіліктік және ақыл-ой дамуында үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Сонымен бірге, баланың бойында қазақ халқының тарихында ілімділіктің, данышпандықтың және күштің шын мәніндегі асыл қазынасы бар екендігіне деген сенім ұялатуымыз тиіс. Осы бағыттарда да біз тоқталып кеткен ойыншықтардың атқаратын рөлі зор.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Шөпеғұл Жолдасбек. Қазақ баласының ойыншығы қайсы? Айқын газеті. №90-93 (25939) 12 наурыз жұма, 2010.
2. Сатыбалдықызы Гүлназ. Ойыншықтарымызға ұлттық келбет керек. Жас алаш №30 (15592) 19 сәуір, 2011.
3. Фомин Андрей. И.А.Ильин. Клайпеда. <http://zapadrus.su/rusmir/klt/14-2010-06-21-15-40-34.html>.
4. Данилкина Г. развивающие игрушки//<http://www.rebenok.com/info/library/games/69739/razvivajushie-igrushki.html>.
5. Игра дошкольника.//Под ред. С.Л. Новоселовой.-М.:Просвещение.-1989.
- 6.Социологическое значение игрушек // <http://igrushka.kz/phpbb2/viewtopic.php?p=8592#8592>.
7. Байковская О.Ф. Просмотр массовой продукции артелей. // Игрушка. М., 1950. С.37.

Резюме

В статье рассмотрены и обоснованы возможности и виды игрушек национального характера в развитии детей разного возраста.

Summary

In this article were reviewed and justified the opportunities and types of toys in the development of national character children of different ages.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕМІЗДІҢ БАСТАУЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ

*Инновациялық технологиялар және білім беру
мазмұнын ғылыми-зерттеу институты директоры
ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер,
профессор **Нуриев М.А.***

*Педагогика ғылымдарының магистрі,
жауапты хатшы
Құрманғали А.К.*

*№ 147 гимназияның оқытушысы
Мұхаметкәрімова А.С.*

*«Кешегі бабамызбен ғана емес,
бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де
мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек»
Н.Ә.Назарбаев.*

Мемлекетіміздің іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Ұлттық мұраның бай қазынасы - халықтық ұлттық ойындар. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойын келешек ұрпақтың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Ойынға қызықпайтын адам, сауық құрмайтын халық, ойнамайтын бала жоқ. Үлкен де кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістікпен көңілдеріне қуаныш орнатады. Тарихының көнелігіне қарамастан ойын үнемі жаңа, ол тат баспайтын, ескірмейтін нәрсе. Өйткені, күн сайын дүниеге келіп жатқан сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, дүниеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатын да – осы ойын. Ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабамыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы елімізде б.з.б. I-мыңжылдықта қалыптасқан. Ұлттық ойындардың негізгі шығу төркіні

халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады. Қазақ халқы негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған.

Халқымыздың ұлы перзенті, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай мұраларын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқан көрнекті ғалымдар: К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алехторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П.Пашин, Г.С.Запрудский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. Бұл ғалымдардың ұлттық ойынға берген ғылыми тұжырымдамалары бізге өте маңызды, құнды еңбектер. Ал, көрнекті ғалым Е.Сағиндіқов

өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған. Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты құнды еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады. Сонымен қатар, ол «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласына тоқталсақ: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағына жатқандығы сөз етіледі.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталған ұлы ғалымның бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» атты еңбегін аса құнды еңбек деп атауға болады. Халқымыздың көрнекті перзені М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды түбегейлі зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген. Қазіргі таңдағы ұлттық ойынымыздың зерттелуіне ден қойып, оны бүгінгі күн тұрғысындағы бала тәрбиесіндегі рөлі, баланың ой-өрісін қалыптастырудағы маңызы жайын зерттеудегі ғалымдарымыздың қатарына түріктің ғалымы Ибрахим Йылдырымды және де О.Аманжолов сынды ғалымдарымызды айтуға болады. Көрнекті ғалым Ибрахим

Йылдырм өзінің зерттеу жұмысының нысаны ретінде «Оңтүстік Қазақстан облысында тұратын қазақ балаларының ойындары» атты, ал Орал Аманжолов «Асық және лянга» атты құнды еңбектерін атап айтуға болады. Бүгінде балалар ұлттық ойындарынан гөрі интернет қарағанды немесе компьютер ойындарын ойнағанды жақсы көреді. Бұл әсіресе, қала балаларының тыныс-тіршілігінде. Қазіргі таңда ұлттық ойындарымыз шет қалып отыр, яғни ғалымдарымыздың зерттеу еңбектері осы қазақтың ұлттық ойындарының жандандырылуына аса зор мән берген.

Ал, қазақ халқының ұлттық тәрбиелеу жүйесіндегі бала ақыл-ойын дамытатын алуан түрлі ұлттық ойындардың тигізер пайдасы аса зор. «Алтыбақан», «Бәйге», «Ақ сүйек», «Теңге алу», «Аударыспақ», «Қыз қуу», «Жамбы ату», «Тоғызқұмалақ» т.б. Айта берсек, қазақтың ұлттық ойындары сан түрлі. Біздің мақсатымыз халқымызға тән сан түрлі ұлттық ойындарымызды тізіп шығу емес, керісінше, ата-бабаларымыздан мұра боп қалған және ол кісілер бұдан сан ғасыр бұрын ойлап тауып, уақыт өте ұрпағына қалдырған ұлттық ойын түрлерінің маңызы мен мәнін саралап, талдап, дәл осы ойындарды қазіргі таңда жаңаша пайдалануды бұлжымас дәстүрге айналдырсақ деген ұсыныс білдірудеміз.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, қайсарлықты, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы да басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді. Сонымен бірге, бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатыспай тұрып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Мысалы, бәйгені алайық. Ол үшін алдымен бәйгеге қатысатын атты таңдап алады. Ол атты баптап, бағып-күтуге тура келеді, оның ішетін суы мен жейтін жеміне дейін белгілі бір мөлшерге келтіреді. Осыған қарап отырсақ, қазақтың ұлттық ойындары сауықтық жағынан ғана емес, спорт, өнер,

шаруашылық тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы екенін аңғарамыз.

Ойын - бір жағынан, дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, ал бір жағынан, көңіл көтеру, дем алу, бір жағынан бас қосып бірлесіп, әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Шаруашылықтан босаған уақытта той-думан мен ойын-сауықтар жиі атқарылады. Қазақ халқы тойшыл, көпшіл халық қой. Осы той-думан, ойын-сауық кешендері халықты тұтастыққа, бірлікке тартады. Көңілді ойын-сауықта адам баласы табиғатпен, табысты тынысын кеңейте алады, ұнатқандарымен жақындаса да алады. Халықтың табиғи көркемдікке қызығуы оны тамашалауы көшпенділердің жас кезінен қанына сіңірген қасиет. Сонымен қатар, ойын - ұрпақтар өмірін үйлестірудің дәстүрлі әнмен, бимен өрнектелген сауық түрі. Қазақтың ұлттық ойындары жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген қызығушылығын, көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Сондықтан да, ойынды баланың жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс деп тануымызға болады. Ойын бала дене мүшесі мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін тартқызатын, жеңімпаздардың мәртебесін көтеретін кеңістік пен қолдау тоғысы. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, жасөспірім балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға деген ықылысын оятып, дүниетанымын арттыра білген. Тіпті қайсыбір ойын арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрат еткен. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен.

Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойыны достық пен қонақжайлылықтың бір белгісі және көптің басын біріктірудің кепілдігі, сүйкімді әнші мен әңгімешілерге мұқтаждықтың айғағы. Ойын сауықта

жалғыздық сезім, арам ниет билей алмайды, ойыншы үнемі ізденісте болады. Ондағы құдірет өнерпаздық, түсіністік және келісімге жол табу. Адамзат қашанда болмасын осы үш құдіретке тәнті болған, сол құндылыққа жетудің мүмкіндігін арнайы және үнемі іздестірумен әуреленген.

Ұлттық ойын – салауатты өмір салтын ұстанған, елі мен өзінің туған жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлғаны ұлттық тәрбиемізге тән тәрбиелеп шығарудың құралы. Әрбір баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Келер жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-жетілуіне әсер ететін факторлар қазақтың ұлттық ойындары болып табылады. Осы ұлттық ойындардың негізгі мақсаты бала бойындағы дене күшінің сапалық қасиеттерін жетілдірумен қоса, оның мінез-құлқы мен адами қабілеттерін сәби кезеңнен тәрбиелеуге ұлттық ойындардың пайдалы ықпалы бар. Ойынның тағы бір ерекшелігіне тоқталсақ, ол тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Жарыссыз ойын, ойынсыз әзіл-қалжың бола бермейтіні анық. Ойын-сауық қара күш көрсететін озбырлық немесе біреудің намысын жерге таптайтын қастандық емес. Ойынның әсемдігі мен сөз өткірлігі, күш пен қабілет ашық сайысатын ортада көрініп, ділмарлар, шешендер, шеберлер өз мәртебесін мойындатып жатады. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы және оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне көңіл бөледі. Ойын барысында басекелестікке бел байлайды. Сонысымен өзінің озбарлығын, алғырлығын көрсетеді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетілуіне кім кепіл. Ойын - адамның қабілет-қасиетін ширататын, шымырлататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі.

Ертеректе ата-бабамыздан қалған “баланы жастан” деген түсінік бар, яғни, мұнда ойын-сауық арқылы жасөспіріммен тәрбиелік жұмысты ертерек және жас ерекшеліктеріне қарай жүргізуді пайымдаған екен. Ойынсыз ұрпақтың кім екенін, халықтың қандай екенін бағалау екіталай екенін аңғарған абзал. Яғни адам мен ойын түйіндес, түбірлес келеді. Ойын-сауық қазақтың әдет-ғұрпына үнемі және айқын ықпал еткен.

1. Kamiński A. Zakres i podstawowe pojęcia pedagogiki społecznej Heleny Radlińskiej // Wstęp do książki Radlińska H. Pedagogika społeczna. Wrocław–Warszawa–Kraków: Wydawnictwo–Zakład Narodowy imienia Ossolińskich, 1961–417 s.
2. Okraska R. Pomocna dłoń // режим доступа в 17.35, 5 марта 2010 г: www.polskieradio.pl/nauka/tags/arttykul47927_pomocna_dlon.html
3. Radlińska H. Pedagogika społeczna. Wrocław–Warszawa–Kraków: Wydawnictwo–Zakład Narodowy imienia Ossolińskich, 1961–417 s.
4. Theiss W. Radlińska. Warszawa: Wydawnictwo „Żak”, 1997, – 336 s.
5. Wroczyński R. Helena Radlińska–działalność i system pedagogiczny // Wstęp do książki Radlińska H. Pedagogika społeczna. Wrocław–Warszawa–Kraków: Wydawnictwo–Zakład Narodowy imienia Ossolińskich, 1961–417 s.

Резюме

Мақала Польшадағы әлеуметтік педагогиканың практикасы және теориясының қалыптасу тарихы мен дамуы сұрақтарына арналған. Мақалада Польша әлеуметтік пе-

летіндігі даусыз. Ол үшін рухани ұстаздардың шығармаларында ұсынылған құндылықтарды уағыздау, насихаттау арқылы оларды басшылыққа алу дәрежесіне көтерілуіміз міндет. Ұлт ұстаздары елдің тағдырлық мәселелерін терең талдай білген. Ұлт мәселесін елдің рухани өмірінің құрамдас бөлшегі ретінде қарастырады.

Шәкәрім «Абай» журналының 3-санында, 1918-жылы «Ұлтшылдық туралы» атты мақаласын жариялаған. Онда: «Абай» журналының екінші нөмірінде жарияланған ардақты Мәнен бауырымыздың «Ұлтшылдық» деген мақаласына бірауыз сөз айтқызымыз келеді» - деп мақаласының жазылуы себебін білдіреді. Осы мақалада Шәкәрімді толғандырған мәселе: ұлт, ұлтшылдық, ұлтты адамгершілікке тәрбиелеу.

Мәнен Туғанбай «Ұлтшылдық» деген мақаласында: «Қысқасы: ұлтшылдардың мақсаты әрбір ұлттарға мәдениет кіргізіп, бақыт таңының атуына себепші болмақ. Мәдениет күшейген соң өздері-ақ кісішілдік пікірін тауып алады. Ұлтшылдар әр жұртты шиеленістіріп, қырылыстыру, өз ұлты үшін басқаларды құрбан қылу деген ойдан жырақ» деп жазады. Шәкәрім Мәнен Туғанбайдың мақаласына сын ретінде және «ұлтшыл» қандай болуы керек дегенге былайша анықтама береді: «Менің ұғуымша, ол кісі: «Ұлтшылдықтан мәдениет, мәдениеттен адамшылық туады» - дейді. Бұған дәлел керек қой!? Көріп отырмыз, ұлтшылдық пен мәдениеттің ең жоғарғы басқышындағы Европа, олар адамшылық қылып отыр ма? Менің ойымша әлі күнге шейін, асса ұлт, қалса өзімшілдіктен оза алған жоқ. Себеп не? Ұлтшылдық мәдениетті туғызса да, ақ жүрек туғыза алмайды; ақ жүрек дегеніміз «Ұждан» (Әммә жанға махаббат, шапағат, ғаділет), қазақша тәмәм адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қуу. Осы айтылғандай, ақ жүрек көбеймей тұрып, адамшылық жеңе алмайды. Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар?» -

деп жазады. Ал, ақ жүректің сапасын ойшыл өз шығармашылықтарында былай береді: «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық, ақ жүректен шығады». Шәкәрім «Ұлтшылдық туралы» мақаласын да ары қарай мынандай ой айтады: «Және Мәнен бауырымыз: «Партиялардың бәрінің көздеген мақсаты дұрыс» - дейді. Қата қылса да, енді дұрыс демесе, ақиқат біреу-ақ емес пе? Менің ойымша, осы XX ғасырдың өнер елдерінің – білімі қылған ісінен, біле тұра нәпсісіне құлдығы зор сықылды. Қорытқанда «ақ жүрек» қайтсек табылады? Қайткенде соны таба аламыз? Бар мақсат енді сонда болу керек қой». Шәкәрімнің қағидалық ойлары қазіргі кезде «ұлт мәселесі» төңірегінде пікір айтып, «ұлтым менің» деп жүргендерге ой салып, жөнге келтірері ақиқат. Абайға сүйеніп айтсақ: «Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек». Міне, адам мәселесіне қатысты Абайдың осы тұжырымын ұлт мәселесін зерделеуде пайдаланғанымыз абзал болар.

Ұлт ұғымы қадірлі де, қасиетті ұғым. Ұлт ұғымы туралы сөз айтылғанда жүректегі махаббат сезімінің оянып, ұлтыңа деген ыстық ықыласың мен тамаша ақ ниетің сезілмесе, құр айқайымыз бен, жалаң да, жадау әрекетіміздің зиянын тигізіп алатынымыз айғақ. Оны ұлт ұстаздарының қағидалары айқындап тұр.

«Ұлттық өзімшілдік» дегенімізді ұлттың өркендеуіне кесіп, пішіп, таңып, солай болуға тиісті десек, ғұлама Шәкәрімнің: «Менің ойымша әлі күнге шейін, асса ұлт, қалса өзімшілдіктен оза алған жоқ» - деген пікірі қазіргі кезеңдегі қазақ қоғамындағы психологиялық хал-ахуалды да аңғартып тұрған сияқты. Шәкәрім адамның рухани жетілуіне «өзімшілдіктің» зиянын шығармашылықтарында жеріне жеткізе дәлелдеп, суреттеген. Ары қарай былай дейді: «Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге

зиянсыз жолмен табу ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар?» Өзгелерге зиянсыз жолмен ұлт өркеніне игілікті істер істеу үшін «ақ жүректі» болуы игі іс, ал енді осы көзқарасқа «ұлт мәселесін» сөз еткенімізде ойшыл Шәкәрімнің пікіріне ден қойғанымыз дұрыс болар. Себебі, өзгенің мүддесіне қайшы әрекеттен өзімшілдік туындатып, зияныңды басқаға тигізіп, зардап әкелудің түбі өзіңе, өз ұлтыңа жаманшылық жасау. Міне, сондықтан Шәкәрім «ақ жүрек» мәселесіне былай анықтама береді: ақ жүрек дегеніміз «Ұждан» (Әмма жанға махаббат, шапағат, ғаділет), қазақша тәмәм адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет куу. Осы айтылғандай, ақ жүрек көбеймей тұрып, адамшылық жеңе алмайды». Ендеше ұлт мәселесін сөз еткенімізде өз бойымызда жоғарыдағы пікірге сай қасиет барма деген сұрақ төңірегінде жұмыс жасағанымыз абзал болар. Осындайда Абай қара сөзіндегі: «Егер есті адамның қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп алудың!» тиімділігі зор. Яғни, өз-өзіңнен есеп алу, өзіңді тануыңа көмектесері сөзсіз. Адамы дұрыс қоғамның ісі, мәдениеті де, ақыл ойы да әлеуметтік жағдайы, хал – ахуалы да дұрыс болатыны анық.

Ұлт мүддесіне қатысты мәселеде ойлы пікір айту үшін де «мың ойланып, толғанып, барып» ой сүзгісінен өткізіп, байыппен қарап, Абай мен Шәкәрім айтқан қағидаттарға ден қойғанымыз жөн болар. Себебі, ұлт ойшылдары өз ұлтының кемшін тұстары мен жетістіктерін әбден сын елегінен өткізіп барып, мәселені анық та, айқын алдыға қойған. Кемшіліктерімізді жөндеу арқылы, жетістіктерге жете алатынымызды, өзімізді тәрбиелеудің маңыздылығы ұлтымыздың өркендеуіне жол ашатыны жайында нақты ойларын өз туындыларында көрсеткен. Ендігі біздің басты міндетіміз олардың тіректі ойларын, өз ұлтымыздың мүддесіне қызмет жасау үшін айналымға енгізіп, қоғамдық сананың алыптар армандаған кемел деңгейде жаңғыра түсуін жүзеге асы-

руымыз қажет. Ұлтшылдықты өзімшілдік тұрғысынан түсінсек, сөзсіз ұлт өркеніне кедергі келтіретініміз анық. Қазіргі кезеңде қоғамымызды жегі құрттай кеулеп жатқан рушылдық дерті надандық, өзімшілдік сынды Абай мен Шәкәрімнің зығырданын қайнатқан кеселді қасиеттердің туындап отырғаны айғақ. Әрине шыққан тегінді біліп, туған жерінді аялау, бұл ардақты да, қасиетті іс. Ол әрбір қазақ баласына тән қасиет болуға тиісті.

Алайда, осы жан дүниендегі тамаша сезімді, дүниеауи істер тұрғысында жүзеге асырудың залалы қоғамды жайлап, елдің өркендеуіне кесірін тиізіп отырғаны шындық. Жершілдік пен рушылдық тек қана жекенің пенделік ісін қамтамасыз етуге қызмет жасап отырғаны ұлттың дамуына кедергі келтіретін бірден бір фактор. Осы кесепатты жекенің немесе белгілі бір мүдделі топтардың қажетін өтеуі үшін пайдалануы жастардың болашағына балта шабу деп есептейміз. Өз жеріңнің немесе өз руыңның дарынсыз да, қолынан іс келмейтін баласын билікке іліккен соң баурына тартып, оған басқаларға билік айтқызып, жөн сілтеткізіп, шірендіріп қою, өкінішке орай біздің қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымызда жиі кездесіп отырғаны анық.

Міне, осыдан барып, қазақтың жақсыға ұмтылған баласының жолына бөгет болып, болашағына кедергі болатыны сөзсіз. Қазақтың талай жақсысы мен жайсаңын күмілжітіп, жолын кес-кестейтін де осындай дарынсыз, қарақан басының қамы үшін жүргендер екені айғақ. Ал, елінің, ұлтының мүддесіне қызмет жасайтын деңгейге көтеріліп, ел ертеңін ойлайтын азаматтарымыздың ішкі адами сапаларының жетілдіріп, еліне сүйіспеншілікпен қарауына «ақ жүрек» қажет. Жоғарыда келтірген Шәкәрімнің мына пікіріне тағы да назарымызды аударайық: «Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар?». Шәкәрім «ақ жүрекке» мынандай анықтама береді: «Ақ жүректің керектігі–

мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады». Ұлт болашағын ойлаған кез-келген адамның бойында осы сапалардың болуын Шәкәрім ақын нақты көрсетіп отыр. Жалпы адамның ішкі мазмұны, адам тәрбиесі деген мәселені күн тәртібіне қойып, осы мәселеге ұлттың болашағы жарқын болуы қажет деген ұстанымға айналдыру маңызды іс. Мәселенің барлығы осы іске келіп тіреліп тұрғаны айғақ. Абай мен Шәкәрім бұл маңызды іске айрықша мән берген. Біз ғұламаларымыз айтқан пікірлерге ден қоюымыз қажетті.

XXI ғасырдағы нәпсі жайлап, құлқынның құлдығы дендеген дәуірде ұлт болашағына кері әрекет ететін істерді тоқтататын бірден-бір құрал ұлт ұстаздарының адам тәрбиесі жөнінде айтқандарын ұлтымыздың рухани тазаруын жандандырып, оны ұстанымға айналдыру механизімін іске асыру маңызды. Абай, Шәкәрім мұраларын ұлттық идеологияға айналдыру үшін мемлекеттік дәрежеде бағдарлама керек. Мемлекет басында отырған арлы азаматтарымыздың осы істі қолға алуға тиісті. Өйткені, бұндай істі атқаратын адамдарды яғни бұл жерде Шәкәрімнің мына пікіріне жүгінуге тура келіп тұр: «Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар ілімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың кожа болып қалу жағын көздеу керек.

«Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай». Шәкәрімнің бұл пікірі қазіргі кезеңде қоғамды, адамды, ұлтымыздың рухани серпілісіне демеу бола алатын сұраныста

тұр деп есептейміз. Ал, «Ар ілімін» қалыптастырудың ең басты тірегі- «ақ жүрек» феномені. Шәкәрімнің шығармашылығының дені ақ жүрек ұғымымен байланысты. Адамның ішкі әлемінің рухани тазаруын қалайтын да осы «ақ жүрек». «Ақ жүрек» қоғам өмірін жақсартуға ықпал ете алатын қасиетке ие. Адамның барлық іс-әрекетінде ақ жүректің маңызды орны бар. Шәкәрім: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Шәкәрімнің бұл концепциясы қоғамның және адамның жетілуіне тікелей ықпал ете алатын зор бағдар деп ұққанымыз жөн болар. Абайдың, Шәкәрімнің «толық адам», «Ар ілімі» ұлт өркеніне, адамның рухани жетілуіне қажетті. Қазіргі біз өмір сүріп отырған кезеңде рухани деградацияға ұшырағанымызда, әлемді нәпсі кеселі жайлап, ынсапты нәпсі зында-нында байлағанымызда ұлт ұстаздарының айтқан ойлары мен пікірлері бізге демеуші болатыны айғақ. Ұлтымыздың өркендеуіне, қоғамның дамуына, адамның рухани жетілуіне «ақ жүректің» ықпалы, әсері зор. Ендеше, «ақ жүректің» араласпайтын жері жоқ. «Ақ жүрек» бар жерде ілгерілеу бар. Сондықтан Шәкәрім «ақ жүрекке» рухани құндылықтың тірегі ретінде айрықша мән береді:

Ақ жүрек пен таза ақыл,
Қылсаң Адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл-
Артқыға жол бермек (Шәкәрім.
Алматы: «Ел-Шежіре» 2008, - 280 б.).

Қарап отырсақ, «ақ жүрек» ұғымының араласпайтын жері жоқ. «Ақ жүрек» адам өмірін жақсартатын рухани күш. Шәкәрім дәріптеген «ақ жүрек», Абайдың «толық адам» концепциясындағы «жылы жүрек» ұғымымен сәйкес, сабақтасып жатыр. Бір бағыттағы бұл ұғымдар адамды түзу өмір сүруге бағыттайтын рухани құндылықтар.

тәрбие ортасының болуын қажет деп санайды. Ондай ортаның негізгісі, әрі баланың бақытқа қол жеткізудегі қасиеттерінің негізі қаланатын тәрбие институты *отбасы ортасы* екендігін мынадай сөйлемдер қатарлары арқылы тамаша келтірген: “Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді.

Осы қауымдағы адамдардың әрқайсысын оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір - біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады”, - деп отбасында өзара көмек пен ынтымақ болғанда ғана ортақ мүддеге қол жеткізуге болатындығын және сол арқылы әрбір отбасы мүшесі өз мүддесіне, бақытына қол жеткізетіндігін түсіндіреді.

Бүгінгі күні біз қазақ қоғамындағы отбасы тәрбиесінің ұлттық дәстүрлерін жаңғыртамыз деп жүргенімізде, өскелең ұрпақтың ұлттық дәстүрден алшақтап өсуі барған сайын отбасы тәрбиесін жұтандатпақ. Оның үстіне қалыпты отбасыларындағы тәрбие де көпшілікті аландатарлықтай жағдайда. Нақтылап айтқанда, отбасыларындағы ажырасу саны жыл өткен сайын азаймай отыр, 2008 жылғы көрсеткіш бойынша 135280 адам үйленіп, оның 35852-сі ажырасқан (26,5%). Сонымен қатар, 7530 кәмелетке толмаған бала қаңғыбас атанып, үйінен кетіп қалған. Жасөспірімдер арасында жүйке ауруларына шалдығып, өз-өзіне қол жұмсау артып барады, бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде 2010 жылдың өзінде 10 бала өмірден озған [1]. Мұндай көрсеткіштермен ұрпақ тәрбиесін ұлттық бағытта ұйымдастырып, қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан, бү-

гінгі отбасы тәрбиесі мазмұны мен технологиясын ұлттық бағытта жетілдіру жолдарын қарастыру қажет. Отбасы тәрбиесін тиімді ұйымдастыруға деген сұраныстың болуымен қатар, оны ұйымдастырудың бір жүйеге келтірілген механизмдері жасалмаған.

Осы тұста, біз отбасы тәрбиесінің мәні мен міндеттерін және оның тұлға қалыптасуындағы маңыздылығын түсіндіретін алғашқы сауаттандыру жұмыстарын мектеп, кәсіптік білім беру мекемелері және т.б. мекемелерден бастап ұйымдастыру қажет деп білеміз.

Мектеп қабырғасындағы жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін болашақ отбасылық өмірге дайындық жұмыстары жоғары оқу орнына бармайтын, еңбекке араласатын жастар үшін маңызды. Себебі, бүгінгі жастар арасында (Оңтүстік облыстарда) мектеп қабырғасында жүріп тұрмыс құрып жатқан да жастар бар. Сондықтан да отбасын құрудың маңыздылығы мен отбасы өмірін ұйымдастырудың функциялары туралы алғашқы ақпараттар берілгені дұрыс. Осы тұста мектеп пен отбасы бірлескен жұмыстарын жетілдіру арқылы ұл, қыз тәрбиесіне жете көңіл бөлу қажет. Мектеп бағдарламасына енген «Валеология» пәндері мазмұнындағы ақпараттарды ұлттық бағытта толықтырып, оның оқытылу әдістемесін, ақпараттың түсіндірілу механизмін жетілдіру қажет. Баланы болашақ отбасылық өмірге даярлай отырып, оның жеке басының гигиенасы мен денсаулығын сақтау мақсатында болашақ ұрпағы мен әулет дамуын жалғастыру жолдарын дәстүрлі де ғылыми ақпараттармен байланыста оқытатын жаңа жүйе жасау қажет. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауда медициналық және психологиялық тұрғыдағы білімдер жүйесімен қаруландыру мектеп оқушыларының жеке басын қалыптастыруға ерекше ықпал етеді.

Ал, жоғары оқу орындарында болашақ маманды даярлаумен қатар олардың отбасылық өмірді ұйымдастырудағы біліктілігін жоғарлату маңызды. Өкінішке орай, бүгінгі жас

маман отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан кеңес беруге дайын емес. Түріктің ұлы ғұламасы әл-Фарабидің «Тек бақытты адамдар ғана ізгі істер атқаруға қабілетті болады» деген ұлағатты сөзін ескеретін болсақ, отбасында татулық пен береке болған ортадан шыққан маман ғана қоғамға пайдалы істермен айналыса алмақ [2]. Сондықтан, кәсіби білім беру мекемелерінде «Отбасы педагогикасы» пәнін ендіру қажет деп білеміз. Бұл пәннің мазмұны отбасы мәртебесі мен адам тәрбиесіндегі рөлін, отбасы функциялары мен оны ата-ана тарапынан жүзеге асырудың жолдарын, тұлға қалыптасуындағы отбасы ортасының ықпалын, ерлі-зайыптылардың бір-бірінің алдындағы міндеттері мен қарым-қатынастарының сипатын, олардың балалары алдындағы парыздары мен тәрбие міндеттерін айқындап беруді қамтуы тиіс.

Бүгінгі отбасыларына бала тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық кеңес беретін және көмектесе алатын мекеме – мектеп болып табылады. Мектеп мұғалімдері жоғары оқу орындарынан арнайы дайындықпен келгенде ғана отбасы тәрбиесі проблемаларын шешуге қабілетті болмақ. Осы тұста ата-аналардың да отбасы тәрбиесін ұйымдастыру бойынша білімдері мен ынта-ықыластары біркелкі емес. Сондықтан ата-аналар жиналысында бәріне ортақ мәселе-бала тәрбиесін тиімді ұйымдастыру мақсатындағы тәжірибелер мен теориялық тұжырымдарды талқылап, пікір алмасу маңызды. Сынып жетекшісі бағыт-бағдар беріп, тақырыптың бір арнада өрбуін қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушысының бойында кездесетін әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және физиологиялық даму өзгерістерімен қатар, оларды қалыптастыру жолындағы ата-ана әрекетін ұйымдастыруды бірге үйрену қажет. Сонда ғана бала дамуымен туындап отыратын мәселелер бойынша тақырыптар таңдалып, сөзге арқау боларлық тақырып шығып отырады. Осылайша, біртіндеп ата-аналардың да отбасы тәрбиесін жетілдіру

бойынша сауаттылығын жетілдіріп отыру тиімді. Сонымен қатар, ата-аналардың есте ұстар басты қағидасы - әрбір ата-ана балаларын дәл өзіндей етіп емес, өзінен асып түсетіндей етіп тәрбиелеуі керек екендігін ұмытпауы тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-ана заманына қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ. Соны басты назарда ұстау керек[3].

Бүгінде халқымыз тілі мен ділін және дінін қайта жаңғыртып, оның нұрлана түсуіне атсалысып жатқанда өз балаларымен қоса өзге балаларға деген жанашырлық танытып жатқандар да жоқ емес. Нақтылап айттар болсақ, 1999-2010 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша 31929 бала асырап алынған, ал 2010 жылдың өзінде 1048 ата-ана бала асырап алуға өтініш білдіргендер. Бұл көрсеткіш 2009 жылғымен салыстырғанда 105-ке артық, 2006 жылмен салыстырғанда 294-ке артық [1, 786.]. Бұдан шығатын қорытынды, бала асырап алуға деген сұраныс өз еліміздің азаматтары тарапынан да артып отырғандығын көрсетеді. Әйтсе де, осы отбасыларында тәрбиеленіп жатқан балаларға ата-аналар тарапынан берілген тәлімдік өнеге қаншалықты дәрежеде екендігі нақты емес. Қалыпты отбасыларындағы тәрбие жағдайының біркелкі еместігін ескерер болсақ, бүгінгі отбасыларына психологиялық-педагогикалық көмек керек. Оның бір жолы мектеп пен отбасының бірлескен жұмысын күшейту болмақ.

Бүгінгі отбасы жағдайында бала тәрбиесін ұйымдастыру көптеген ғылым саласынан білім де қабілетті болуды керек етеді. Ата-аналардың дені отбасын асыру мен олардың қажетін қанағаттандырумен уақыттарын өткізуде. Ал бала тәрбиесі назардан тыс немесе өзге адамның қолында болып отыр. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі күні әрбір үйде демесек те, бес отбасының бірінде бала күтуші жалданып жұмыс істейді. Ата-бабаларымыздың ұлағатты өсиеттерін еске алатын болсақ, бұл табиғатымызға, қала берсе тәрбиемізге жат дәстүр дер едік. Түріктің ұлы ғұламасы Ж.Баласағұн, әрбір

қазақтың біртуар перзенті М.О. Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» [4] деп айтқанындай әрбір дүниеге келген бала тағдырын мемлекеттік деңгейде отбасылық тәрбие жағдайында іске асыруды ойластыруымыз керек. Ол үшін қазақ отбасы тәрбиесін дәстүрлі ұлттық тұрғыда ұйымдастыруды қамтамасыз ететін «мектеп – отбасы – кәсіби білім беру мекемелері» арасындағы кешенді бірлікті сақтай отырып, отбасылық тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу қажет.

1. Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамалығы. Астана, 2011.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
4. Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1984. –Т.15. –Б.7-9.

В статье рассматриваются социально-психологические проблемы казахского семейного воспитания и рекомендуются пути их решение.

Social – psychological problems of Kazakh family upbringing consider and recommend ways of their decision in this article.



Н.Ә.Назарбаев

О НАЦИОНАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЯХ ЧАЙНЫХ ТРАДИЦИЙ НАРОДОВ МИРА

*Бегалиева С.Б.- зав.кафедрой русской филологии для
иностранцев, к.п.н.,
профессор КазНПУ им.Абая*

В марте 2010 года кафедра русской филологии для иностранцев совместно с кафедрой национального воспитания КазНПУ им.Абая провели воспитательное мероприятие на тему «Традиции чайного двора», целью которого явилось знакомство с традициями и культурой разных народов, укрепление межнационального согласия и дружбы, формирование коммуникативной компетентности студентов, социально-культурная адаптация иностранных студентов в Республике Казахстан, а также популяризация идей гуманизма и интернационализма кафедрами русской филологии для иностранцев и национального воспитания КазНПУ им.Абая.



Чай - это проверенное вековой историей средство объединения людей. Этот уникальный напиток прочно вошел в культуру многих стран мира как национальный. Его считают таковым в Китае, Средней Азии, России. Оставаясь самим собой, чай обрел у каждого из народов свои оригинальные традиции. Чай всегда предполагает мирный диалог культур, мировоззрений. С целью демонстрации национальных чайных церемоний, популяризирующих идеи гуманизма и интернационализма кафедрами русской

филологии для иностранцев и национально-воспитания КазНПУ им. Абая было проведено мероприятие «Чайные традиции народов мира».



Вниманию гостей были представлены китайская, русская, уйгурская, корейская, монгольская и турецкая церемонии заваривания и употребления чая. Изюминкой мероприятия стала демонстрация казахского обычая – «Той бастар», во время которой студенты подарили гостям и участникам оригинальные сувениры и подарки. Показ каждой церемонии сопровождался национальной музыкой и слайдами по теме выступления.

В начале праздника слово было предоставлено гостям кафедры русской филоло-





гии для иностранцев: заведующей кафедры национального воспитания доктору педагогических наук, профессору Толеубековой Р.К., рассказавшей о работе своей кафедры.

Первыми представляли «Чайные традиции народов мира» студенты-китайцы 1 курса, которые удивительно точно смогли передать особое настроение китайской чайной церемонии - спокойное наслаждение мелочами, удовольствие от внимания к деталям и тихое очарование внутреннего мира. Главная цель китайской чайной традиции - раскрыть сущность чая, дать возможность участникам действия распробовать все нюансы его вкуса и аромата, утверждают студенты-первокурсники. Еще одна интересная особенность традиционной чайной церемонии - на столе нет ничего, кроме бамбуковых салфеток, чашек и чайников. В Китае чай не просто напиток, которым что-либо запивают, а полноценное «блюдо», в наслаждении запахом, цветом и вкусом которого и есть смысл церемоний - утверждает студентка Чен Фангфанг. Здесь



нетпривычных нам чашек или кружек. Студенты Хан Юй и Чень Цзинь используют для церемонии традиционные, совсем миниатюрные «чайные пары» - *ча бей* (низкая широкая чашечка, символ женского начала Инь), и *сян бей* (высокий узкий стаканчик, символ мужской энергии Ян). После второго заваривания (чай настаивается не более двух минут), Хан Юй разливает чай в *сян бей*, затем накрывает его сверху *ча бэем* и подает гостям. Во время церемонии не принято общаться, тишину нарушает только тихая музыка и голос первокурсника Су Дана, комментирующего процесс.

Резким диссонансом китайской церемонии выступала русская традиция чаепития, наглядно подчеркнувшая различия национальных характеров и культур. Ведь в рус-



ском чаепитии важна компания, потому что русская традиция, это прежде всего традиция общения и традиция получения удовольствия от этого общения, утверждают студенты-иностранцы третьего курса. Эта особенность, отчасти, определяет способ заваривания и подачи чая с пирогами, сладостями, сушками и баранками. Русский стол ломился от яств и традиционных чайных приборов: самовар, блюда с чайными парами, сахарница, тарелочки-розетки под варенье, вазочки, пироги, пряники. другое. Профессор, куратор 3 курса, Брулева Флора Григорьевна угощала гостей своим фирменным пирогом, студенты-иностранцы в русских националь-

ных костюмах в роли хозяев и гостей чайного стола демонстрировали публике русскую удаль и гостеприимство под аккомпанемент песни «Калинка».

Уйгурское чаепитие гармонично вобрало в себя элементы китайской и русской церемоний, что было продемонстрировано студентами подготовительного отделения, которые рассказали, что уйгуры обычно пьют чай после обильной еды. Во время трапезы не принято разговаривать и обмениваться мнениями, позволительно лишь постоянно предлагать гостям дополнительные порции. Это связано с тем, что уйгуры требовательные дегустаторы пищи. Также как и в китайской традиции, здесь важно распробовать все нюансы вкуса и распознать способы и качество приготовления оттенка традици-



онных блюд. А вот сам чайный дастархан предполагает более раскрепощенное, активное общение. Во время подачи чая «син чай» стол заполняется восточными сладостями, орехами, курагой, миндалем и др. Уйгуры Семиречья пьют соленый чай, забеленный молоком – «аткян чай», продолжает рассказ Жень Синьян, демонстрируя высокий уровень владения русским языком, несмотря на то, что он изучает его всего полгода. Сказался высокий профессионализм преподавателей языка. Завершает церемонию красивый уйгурский танец, в соответствии с традицией уйгуров, при котором общение зачайным дастарханом сопровождается танцами и песнями.



Принимают чайную эстафету студенты 2 курса и слушатели подготовительного отделения, которые показывали корейскую чайную церемонию. Студентка Хи Джин переливает горячую воду в чашу, чайные листья – как правило, используется зелёный чай – засыпает в чайник. После этого листья заливаются водой, которая очень быстро сливается – таким образом, листья промываются и немного раскрываются, говорит студентка 2 курса Цуй Мин Мэй. После того, как чай полностью заварился, Хи Джин разливает чай по чашкам. Участники церемонии ждут, пока Хи Джин, хозяйка, заберёт свою чашку и только после этого они могут взять свои. Особый колорит Кореи передает мелодичная корейская музыка, корейские чайные принадлежности, национальные костюмы и ритуалы в исполнении студентов корейцев.

Совершенно иную атмосферу создали студенты из Монголии. Монголы крайне дружелюбные и гостеприимные люди. Законы степи, обязывающие помогать путнику, здесь соблюдаются безукоризненно – расска-





зывает студентка 4 курса Чулуунэрдэнэн Чулуунбаатар. Обычно гостя, даже просто проезжего человека, приглашают в дом, устраивают продолжительную чайную церемонию с угощением и неторопливой, степенной беседой. «Основными компонентами монгольского чая, продолжает рассказ сокурсницы Нуртай улы Арын, - являются: зеленый кирпичный чай, молоко, масло, мука и соль». В зависимости от национального района, где употребляется чай по-монгольски, все его элементы, кроме кирпичного чая, могут варьироваться. Иногда наряду с солью кладется черный перец горошком (горький) из расчета одно зернышко на стакан. Пока Арын рассказывает нам о монгольском чае, Чулуунэрдэнэн Чулуунбаатар заваривает чай и угощает им присутствующих.

Турецкую чайную традицию представляют студенты 3 курса Исбилир Иса и Дикмен Халил. Рассказ Халила о чаепитии на Родине, с неизменным турецким темпераментом, воодушевлением и азартом привлек внимание всего зала. Черный чай в Турции, ут-



верждает Дикмен Халил, пьют повсеместно, его заваривают особым образом. Турецкий чай – это ароматный черный чай, который заваривают очень крепко и подают в небольших стеклянных стаканах тюльпанообразной формы. Чай подается таким горячим, что стаканы приходится держать за самый верх, чтобы не обжечь пальцы. В турецкий чай можно положить сахар, но молоко в него никогда не добавляют. После того, как чай будет заварен, его следует выпить в течение получаса. В конце своего рассказа студенты исполнили романтическую турецкую песню.

Завершали экскурсию по чайным традициям мира студенты подготовительного отделения, демонстрировавшие казахскую



церемонию «Той бастар». Девушки в национальных костюмах под казахскую музыку торжественно вышли на середину зала. Слушательница подготовительного отделения Ван Вэй Вэй отметила, что Казахстан – это особая земля - земля легенд, сказаний, место возрождения и гибели великих империй; земля, по которой кочевали племена. Сю И выделила, что Казахстан являлся связующим звеном между Востоком и Западом. А сами казахи – свободолюбивые и любящие мир люди, удивляющие своей щедростью и гостеприимством.

Рассказав немного о казахском обычае *Той бастар*, студенты в символическом *коржуне* в виде миниатюрной копии юрты, раздали гостям подарки и сувениры. Студент Нуртайулы Арын в соответствии с традициями произнес *бата*, пожелав всем мира и благосостояния.

адамгершілік қасиетін біліп қана қою емес, сонымен қатар жалпы қоғамдағы моральдық құндылықтардың даму дәрежесі туралы болуға тиіс.

Шынын айту керек, қазіргі кезде біздің адамдардан имандылық, ізгілік, инабаттылық қасиеттер азайып барады, оның орнына қатыгездік, зұлымдық, қайырымсыздық күннен-күнге күш алуға деген сөздерді көп естиміз және бұл негізсіз де емес. Оған дәлел, қоғамымыздағы күнде болып жатқан түрлі қылмыстар мен зиянды әдеттердің көбейіп отырғаны. Осының бәрі айналып келгенде адам бойындағы имандылық қасиетінің жетіспегендігіне келіп саяды.

Қазақта «адам күні адаммен» дейді. Яғни адамға жақсылық істейтін де, жамандық істейтін де адам. Себебі жер бетіндегі жан-жануардың ең құдіреттісі де, ең күштісі де, ең айлакері де, ол – адам. Сондықтан адамға адамнан басқа ештеңе де зиян келтіре алмайды. Адам жақсы іс істесе де, жаман іс істесе де ақылмен ойланып істейді. Ендеше оларды жаман істен сақтандырып, жақсы іске бастайтын олардың ар-ұяты болуы керек.

Адамның ары таза, көңілі ақ, ниеті түзу болса, ол еш уақытта адамдарға жамандық ойламайды және қылмыс жасауға бармайды. Ендеше, қылмыспен күресудің бірден-бір дұрыс жолы, ол адамдарды имандылыққа тәрбиелеу екен.

Кеңес заманында, коммунистік идеология үстемдік құрып тұрған кезде имандылықты діни ұғым деп қарап, оны айтуға тыйым салды және имандылықты уағыздаушы қожа-молдаларға қуғын көрсетті.

Ендігі мақсат, осы олқылықтардың орнын толтыру үшін қайтадан діни қағидаларды халық арасында ашық және кеңінен насихаттау, сол арқылы адамдардың ар-намысын оятып, оларды имандылық жолына баулу. Еліміз егемендігін алғаннан кейін, діни нанымдарға кеңшілік жасалып, көп жерлерде мешіттер салынып, адамдар имандылық жолына бет бұра бастады. Бірақ, онда қызмет істейтін имам, молдалардың сауатының аздығынан кейбіреулері оны күнделікті күн-

көріс көзіне айналдырып, дініміздің қадір-қасиетіне нұқсан келтіруде. Соның салдарынан кейбір адамдар басқа діндерге мойынсұнуда. Алдағы уақытта осы айтылған кемшіліктерді жою үшін, біз жаңа өмір салтымызбен өмір сүруге тиіспіз.

Жаңа өмір салтымыздың негізгі принципі «имандылықты сақтап, заңды орындап, парасатты өмір сүру». Егер де, біз осы қағиданы басшылыққа алып, өмір сүретін болсақ және болашақ ұрпағымыздың санасына оны сіңіре білсек, еліміздің келешек тағдырына зор сеніммен қарауға болады.

Құран-Кәрімде иман сөзі 336 рет қайталанатын екен, яғни бұл Алла Тағаланың адамзат баласына иман келтіруді өте жауапкершілікпен міндеттегенін көрсетеді. Иман сөзі қазақ тілінде сенім деген мағынаны білдіреді. Ол Алла Тағалаға, періштелерге, Құранға, пайғамбарға және ақирет күніне сену.

Сонымен қатар, иман мұсылман үшін бес парыздың бірі және қазақтар біреудің жақын-жуығы қайтыс болса, оған көңіл айтқанда «ақыры қайырлы болсын, иманды болсын» деп жатады. Мұның бәрі діни мағынада айтылатын сөздер. Сондықтан да кешегі атеистік заманда біздің елде иман сөзін ауызға алуға тыйым салынған болатын. Бірақ та қазақ ұғымында имандылық тек діни мағынада айтылмайды, сонымен қатар, ол адамның адамгершілік қасиетіне, ар-ұятына, мінез-құлқына баға бергенде айтылатын сөз. Егер де адам инабатты, ізетті, қайырымды болса, оны иманды деп құрметтеп, ал егер де ол арсыз, ождансыз, дөрекі болса имансыз деп ондай адамға сақтықпен қараған. Біз адамның өмірдегі басты міндеті – «АДАМ» деген құрметті атаққа кір келтірмей, оны жоғары ұстау деп білсек, имандылық адамның адамгершілік қасиетін анықтайтын киелі сөз. Олай болса, имандылық адамға ол дүниеде де, бұл дүниеде де қажетті әрі қасиетті сөз екен.

Біз ауыз екі сөйлегенде имандылық сөзін ауызға көп алғанымызбен, оның ғылыми мағынасын осы кезге дейін анықтадық деп

айта алмаймыз. Егер де біз имандылық қазақ ұғымында адамның моральдық қасиетін анықтайтын сөз деп түсінсек, ал орысша “нравственный” сөзінің баламасы болып шығады.

Әрине, дінге шын көңілімен иланатын адамдар имандылықты сақтап, мейірбанды болып, әдептілікті пір тұтатыны анық. Діннің басты қағидалары – адамдарға қайырымды болу, басқаларға қиянат жасамау, ғайбат сөз айтып адамдардың намысын қорламау. Ұрлық-қарлық жасап, басқаларға өтірік айтып, алдап-арбамау, жетім-жесірді налытпау, мүгедектерге қайыр-садақа беру, ата-ананы ардақ тұту, туған-туыстарға бауырмал болу.

Адамдар өмірде дінге сеніп, оның қағидаларын бұлжытпай орындауға тырысса, қоғамда имандылық үстемдік құрып, адамдардың арасында түсінушілік орнап, қылмыс азайып, зұлымдыққа орын қалмаған болар еді. Бірақ та адамның дінге сенуі ол әрбір адамның дүниетанымына, өмірге көзқарасына, ниетіне байланысты. Былайша айтқанда, ол әркімнің көңіл қалауы мен еркі. Сондықтан да имандылықты бір ғана дінмен байланыстырып қоюға болмайды. Егер де адам дінге сенбегеннің өзінде оның адамгершілік қасиетті жоғары ұстап өмір сүруі парыз, себебі оның бойында намысы мен ар-ұяты болуға тиіс. Қазақта адамға иманды немесе имансыз деп баға бергенде оның осы ар-ұятының деңгейіне қарай айырады.

Өмірде әділетті қоғам құру бұл әрбір дәуірдегі өмір сүрген адамдардың алдына қойған басты мақсаты. Бірақ та бұған қол жеткізу оңай емес, себебі ол сол заманда өмір сүрген адамдардың имандылық қасиеттерінің даму деңгейіне байланысты. Ал, жеке тұлғаларды имандылыққа тәрбиелеу бұл өте күрделі, көп қырлы, әрі қарама-қайшылыққа толы процесс. Олай болса, адамдардың имандылық қасиетінің қаншалықты жоғары екенін қалай білуге болады?

Біз адамның бойында басты-басты бес қасиет бар деп есептейміз. Олардың осы қасиеттеріне қарап, кімнің кім екенін білуге

болады. Ол қасиеттер – сана, иман, рух, мінез, нәпсі. Осы қасиеттердің қайсысы адам бойында басым болса, адам да соған бейімделіп өмір сүреді. Әрине, осы айтылған қасиеттердің бәрі де әркімнің бойынан табылуы мүмкін, бірақ та оның кейбірі басқаларына қарағанда басымдау келеді. Мысалы, адамның саналылығы – ақылы мен білімінің молдығын; имандылығы – арының тазалығы мен жүрегінің қайырымдылығын; рухының күштілігі – жігері мен қабілетінің молдығын; мінезінің жайдарлылығы – көңілі мен ниетінің ақтығын; нәпсісінің қанағаттылығы – құлқынының нысашылдығын көрсетеді. Осы қасиеттеріне қарай адамның өмірде де бір нәрсеге қабілеті жоғары болады және ол сол бейімділігіне байланысты мамандық таңдауға тырысады. Егер де саналы болса – ғылыммен; иманды болса – ұстаздықпен; рухты болса – ел басқарумен; мінезді болса – ән-күй өнерімен; нәпсісі басым болса – шаруашылықпен айналысып дегендей... Бірақ та бұдан осы қасиеттер бойына дарыған адамдардың бәрі де жақсы адамдар деген түсінік тумауы керек. Мүмкін ол ақылды немесе шығармашылықпен айналысатын дарынды адам болуы мүмкін, бірақ та оның имандылығы, ар-ұяты аз адам болса, басқа адамдарға пайдасынан гөрі зияны көбірек тиюі мүмкін. Қоғам ішінде қылмыстың көбеюі, жаман әдеттердің тыйылмауы, әділетсіздіктің жиі кездесуі, осы имандылықтың жетіспеушілігінен болатын жағдай.

Адамдар бейбіт-тату өмір сүрудің орнына бір-бірімен айтысып, көмектесудің орнына күш қолданып, адам өлтіріп, қайырымды болудың орнына басқаға немқұрайлы қарап, көреалмаушылық басым түсіп жатады. Адамдардың бір-бірімен түсініспеушілігінің салдарынан дау-дамай туындап, оның аяғы егеске, ұрыс-керіске, соғысқа апарып соғады. Мұның бәрі адамдардың сол өмірде қалай өмір сүретінін, олардың мінез-құлығы мен арының арасындағы байланыстың қандай деңгейде екенін, олардың материалдық жетістікке жетеміз деп жүріп рухани құнды-

лықты ұмытып кетуінің салдарынан болып жатады. Бұдан шығатын қорытынды – біз қоғамымызда имандылық орнатқымыз келсе, оны әр жеке адамның ар-ұятынан бастау керектігіне көзіміз жетеді. Олай болса, «Қайткенде адам бойына имандылықты көбірек дарытуға болады?» деген сұрақ туындайды.

Имандылық адам бойына өмірде көру, есту, сезу арқылы, яғни күнделікті өмір салты арқылы дариды. Егер де оны қоршаған орта, оның санасына жағымды әсер етсе, жастар да соған еліктеп, оның көңілінде - көрсем, білсем екен деген қызығушылық пайда болып, айналасындағы қоршаған адамдардың жақсы мінез-құлқынан, инабатты қарым-қатынасынан, ізгілікті іс-әрекетінен өнеге алып, сол арқылы дүниетанымы, өмірге көзқарасы қалыптасып, жақсы адам болып өсуге ұмтылады. Сонымен қатар әр халықтың өмір салты арқылы тарихи қалыптасқан моральдық дәстүрлері болады және имандылық құндылықтар әрбір қоғамның қабылдаған заңдарында, діни нанымдарында, әдеби философиялық шығармаларында, өнерінде көрініс туып, сол арқылы адамдардың имандылық принциптері қалыптасады.

Әрбір халықтың имандылық дәстүрі отбасында сақталып, дамып және ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа осы отбасының тәрбиесі арқылы беріліп отырады. Отбасы тәрбиесінің жасөспірімдердің мінез-құлқына, көңіл-күйіне тигізетін әсері өте зор. Өйткені отбасында жасөспірімдердің тұрмыс-тіршілігі, рухани мәдениеті, адамдармен қатынасы қалыптасады. Сол себепті отбасында қандай үлгі-өнеге алса, болашақта ол сол алған тәрбиесіне лайық адам болып өседі. Отбасы мүшелерінің әрқайсысы өз рөлдерін біліп, соны дұрыс атқарып отырса, ол отбасында әркез түсінушілік, сыйластық, үйлесімдік болады. Қоғамдағы имандылық жағдай көбіне осы отбасындағы тәлім-тәрбиеге байланысты қалыптасады.

Қазіргі кезде мектеп қабырғасын көріп, сонан тәрбие-білім алмайтын жасөспірім

жоқ десе де болады. Ендеше біз мектептегі тәрбие жұмысына аса көп мән беріп, оған өте жауапкершілікпен қарауымыз керек. Ал, шын мәніне келгенде, ол қандай мамандықтың адамы болмасын, бәрібір бірінші кезекте адамгершілігі мол адам болуы керек. Олай болса, оқу орындарында имандылық тәрбиесі бәрінен де жоғары тұруға тиіс.

Негізінен қоғамдық сананы қалыптастырып, адамдарды имандылыққа тәрбиелейтін қоғамдық ақпарат құралдары болуға тиіс. Бұрындары бізде шығатын газет-журналдардың, радио-телевизияның 80-90 пайызы орыс тілінде және олардың насихаттайтындары батыстық өмір салты болып келсе, қазір 50 де 50 пайызбен теңесіп отыр. Дегенмен де, осы қазақша бағдарламалар көбіне елге қолайсыз уақытта беріліп жүр (түнгі 12-ден кейін дегендей). Ал қалғандарының көбі атыс-шабыс, зорлық-зомбылық, нашақорлық, маскүнемдік, әйел зорлау сияқты жастардың психологиясына кері әсер етіп, оларды имансыздыққа, қатыгездікке, дөрекілікке үйрететін өте зиянды материалдар. Оларды бақылауға алып, жастарға теріс тәрбие беретін көріністерге тыйым салып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын әділ талап үкімет тарапынан болмай отыр.

Адамның бойында имандылық болмаса, ол қанша жерден талантты, дарынды тұлға болса да, оны рухани мәдениетті адам деп айта алмаймыз. Себебі имандылық адамның адамгершілік қасиетінің басты кепілі. Сол себепті имандылық жоқ жерде көркем мінез бен парасаттылық туралы сөз қозғау мүмкін емес. Олай болса, әрбір адам өзін имандылыққа тәрбиелегісі келсе, оның ойы, сөзі, ісі бәрі имандылық қағидаларына сай болуы керек. Сонда ғана адамзаттың ғасырлар бойы армандаған әділетті қоғамын құрып, отанымызда салауатты өмір салтын орнатып, осы қоғамда өмір сүріп жатқан қазіргі замандастарымыздың қолын бақытқа жеткізіп, болашақ ұрпағымыздың әділетті қоғамда өмір сүруіне жағдай жасаймыз.

Бұлақтай жаның таза, ғажапсың тым.
Батырлық бойыңда оттай жайнайтуғын,
Ақындық бар бойыңда қайнайтуғын.
Тектілік бар сөзінде жасықтардың
Намысын егеу болып қайрайтұғын.
Айналдырды атыңды аңызға тіл,
Әр қимыл, әр сөзінде маңыз жатыр.
Азаматтық тұлғанды ардақ тұттым,
Ұран болған ұлтына нағыз батыр, -
деген жыр шумақтары тіліме еріксіз оралды.
“Ұшқан ұя” кітабынан ұясымен таныстым,
тәрбиенің алғашқы бастауымен табыстым.

Бауыржан атамыз дүниеге келіп, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып, арты шілдеханаға ұласыпты. Той соңында Имаш атасы алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен.

- Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні өзіңдікі,-десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш атасы:

Алатаудың қыраны мол еді -

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді -

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді -

Шырағы болсын, құлыным.

Ана тілегі оң еді -

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді -

Сыңары болсын, құлыным, - деген екен.

Жарық дүниеге келгеніне екі-үш ай болғанда шешесі, Разия баланы күн көзіне шығарып,ерте көктемде ағаш отырғызып жүрген, Имаш атасының алдына әкеліпті.

- Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, - деп шешесі ізетпен иіліп. Атасы еміреніп, баланы алақанына алады да, қолына жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем - құл болма,

Шыбық деп берсем - шіл болма.

Бәрінен де, шырағым,

Баяны жоқ ұл болма, - деп келініне сәбиді қайтарып берген екен. Атасымен алғашқы дидактасының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп әкесі сол күні кешке мал сойып ауыл ақсақалдарының басын қосып ты.

Міне, осы үзіндіде ұлылықтың бастауы жатқан жоқ па?! «Ақылды қария - ағып жатқан дария», - деген ғой халқымыз. Сол сияқты «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», - деген де мақал бар. Алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деген әке тілегі қабыл болды деген осы да. Бауыржандай дара тұлғаның кіршіксіз жаны, арындаған қаны, ұлтым деген ұлы сезімі, мұқалмайтын берік төзімі ақылды ата мен әкеден қалған. «Сабағы жақсы жемістің дәні де жақсы», - деп бекер айтпаған ғой.

Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді әкесі Бауыржанға сонау бала кезінен-ақ үйреткен. «Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген», - деген оның сөзінен әкенің шуақты даналығын, адамгершілігін, парасатын танып тұрмыз ғой. «Әке көрген оқ жонар» деген осы емес пе! Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы осы жерден басталса керек.

«Көп көріп, көп істеп, естілердің айтқан сөздерін ескеріп, есінде ұстаған адам өзі де есті болады», - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, дана болып туу міндетті емес, білмекке құмар, талапты бала болса, жетіп жатыр.

Қазағы, елі пір тұтқан батыр атамыздың айбынды тұлғасын сомдаған ғұлама әжесі, әке-шешесі, ауылдың ақсақалдары. Иә, осылар өсиет айдынында жүздірген, жақсы мен жаманды білдірген, адалдықты пір тұтқызыған, өмірден терең сыр ұққызыған. Батыр бабамыздың өзін тыңдап көрейікші!

«Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді. Өйткені, есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағылымға бой ұрғызғанмен, солардың бірде-бірі нақ өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың ақсақалдарындай өсиет айдынында жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ де-

сем ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес. Бұл сезім өзімнің қаныма тартқанымнан немесе жақыныма сезімімнің бөлектігінен, әлде ата-анаға деген парызымның молдығынан ғана туып отырған жоқ. Өмір шындығының өзі ақиқатқа бас ұрары даусыз», - дейді. Жүрек қылын дәл басып тұрған сөзге қосымша не айтарсыз! Иә, батыр атамыз дүние тарихы жайлы, жаратылыс шежіресі жайлы, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы мағұлыматты әжесінен естіді. Ненің жақсы, ненің жаман екенің үйреткен, ар заңының, әдептің, әдеттің алғашқы тарауларын таныстырған да ең алғаш ата-анасы, ағайыны, туғаны болыпты. Үлкендердің айтқанынан, әжесінің әңгімелерінен адамзат өресінің өрісін тани берген екен ғой. Ұстаздарынан білім алды.

Ал өмірдің өзі ше? Ғұмырының ішінде, толқымалы тоқсан сырлы кезеңде кездесіп дидаласқан, тағдырлас болған адамдар ше? Көбік шашқан өмір дарияның бір толқынынан екінші толқынына лақтырған уақыт ше? Осындай уақыт толқысы ғана әжесінен, ата-анасынан, үлкендерден үйренген сөздердің байыбына терең бойлата алған. Әжесінің «осылай» болған екен деген сөздері бірде ғасырларың шыңырауына сапар шектіріп, бірде құс қанатындай демеп ілгері ұмтылдырып, биікке самғатқан. Ата-анаға, ауылындағы қадірлі қарттарына деген сүйіспеншілік, аяулы сезім ұлғая келе халқына деген сүйіспеншілікке ұласты. Халқын сүйген адам оның салтын да сүйеді емес пе?

Қазақ салты адамгершілік жолы,

Бабаларымыздың жүріп өткен қасиетті жолы.

Ұлтын сүйген ұлы тұлға,

Батыр бабамыз Бауыржан да құптаған оны.

Аты аңызға айналған Бауыржан бабамыз маңсапқорлық, екі жүзді жәдігөйлік, тоғышар көлгірліктерге қарсы ұстанар әділеттің алмас қылышы болып таныла береді. Және ол әділет пен шындықты жақтап, соның жолында шайқасып өтті. Ол бейбітшілік уақытта да, сұрапыл соғыста да өтірікке

аяқ баспай, өтірік айтушыны да, өтірікті де құптамай алмас қылыштай кесіп тастап отырады. Әр кез шындықты айтып, кім болса, ол болсын, ащы шындықты мойындатып, мақылдатуы кейбір «үлкен кісілерге» жақпай қалды да. Сол себепті, оның мінезі мен турашылдығынан сескеніп, оның ұлтжандылығын ұлтшылдыққа шатастырып, оған Совет Одағының Батыры атағын да қимады. Бірақ Бауыржан бұл награданы қажет етпеді. Сол жайлы өзі де: «Мен награда қуғаным жоқ. Ешкімнен де награда сұрағаным жоқ. Ұлы Отан соғысында мен өзімнің солдаттық, азаматтық борышымды адал атқардым. Мен награда үшін емес, еліміздің тәуелсіздігі, халқымыздың намысы үшін соғыстым. Маған халықтың өзіме деген сенімі награда. Ең жоғары награда», - деп шындықты жазады. Дәл Бауыржандай ешкім шындықты айта алмаған. Сондықтан да ол кісімен жүздесіп, сөзін есту үшін баратындар, жетпей тұрып, ар сотынан өтеді. Қиналады. Кінәсін іздеп, шарқ ұрады. Осыған байланысты, кінәсі, міні бар адамдар жүзі жанып, ол кісінің қасына жолай алмаған. Осыдан-ақ оның мінезінің қаттылығын, қаталдығын байқаймыз. Ал ол өзі жақсы көріп, сүйген адмдарға жанынан келісті ат тағып, солай атайды. Оған ренжіп жатқан ешкім жоқ. Керісінше мақтан тұтып, «сол кісі солай атайтын еді» деп жүреді.

Бауыржан Момышұлы – өзі тұрмақ өзіне-өзі бағынбайтын табиғаты тәкаппар жаратылған өзгеше жан.

«Бәленше түгеншенің ерлігін қайталады дейтін жаттанды сөз бар. Бұл түбірімен қате түсінік. Ерлік – еліктеу емес. Есеппен ерлік жасалмайды. Ерліктің дайын рецепі жоқ. Өйткені, бір ұрыс екіншісіне ұқсамайды. Әрбір шайқастың өзіндік сипаты бар, ұрыс өтетін жері, уақыты, мақсаты, басталу-аяқталуы, тағы басқа факторлары жағынан ешқашан бірін-бірі қайталамай, жеке-дара жасалады. Жауынгер ұрыс үстінде ерлік көрсеткенін білместен, ерлік көрсетіп жүрмін деп әсте ойламайды. Ол өз міндетін қайткенде адал, абыроймен орындап, арна-

мысына дақ түсірмейді, жолдасын жауға тастамауды ойлап әрекет-қимыл етеді. Ерлікті сырт көз көреді, ал батырлықты өз бойынан көретін кісінің адамдық жаратылысында жалғандық бар», - дегендей батыр, айбынды бабамыздың ерлігін сырт көз тез байқап, әділ баға берді. Бірде оның ерлігіне тәнті болған Чистяков сүйсінгенінен: «Сіз Багратионға да, Чапаевқа да ұқсайсыз», - дегенде, «Жоқ, жолдас генерал, мен тек Момышұлына ғана ұқсаймын», - деп жауап бермей ме? Бұл мысалдан Бауыржанның қайталанбас, ерен тұлғасын байқаймыз. Ол тек фамилиясынан қаншама таяқ жеген десек, батыр бабамыз сескенбестен сол заманның өзінде өзінің фамилиясын өзгертпегенінің өзі бабамызға ғана тән ерлік емес пе?!

Батырдың сыртынан атағын пайдаланушылар да болған. Бірде Бауыржан отырған машинаның шофёрін өтірік, жалған Момышұлы алдап, ақшасын төлемей тегін қыдырыпты. Сол жерде ести салған шын Бауыржан қолма-қол «жалған Бауыржанның» бермей кеткен ақшасына қосып өзінікін де төлеп, бармақ жеріне әкеліп тастағанына алғысын айтып түсіп қалады. Тағы бірде Момышұлына кезексіз пәтер алып беріпті. Әлгі пәтердің иесі солдаттың қартайған анасы екен. Жылап отырған қарт ананы көріп: “Солдаттың анасы – Отанның анасы, бұл пәтерді дереу өзіне қайтар”, - деп кілтті анаға қайырып берген екен. Бұл жерде өзінің атағын пайдаланып, бар жақсыны тек өзі алып үйренген мансапқор, атаққұмарлар сияқтылардан жеке дараланып тұрған бабамыздың азаматтық бейнесін айқын байқаймыз. Бүкіл елі батырлығына бас иіп, қадір тұтқан Бауыржан атамыз: “Мен – оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын”, - деген ғой. Артық сөйлеп аспаған, қиындықтан қашпаған, шындықты айтудан саспаған, әр кез әділдікке бастаған, ұнамаған адамын сұсты жүзімен жасқаған дара тұлға, тереңіңе үңілген сайын жанымды малындырып барасың алтын нұрға, ұқсатамын өзінді тек қана биік шыңға дегім келеді!

Бірде ол: “Мен дүние жиған жоқпын, бірақ кедей емеспін. Менің қазынам – тірнектеп

жазған қағаздарым. Халықтың кәдесіне жарап, біреуге өнеге болып жатса, одан басқа байлықтың керегі не! “ - депті.

Иә, батыр бабамыз шексіз бай адам! Өзінің алып жүрегімен, қара қылды қақ жарған шыншылдығымен, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып сақталатын інжу-меруерт сөздерімен бай болатын.

«Кейбір жазушылар жазғанда олардың оғы көбінесе лағып кетеді, көрсін-көрмесін далақтап ата береді. Көздеген нысанаға тиіп жатыр ма, жоқ па, ойлап бас қатырмайды». Ол кісі болса, ол – мерген. Нысана көрмесе атпайды. Білмесе жазбайды.

Батыр бабам! Сендей ұлы тұлғаның ұмытылуы мүмкін емес!

Қаламыңнан туған «Артымызда Москва», «Бір түннің тарихы», «Тенерал Панфилов» сияқты кітаптарыңның өзі неге тұрады! Бала Бауыржанның жан дүниесін, табиғатын танытқан “Ұшқан ұя” повесің қандай ғажап! Осынау кітаптар кең байтақ елімізде және сыртқары жерлерде де жол тапты емес пе!

“Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде”, -

Деп жылар қайран қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде,-деп 37 жасында жазған екен. Өзі жазғандай, сексен жасқа толған тойы Мыңбұлақта өтті. Батыр бабамыздың аруағына бас иіп, рухына арнап ас берді. Ең бастысы көзі тірісінде өкметіміз қимаған Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді. “Ғасыр адамы” атағын алды. Халық қаһарманы атағы да берілді. Осы күні 28 Панфиловшылар паркінің кіре берісіне, сондай-ақ, Ресей астанасы – Мәскеу қаласында қазақтың даңқты перзентінің есімін Мәскеу түбіндегі шайқастың 61 жылдығына орай бұл қаланың тарихына мәңгілік қалдыру үшін Бауыржан Момышұлына ескерткіш орнатылды. Артында қалған мол мұрасын зерттеу, зерделеу үшін арнайы «Бауыржантану» орталығы да құрылып, өз жұмысын жемісті түрде жүргізуде.

Ұлы жүректі адамның жүріп өткен жолы - батырлыққа, адалшылдық пен адамгершілікке, намысқа, кіршіксіз тазалыққа - бәріне

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
оқытушысы, ф.ғ.к. Қасенов Е.С.*

Алматы қаласы.

Kasenov_erlan@mail.ru

Мемлекеттің, ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің тағдыры мен болашағы жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Жас ұрпақтың ертеңгі тағдырын ойлаған, ел болашағына қам жеген халық, ең алдымен, жас ұрпақ тәрбиесіне ден қояды. Себебі, жас ұрпақ – мемлекет тірегі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «...Жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады» – деп атап көрсеткен. Тұлғаның қалыптасуы ең алдымен, отбасында, мектепте берілген білім мен тәрбиеге байланысты. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім азаматтың қас жауы» – деген ғұлама ғалым әл Фараби даналығын ескерсек, тәрбие ісінде көргенді түрде жүргізе алу үлкен жетістіктерге қол жеткізеді.

Халықтың ғасырлар бойы іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттері жас ұрпақтың бойына тек тәрбие арқылы сіңіріледі, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасы, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы және соған сай мінез-құлқын тек тәрбие қалыптастырады. Сол себепті, мемлекеттегі бүгінгі ұрпақ тәрбиесі отбасынан бастау алады әрі әрдайым солай болуы керек. Отбасы тәрбиесі – ұлттың негізгі ұстыны, басты тірегі. Мемлекет іргетасы – отбасы. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысы ұлттық тәрбиеге негізделген отбасы

тәрбиесінен аңғарылады. Белгілі педагог А.С.Макаренконың: «Отбасы адамның өте маңызды, өте жауапты ісі. Отбасы өмірді кемеліне келтіреді, отбасы бақыт әкеледі, бірақ әрбір отбасы, ең алдымен мемлекеттік маңызы бар зор іс болып табылады» – деген пікірі мемлекетіміздің негізі отбасы екендігінің дәлелі. Қоғамның маңызды бөлшегі – отбасы оң бағыттағы тәрбиеге негізделуі шарт. Осы орайда, дені сау, ұлттық сана сезімі оянған рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол адамды тәрбиелеу – тәрбиенің негізгі мақсаты десек, бүгінгі ұрпақ тәрбиесін ұлттық тәрбиеге негіздеуіміз қажет. Ұлтымыздың біртуар ұлы Мағжан Жұмабаевтың: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – деген сөзі осы ойымызды нақтылайды. Демек, жаңа ғасырдың алғашқы ширегінде ұлттық тәрбиеге арқа сүйей отырып, ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды қалыптастыру еліміздің басты мақсатына айналуы тиіс. Бұл орайдағы ұлттық тәрбие мақсаты не? Ол – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын «толық адамды» тәрбиелеу. Ал осы ұлттық тәрбиенің негізі ретінде нені аламыз? Әлбетте, тәрбие беру мен оның шарттары ұлттың әлеуметтік, экономикалық тұрмыс-тіршілігінің талабынан туындайтындықтан ол отбасы тәрбиесінен бастау алуы қажет, отба-

сы мен мемлекет сабақтастығы ұлттық мүддеге сай құрылуы керек.

Ұлттық тәрбие тәрбие беру саласының ең күрделісі болып табылатындықтан ол халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, дінімен, тарихымен, өнерімен тығыз сабақтастықта қарастырылуы міндетті. Тек сонда ғана жас ұрпаққа оң тәрбие бере алатынымыз хақ.

Ұлттық тәрбие халқымыздың емін-еркін өмір сүруінің кепілі деп білсек, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі мақсатты ешбір кідіріссіз іске асыруды көздегеніміз жөн. Осы ретте ең алдымен мынадай міндеттер өз шешімін табуы тиіс:

- ұлт тілінің отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас тілі ғана емес, мемлекет ғылымының, өнерінің тілі болып қалуын негіздеу. *Бұл орайда, еліміздегі ғылыми мекемелер мен ұйымдардың, өнер ордаларының күллі іс-қағаздары мен іс-шараларының тек қазақ тілінде орындалуын қадағалау аса қажет;*

- ұлт тілінің ғылым мен техниканың кез келген саласында қолданылуын қамтамасыз ету. *Қазақ тілінің ғылым мен техника саласында кең құлаш жаюы үшін ең алдымен, сол саладағы терминдердің мағынасын тура түсіндіретін баламасын, болмаса бізге жақын түркі тілдес халықтардың пайдаланылып жүрген сөздерін қолданыла отырып, олардың көңілге қонымды болып, тез таралуын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізу керек. Ұлт тілі ғылым мен техниканың кез келген саласындағы қолданысқа ие болса, онда ұлттық рухымыздың көтеріле түскені болар еді.*

- ана тілді, ұлт тарихын, мәдениетін құрметтей білуді қалыптастырудың жолдарын қарастыру. *Елімізде ұлт тарихы мен тіліне немқұрайлықпен қарайтын қандастарымыз бен өзге ұлт өкілдері жоқ емес екені белгілі. Олардың ұлт тарихы мен тіліне деген құрметін қалыптастырудың бірден-бір жолы – тек мемлекет тарапынан үздіксіз жүргізілетін*

тіл, тарих, әдебиет т.б. жөніндегі насихаттар мен түрлі мәдени іс-шаралар. Бұлар отбасынан басталып, мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында жалғасын тауып жатса, оң нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

- жас ұрпақ бойына ауыз әдебиетінің үлгілері, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып негіздерін үйретудің тиімді жолдарын айқындау. *Қандай сала болмасын сол салаға қатысты тиімді жолдарды, әдістерді айқындап, оларды қолданысқа енгізу өз жемісін берері белгілі. Сол себепті де, халқымыздың тәлім-тәрбиелік мән-маңызы жоғары ауыз әдебиетінің үлгілерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын екішеу және оның жас ұрпаққа берілу жолдары педагог-ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздардың бірлескен отырысында шешілуі тиіс.*

- жастар арасында белең алып отырған нашақорлық, жезөкшелік, маскүнемдік, бұзақылық, екіжүзділік сияқты жат әдеттерді ауыздықтаудың тиімді жолдарын анықтау. *Бұл мәселе де мемлекет деңгейінде қарастырылатын келелі мәселе болғандықтан әрбір білім ошақтарында арнайы бағдарламалар құрылуы қажет.*

Жоғарыда айтылған бұл міндеттердің жүзеге асырылуы отбасы тәрбиесінен бастау алуы тиіс. Әрі ол, яғни тәрбие жалаң түрде жүргізіліп, қауқарсыздық танытпауы қажет. Күллі адамзат баласының кісілік, рухани болмысы көп жағдайда оның отбасынан қалыптасады. Әкеге қарап ұл өсетіндіктен, шешеге қарап қыз бой түзейтіндіктен бала бойындағы адамгершілік қасиеттер де, жаман қасиеттер де ата-аналарының жағымды-жағымсыз қылықтарының бір көрінісі. Ол қазақ тіліндегі «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйер», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді», т.б. мақал-мәтелдерден көрініс тапқан. Сол себептен, ұрпақ тәрбиесінде ұлттық негіздегі отбасы тәрбиесінің алатын ор-

Отбасы тәрбиесінің негізінде ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық бейнесін мәңгілік етпек.

МЕХАНИЗМ РЕАЛИЗАЦИИ ИДЕИ ГЕРОИКО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

*Долженко Г.П.
КазНПУ им.Абая*

Ключевые слова: Родина, отечество, государство, народ, общество, гражданин, род, семья.

Разработанная технология героико-патриотического воспитания (механизм реализации идеи героико-патриотического воспитания) построена на активизации обучающихся личности путем создания поля эмоционально-интеллектуального напряжения героико-патриотического воспитания. Данное поле педагог образует в процессе целостного педагогического процесса государственной подготовки (передачи знаний, умений и навыков). Это поле создается в процессе взаимодействия специально организованной педагогом среды, в которой находятся обучающиеся. Характеристикой поля является невозможность средствами наличных у обучающихся знаний и опыта разрешить возникшую проблему, что, при условии сформированного интереса вызывает определенные трудности интеллектуального характера.

Ситуация возникшего разрыва зон актуального и ближайшего развития (если ликвидация разрыва сильна обучающемуся), развивает адаптивную потребность, активизирующую интеллектуальные возможности личности, так и возможности получения педагогической помощи консультативно – инструктивного характера. Благодаря взаимодействию взаимовлияния адаптивной потребности интеллектуальных (внутренних), консультативных (внешних) возможностей личности, поле эмоционально-интеллектуального напряжения сначала сокращается, а затем и вновь исчезает, что свидетельствует о ликвидации разрыва между зонами актуального и ближайшего развития и выражается в нахождении оптимального варианта решения

затруднений правоохранительного характера на когнитивном уровне. В этом случае противоречия между адаптивной потребностью и соответствующими возможностями личности, носящие диалектический характер, является источником и движущей силой героико-патриотического воспитания, а его разрешение, в конечном счете, порождает ситуацию успеха. Последовательная цель ситуаций успеха обеспечивает рост уровня развития патриотизма (недостаточный - критический – адаптационный – инновационный).

Возможности личности подразделяются на предметно – средовые (внешние условия), средства обучения и воспитания-технологии) и личностные. Последние, с одной стороны, включая знания, умения, навыки, мысленные способности обучающихся, с другой стороны, помощь педагогов, родителей.

В учебно – воспитательном процессе вуза предполагают не только использование деловых игр, дискуссий и других активных форм и методов, но и различные виды практической деятельности. При этом неукоснительно учитывается изучение и соблюдение нравственно-составляющей современного вуза.

Актуализация поля эмоционально-интеллектуального напряжения обеспечивается игровыми технологиями обеспечивающими содержательное организационное, процессуальное созданием педагогических условий побуждающихся к творчеству обстановки учебного процесса. Педагогические условия предполагают:

1. Устранение внутренних препятствий творческим проявлениям. Помощь в приобретении с обучающимися взаимопонимания;
2. Создание обстановки внутренней свободы при этом педагог - обучающийся долж-

ны помнить, что многое будет подвергаться критике;

3. Создание обучающимися в обнаружении смысла общей направленности их творческой деятельности видения собственных возможностей самосовершенствования, самовоспитания. Наполним объём программы формирующего эксперимента по героико-патриотическому воспитанию мы соотнесли составляющие программы со стадиями концептуального аспекта и с педагогическими технологиями эмпирический аспект Эмоционально-интеллектуальное напряжение – связано с ориентированием обучающихся на любовь к Родине и верностью Отечеству, укреплению героико-патриотической мотивации – когнитивной - приобретение соответствующих знаний, умений, навыков - интенциональное воспитание системы отношений и ценностей способствующих активности героико-патриотической направленности.

Психолого-педагогические технологии диагностирующего типа приближаем к технологии семинара-тренинга. Вовлечение обучающихся в процесс героико-патриотического воспитания осуществляется в процессе создания поля эмоционального - напряжения. Технология эмоционально-интеллектуального напряжения определяется на использования игровых проблемных ситуаций героико-патриотического характера экскурсий и музеев, изучения подвигов, участие в соревнованиях по военно-прикладным видам спорта, встреч разных поколений, экскурсий к мемориальным комплексам. Аккумуляция содержания героико-патриотического воспитания представлено в технологиях когнитивного типа где мы опираемся на богатый отечественный опыт (пополнением экспонатами стендами с описанием подвигов. Альбомами славных дел, а так же подборкой публикаций, статей в газетах, журналах. Таким образом сформулируем педагогические условия обучающихся в учебно-воспитательном процессе вуза.

1. Проявлять интерес, стремление к готовности служить прогрессу своего отечества,

своего жизненного уровня Стремление к личностной и профессиональной самореализации Потребность и стремление видеть Казахстан процветающим.

2. Осознать комплексное представление основных механизмов самореализации героико-патриотического воспитания.

3. Понимать необходимость самоорганизации успешной личности в профессиональной самореализации и важности собственной активности в этом процессе.

4. Желание сохранять память о героях завоевавших наше светлое будущее.

5. Уважать историю народов населяющих Республику Казахстан.

6. Знать особенности сохранения общечеловеческих ценностей.

Героико-патриотическое воспитание как одна из составляющих имеет глубокие исторические корни и ориентировано, как правило, на формирование патриотического сознания, идей служения Родине и его вооруженной защите, воспитание чувства гордости за отечественное оружие, уважение к военной истории, стремление к военной службе, сохранению и приумножению славных воинских традиций. Однако в настоящее время героико-патриотическое воспитание приобретает особую актуальность, так как наблюдается в обществе тенденция падения престижа военных профессий, многие молодые люди не считают своим долгом служить в армии. И потому поле деятельности педагогов и воспитателей в этом направлении во всех образовательных учреждениях огромно, и роль их в настоящее время необходима таким образом, изучение состояния вопроса героико-патриотического воспитания обучающихся в современном вузе позволило выявить ряд противоречий между:

- объективной потребностью в теоретическом обобщении накопленного педагогического опыта по героико-патриотическому воспитанию и практическим отсутствием исследований в этой области, отражающих политические и социально-экономические особенности современного этапа развития Казахстана;

- необходимостью выявления сущности, критериев и уровней героико-патриотического воспитания обучающихся в современном вузе в соответствии с современными требованиями и недостаточной разработанностью её в науке и практике;

- потребностью современных педагогических технологий героико-патриотического воспитания обучающихся в современном вузе и отсутствием в системе высшего профессионального образования в системе высшего профессионального образования.

Гипотеза исследования. Героико-патриотического воспитания обучающихся в современном вузе в системе высшего профессионального образования представляется эффективной, если будут:

- определены сущность, критерии и уровни героико-патриотического воспитания обучающихся в современном вузе;

- разработаны модель и технология героико-патриотического воспитания подготовки, соответствующие инновационным представлениям в области педагогической науки и современному содержанию сущности героико-патриотического воспитания;

- выявлены организационно-педагогические и психолого-педагогические условия героико-патриотического воспитания.

1. Выявленная автором сущность государственной молодежной политики в сфере героико-патриотического воспитания обучающихся, представляющая собой организованную, многоплановую, сплоченную, целенаправленную и скоординированную деятельность различных государственных органов и отдельных лиц по формированию у обучающихся высокого героико-патриотического сознания, готовности к выполнению гражданского долга, важнейших конституционных обязанностей по защите интересов Родины в форме совершения героических поступков во имя Отечества.

2. Современное состояние и условия государственно-патриотического воспитания молодежи, среди которых основными являются: разрушение системы идеологического воспи-

тания в первые годы создания современного Казахстана и резкое снижение уровня патриотического воспитания молодежи; ослабление необходимого влияния на формирование у обучающихся героико-патриотических качеств со стороны общества (в частности, старшего поколения). Обусловленные этим выводы о недостаточной эффективности современной государственной молодежной политики в сфере героико-патриотического воспитания молодежи.

Характеристика современного механизма влияния государственной молодежной политики на героико-патриотическое воспитание обучающихся в современных условиях, воплощающего функциональное строение воплощение функций государственного руководства в данной сфере.

Современная Концепция совершенствования молодежной политики в целях повышения эффективности процесса героико-патриотического воспитания обучающихся в современном вузе Республики Казахстан.

Список использованной литературы:

1. Глазунова И.Н. Патриотическое воспитание старшеклассников в учебно-воспитательной деятельности: Автореф. дис. канд. пед. наук. Липецк, 2002.

2. Грובהва М.А. Воспитание патриотизма у старшеклассников игровыми формами туристско-краеведческой деятельности: Автореф. дис. канд. пед. наук: М., 1999. 23 с.

3. Горельцев А.Г. Гражданско-патриотическое воспитание студентов в государственном техническом вузе: Автореф. дис. канд. пед. наук. СПб., 2007. 26 с.

4. Государственная программа «Патриотическое воспитание граждан Республики Казахстан на 2006 2010 годы» / Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 11 июля 2005 г. № 422. // Российская газета 17.07. 2005.

5. Гражданственность и патриотизм в процессе обучения и воспитания в учебных заведениях: Мат. Всеросс. науч.-практич. конф. СПб., 2007.

- ## Резюме

Summary

ҰЛТ НАМЫСЫН ТУ ЕТКЕН ҰСТАЗ

О.Қазиев –

заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Көк аспанда қалықтап, бізді демеп,
Болсын жаның жәннатта, ұлы ұстазым.

Ардақты дана ұстаздан аяқ асты айырылып қалдық. Алакөлден жеткен қаралы хабар жанымызды жетімсіретіп, басылмайтын өкініш, жұбанбайтын өксікке ұласты. Көзден де, көңілден де кетпейтін көріністер көз жасыма шыланып, буалдыр, сағым дүниеге айналып бара жатты. Ұстазым күрескер адам болатын, оны бүкіл оқымысты көзі қарақты адамдардың бәрі мойындап, көбісі өздерінің басынан өткен мұң-мұқтаждарын онымен бөлісіп жататын. Ол күйінсе ішінен күйінді, бірақ азуы қатайып, жылан секілді шақпақ болған өркөкірек топас жауларының уын бойына дарытпады, төбесіне шығармады. Онда біреуге деген кіріптарлық, бағыныштылық, құлдық сана деген мүлде болған жоқ. Докторлық атақ алды. Қаншама ұйқылы ояу ғылыми еңбектері сүрленіп жатып қалған біраз балғын дарын иелерінің бағын ашып, бойына сіңірген білімімен, өзінің талантымен баптап, ұясынан алысқа ұшырып қанаттандырды. Талай ғылымның шоқпарын көтере алмай, жаны жараланып, жүрегі ауырып, ұнжырғысы түсіп, ғылымның қан сорпасына араласып, бір қайнауы кем болып жүрген азаматтар ғылымнан қол үзіп, өзін жоғалтып ала жаздаған кезінде олардың қасынан табылып, өзінің асқан білім дана сөзімен демеп, ғылыммен сусындатып, өз орындарын тауып кетуге ат салысты. Ол жастардың қасында жүріп, өмір сүрудің өнегелі мектебін қалыптастырды. Өмір мектебінен нендей білім аларың ұстазыңа байланысты ғой. Асылды ардақтап, бар-жоқты салмақтай білген, бойына дара қасиет дарыған асқар таудай көрікті жан иесі еді. Ол бір ру мен тайпаның бетке ұстар осындай

дара тұлғаны тудырған қазақ халқының азаматы болатын. Оның бойында рушылдық, жершілдік, іштарлық, мақтаншақтық дерті мүлде болмайтын. Ол пайдакүнемдік, жағымпаздық, даңғойлық пен жалқаулық сияқты жаман әдеттерге жаны қарсы болатын. Оның өмір жолында жастар үйренетін көп қасиеттер бар еді, әттең-ай ерте озды өмірден. Талаптыны өрге, зерделіні төрге оздырғанша тағат таппай қамқор аға, ұстаз бола білді. Ол жаратылысынан таза ұлттық талант иесі болып қалыптасқан ақиқатшыл, ақжүрек, тілеуқор азамат болатын. Оның сөздері әрдайым бірегей болмаса да, өзінің қуаттылығымен тыңдаушысын еріксіз баурап алатын. Бойындағы білігі мен білімін, тәжірибесі мен қабілетін, ынта-ықыласын нысаналы нәтижеге жету жолына жұмсайтын. Тәлім берген ұстазың дана болса, шәкірт болу бір бақыт, алдындағы ағаң мейірімі төгілген абзал болса, іні болу зор бақыт дегендей ұстазым **Сәкен Өзбекұлы** ғылым кеңістігін еркін игерген энциклопедиялық білімі бар аса зор дарынды ғалым еді. Құлаш-құлаш, етектей-етектей мақалалары жиі шығатын. Жазған мақалалары, сыни материалдары тосын басталып, тосын аяқталатын, заты бөлек оның жазған есті дүниелері оқушы қауымын бірден елең еткізетін. Оған мен ғана емес, оны білетін жазған еңбегін оқып сусындаған жас ғалымдар оның теңдесіз жазу мәнеріне тәнті болып, оған ұқсап бағуға тырысатын. Соның бәрі де оның жазушылық таланты мен қайсарлығының арқасы болатын. Тәлімгерлік шеберлік, өмірді тану ғана емес, көргенімізді ғылыми түсіндіру, бүгінгі күнгі оқиғаларды талдау мен болашаққа болжау жасауды да біз сол кісіден, ұстазымыздан үйрендік. Әрдайым біз оған еліктеп, одан үлгі алуға ұмтылатынбыз. Ол талай қиындықты

білімімен сүйеу балдақсыз, жеке күресіп жүріп жеңген, мұратына жеткен біртуар қазақ азаматы болатын. Ғұлама ғалым болды. Академик атақ алды. Жарты ғасырдан астам өмірі мен қызметі еліміздің жетекші жоғарғы оқу орнымен, құқықтық білімнің дамуымен тығыз байланыста болды. Сәкеңнің дарыны шынайы зерделенген азамат шын талантты жан екенін бағдарлар жан оған «ұлттың үлгісі», «оқушы қауымның белгілі атасы» екендігін көптеген том-том кітаптарды қанымен, жанымен жазған ғалым-ізденуші екендігін, осы аса құнды еңбегі арқылы бағалайтын. Ол ұстаздың оқырман қауым алдындағы іскерлігі, беделіне қатысты болатын. Сәкен Өзбекұлының өзге әріптестерінен оқ бойы озықтығы оның шығармаларында ұлттық рухтың басымдығында деп ойлаймын. Өзім оқырман ретінде Сәкеңнің кейінгі өмірінде қалдырған «Ислам және кәпәмдық мазхаптар», «Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық», «Мемлекет және құқық теориясы» т.б. оқулықтары заң ғылымдарының жеткізген жетістіктерін пайдаланып, жаңа сапа деңгейінде жазылып, оқырманның мәуелі бағында оқыстан бой көтерген, жетік тілмен, мағыналы деңгейде жазылған оқулық деп білемін. Олай дейтініміз: Сәкеңнің қаламынан туған қай шығармасын алсаңыз да, елдік, ұлттық мүддені мұрат еткенін аңғарасыз. Бір жазушы үшін осынша дүние жазудың толағай табыс екені дау тудырмас ақиқат. Сәкеңнің барлық жазған, сіңірген еңбегі қазақ әлеміне сіңірген аса құнды ісі деп бағалаған орынды деп білемін. Ұстаздың оқулықтары арқылы жастардың бірнеше буыны ержетіп, отанымыздың саналы азаматтары болды. Оның шинелінен шыққан көптеген шәкірттері түрлі ғылыми орталықтарда, оқу орындарында, түрлі кәсіпорындарда жемісті еңбек етуде. Мен оның шәкірті болғаным, онымен кездесіп ағалы-інілі, ұстаз-шәкірттік жылы қарым-қатынасымыз арамызда орнығып, талай ауыртпалықты көтеріп, кандидаттық диссертациямды ойдағыдай қорғағаным өзімді мақтан тұтатыным. Ол өзінің тәрбие-

леп өсірген қыз-жігіттерін үздік ғалымдар қатарынан көруге бар білім ынтасымен итермелейтін. Ғылыми және ұйымдастырушылық қабілеті ерекше талант иесі әрқашан жаңашылдыққа ұмтылып, оны айналасындағылармен бөлісуге дайын тұратын. Көрнекті ғалымның жарқын таланты, жан жылуы, кішіпейілділігі, ақжүректілігі, адалдығы, жұртты тыңдай білуі және көмектесуге дайын тұруы оның басты қасиеттері болатын. Оның болмысындағы бедел де, білім де оның іргелі ғалымдық тұлғасын көкке көтеретін. Ғылымға адал болды, өмірінің соңғы сәтіне дейін оған қызмет етті. Онымен бірге ғылымның бір буыны – алтын ғасыры кетіп бара жатқан сияқты болып көрінді маған. Сәкен ғылымда да, ұстаздық өмірінде де сол өмірлік қағидатынан жаңылған жоқ. Тауып айтатын, басқа жұрт дүрбімен іздесе таппайтындай дүние аяғының астында шашылып жатқандай, биікке тас лақтыру арқылы ғылым биігін мекен қылуға тырысатындарды көнбеді ме, қауып айтатын, тереңнен суырып айтатын, тыңдамаса апшысын қуырып айтатын. Ғылым саласында сусындап жүрген жастар да, ғылыми орта да асыл ұстазымды сол мінезі үшін құрмет тұтып сыйлап жүретін. Ұстаздың нұрлы жүзін, байыпты да салмақты сөзін сағынып өтетін шығар талай онымен тағдырлас болған жақын азаматтар.

Сәкеңнің ғылымға шын берілген тазалығы, биік парасат иесі екендігі, ол кісінің алаш ұлы ретінде кеудесі қарс айырылып, ұлтының рухы мен намысына екі дүниеде ештеңені теңгермеген, қазақ дейтін халықтың қабағын жерге қаратпау үшін бар саналы өмірін арнаған санаулыларымыздың бірі, жаны, мінезі дос, жолдас үшін жайсаң, мінезі мәрт ұстазымыздың жүрегі соғуын тоқтатыпты дегенде арқамызды жаз айы болса да, аяз қарып өткендей болды. Студенттерге лекция оқып, дәріс берген, өміртану мектебінің қалыптасуына ерекше ықпал еткен, жолы, жөні бөлек аға дос, шынайы ұстаз, тұғыры биік алып тұлға болатын. Сөйлесе сөзден алдырмас, ой дүниесіне сүңгісе, ша-

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА САЙ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ҮЛГІСІ

Абай атындағы ҚазҰПУ

*Инновациялық технологиялар және білім беру
мазмұнын ғылыми зерттеу институты директоры
ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер,
профессор **Нуриев М.А.***

*Инновациялық технологиялар және білім беру
мазмұнын ғылыми зерттеу институты директорының орынбасары –
А.Н.Якупова*

*Оқу үрдісін жетілдіру және жинақтау
бөлімінің басқарушысы
ф.ғ.к. **Сейсенбаева Ж.А.***

*Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ғылыми-зерттеу институтының
ғылыми істер жөніндегі инспекторы,
педагогика ғылымдарының магистрі – **Садыкова А.Е.**
Сеитова Ж.М. – жауапты хатшы*

Той – қазақ халқы тұрмысының басты бір арқауы, қазақтың тойы ауызбіршіліктің, ынтымақтастықтың, бауырмалдықтың, жақсылықты жария етудің үлгісі болған. Әр шаңырақта қуаныш болмай тұрмайды. Атам қазақ отбасындағы немесе жеке басындағы сәл қуанышын ағайын-туыспен, дос-жарандарымен, ауылдас-көршілерімен бөлісуге дайын тұратын қонақжай халық. Аузымыздан жырып, қонағымызға тосатын дархандығымыз тағы бар. Шаңырағындаға кез келген атаулы қуанышты шама-шарқынша ағайын-туыс, көршілерімен бөлісіп, қазан көтеріп, атап өтетін болған. Осыған байланысты, талай ғасырлар бойы қалыптастқан өте әдемі салт-дәстүрлер жеткілікті. Олардың бірі заманға байланысты бейімделіп, жаңарып отырса, кейбірі көнеріп, қазіргі өмір салтынан кейіндеп қалып жатыр немесе мүлде жаңаша кейіпке келіп, танымастай өзгергендері де бар. Адам өміріндегі ең қызықты да, қуанышты да ұмытылмас белең – ұрпағының үйленіп, жеке отау тігуі. Осыған байланысты, қыз ұзату және үйленуге байланысты салттардың алар орыны ерекше. Бұның себебі түсінікті де. Баласының отау көтеріп, аяқтанғаны немесе құтты орнына

отыруы – әрбір ата-ананың арманы, оның парызы да.

Қазіргі күні тойда жөн-жоралғы жасағанда қандай жобаны ұстағанымыз дұрыс, қандай дәстүрмен өткізетініміз, қазіргі өмірге қалай бейімдеу керектігі көп ойлануды талап етеді.

Қазір елімізде қазақтың тойлары қазақша өтіле бастады. Туфли ұрлау, «ашы» деп айқайлау секілді жат қылықтар да азая бастаған. Бұрын, мысалы, ораза уағында да көпшілік арақ ішіп, той жасай беретін болса, қазір ол да өз жөнін тауып келе жатыр.

Осыған орай тойды қызықты етіп өткізу үшін ұлттық дәстүрмен нақышталған сценарийге негізделіп өткізілгені құба-құп болады. Мысалы, беташарға келінді «Қыз Жібек» фильмінен алынған идея бойынша, құрбыларымен шығарып, ал жігітті Төлегенге ұқсатып, достарымен шығару. Сол сияқты, тойдың да қазақ салтына қарай түрлендіріліп өткізілуі. Бәрін, тіпті, той үстіндегі жөн-жоралғылар да өзіміздің салт-дәстүріміз шеңберінде жасалынып отырылуы қажет.

Жалпы, екі жастың шаңырақ көтеруіне орай өткізілетін тойды біз екі үлкен кезеңге бөліп қарастыруымызға болады. Оның бірін-

шісі – қыз ұзату тойы болса, екіншісі – келін түсіру тойы.

Қыз ұзату – үлкен той-думан әрі қызық болған. Сондай-ақ, бұл күні ата-ана қуанады, әрі көңілінде толқу пайда болады. Қуанатыны – «қызым өсті, өрісім кеңейді» дейді, толқитыны – қимастық көңілі, бағып-қаққан перзентінің жатжұрттық боп кете баратыны... Ұзатылатын қызды, дәстүр бойынша, таң ата, күн шыға шығарып салған. Оның алдында қыз «Қоштасу жырын», «Сыңсу» айтады, жастар «Жар жар», «Ау-жар», «Аушадияр» айтады. Ұзатылып бара жатқан қыздың «сыңсуы», «қоштасуы» – ұлттық тәрбие мектебінің тамаша үлгісі. Алтын ұяны, туған ел-жұрттан бөліну, жат босаға аттау оңай іс емес. Осының бәрін тәжірибелі де тәрбиелі халық жылай жүріп ән, жыр түрінде шеберлікпен үйлестіріп жасай білген. Қыз жылап қоштасқанымен, бұл қайғы емес, қимастықтың белгісі. Дегенмен, қыз ауылының қыздары мен жігіттерінің де қимастық көңілдері де көрінбей қалмайды. Олар өлең жырды үстемелей түсіп, айтыс түріндегі «жар-жар», «ау-жарды» төкпелейді. Мұнда да ізгі тілектестік, достық көңіл, жаңа бақыт жолында жақсы ниет көрінеді. Оның сөзі де, әні де көркем, ойнақы айтылады. Ол біресе «ау-жар», біресе «ай-ау», біресе, «бике-ау», біресе «үкі-ау» деп те айтыла береді.

Олардың мынадай үлгілері бар:

Буынғаным беліме кісен бе еді, ау-жар,
ау,

Бекем бусам белімнен түсер ме еді, ау-жар,
ау,

Әкең барып шешенді ап келмесе, ау-жар,
ау,

Мұндай азап басыңа түсер ме еді, ау-жар,
ау!

Мінген де атың боз ғана, бике-ау,

Күйеуің сенің бозбала, бике-ау.

Өксігің сенің басылмас, бике-ау,

Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.

Мінген де атым жиренше, үкі-ау,

Тықыршып тұрар мінгенше, үкі-ау,

Қыз көңілі басылмас, үкі-ау,

Әлдилеп бөпе сүйгенше, үкі-ау!

Кеттің, кеттің деуші едің, кеттім, апа-ай,
ау,

Ерттеп қойған атыңа жеттім, апа-ай ау,

Шымылдығын желпе сал, көрсін апам,
ай-ау,

Көзінің жасын қойнына, төксің апам, ай-ау!

Бойжеткеннің көйлегі, қамзолы, кемер белдігі, бастысы басында қалыңдық екенін айғақтайтын сәукелесі болуы тиіс. Сәукеле – ұзындығы он қарысқа дейін биіктей беретін әшекейлі қалыңдықтың бас киімі. Мұның әр қарысы қымбат бағалы тастардан құралады. Айталық, бірінші қарысы күмістен, екінші қарысы алтыннан, үшінші қарысы гаухардан деген сияқты. Сонысына қарап, яғни сәукеленің биіктей бергеніне қарай қыздың құндылығы да, соған орай қыз жақ әулетінің бақ-дәулетінің салмағы да арта беретін болған. Қазақ байлары арасында қызының сәукелесін 100 жылқыға жасағандары да кездескен. Ал, қоңыртөбел дәулетті, кедей, кепшіктің қыздары сәукелесін қымбат маталармен әшекейлеген көрінеді. Сонымен, қыз сәукелесін киіп, аттануға әзірленеді. Бұл кезде жігіт ауылынан бір топ кісі қызды алып кету үшін құда түсе келеді. Бұлардың саны жеті, тоғыз, он бес секілді тақ сан болуы қажетті. Қызды ауылдың маңына жақын келген мезеттен бастап күйеу жігітпен күйеу жолдас аттан түсіп жаяу келетін болған. Қалыңдығын алуға баратын жас күйеу міндетті түрде «күйеу киімін» киюге тиіс. Алдынан шыққан жеңгелер мен жас қыз-келіншектер күйеуді киімінен танып алады. Сондықтан, күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінеді. Бөркіне үкі тағып, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кішілік көрсетіп тұрмаса айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды. Сол бетімен қыз-келіншектердің ортасына түскен күйеу небір азапты әзіл-қалжыңға төзеді. Міне, осы ретте «көпшікқыстырар» деген кәде орындалады. Көпшікқыстырар – әдетте, жеңгелерге берілетін сый. Қызды ауылға қарай жаяу келе

жатқан күйеу мен күйеу жолдастың алдынан ауылдың үлкендері емес, бойжеткендер мен жеңгелер шығып күтіп алады. Осы кезде күйеу жолдас ерінің астынан қымбат бағалы мата немесе моншақ, алқа секілді дүние ұсынатын болған. Күйеуді сән-салтанатымен қарсы алған топ өзіне арналған үйге беттеген мезетте олардың алдынан ауыл аналары шығып «шашу» шашады. Шашу – жаңадан босаға аттаған келіннің немесе күйеудің алдынан шашылатын тәтті, құрт, ірімшік тәріздес жеңсік тағамдар. Тіпті кей өңірде тиын, теңге шашатын да үрдіс бар. Мұны жастар жағы теріп алады. Сонымен, күйеу жігіт нөкерімен отауға еніп, табалдырықтан аттар кезде «табалдырық кәде» дейтұғын салтты орындауы тиіс. Табалдырық кәде – жаңадан босаға аттар кезде берілетін жоралғы. Мұны жеңге немесе орта жастағы әйел алады. Күйеу содан кейін ғана босағадан ішке енеді. Отау ішіне кірген күйеу мен оның нөкерлерін тағы бір сый күтіп тұр. Бұл киім шешер мезетте болатын «киім ілу». Киім ілу – өзін төрге шығарып, шапанын немесе бешпетін шешіп құрметтеген жеңгелердің ақысы. Құрметті қонақтар орналасып біткен соң ет тартылады. Ет өздік «табақ тарту» әдісі бойынша таратылуы тиіс. Табақ тарту – табақта күйеу балаға төс тартса, қызға құйымшақ, құдаларға арнап бас, жамбас, бел омыртқа, асықты жілік тартады. Егер бұл мүшелердің бірі ауысып кетсе табақ тартқан жеңге айып төлейтін болған. Бастысы, бұл табақта құйрық пен бауыр болуы тиіс. Құйрық, бауыр асатар кәде орындалады. Құйрық-бауырға айран араластырып берілгендіктен, құдалардың бет жүзінде айранның қалдығы қалғандықтан, екінші кезекте «суға тоғыту» деген кәде орындалады. Суға тоғытар үшін жеңгелердің бірі «ау, біз неге отырмыз. Мына құдалардың бетіне не болған. Кәне, мұны жуамыз» деп су әкелінеді. Осы кезде бетін жуған жеңгеге арнап құдалар жағы сый-сыяпат ұсынады. Бұл жоралғылар орындалып біткен соң, тамақ жиналғаннан кейін таң атқанша құдалар ұйықтамауы керек. Ән айтып, ай-

тысып, өнерін көрсетіп таңды атыруы тиіс. Себебі, ұйықтайтын адамға бұйырылар жаза – «киім тігу» күтіп тұр. Киім тігу - ұйықтап қалған құданың киімін бір-біріне шандып тігіп тастап айып төлетеді. Сондықтан да, таң атқанша өнер көрсетуі тиісті. Мұнан кейін «неке оқу», «қыз қашар», «түндік жабар», «шаш сипатар», «көрпе қимылдатар», «шатыр байғазы» секілді жоралғылар өз кезегімен өтеді. Мұның барлығында да қыз жеңгесі өз үлесін жоралғы ретінде алып отырады. Ертесіне таң атып, әйел адамдар барлығы үлкен үйге жиналады. Себебі, оларды алдынан «қоржынсөгер» жоралғысы күтіп отыр. Бұл кәдеге ер адамдар араластырылмайды. Күйеу жақтың әкелген қоржынын сөгіп, ондағы айна, тарақ, әшекей зат пен тәттілерді барлығы бөлісіп алады. Бұл жоралғылар өткен соң күйеу мен қалыңдыққа қатысы бар «мойын лақтырар», «шаңырақ көтеру», «ат байлар» деген кәделер өтеді. «Ат байлардың» соңында күйеу жігітке арнап жастар жағы тілек айтады. Күйеу бала үшін ең соңғы жоралғы – «Босағаға ілу». Қалыңдығын алып бара жатқан уақытта босағаға ілгенім деп күйеу бала өзінің шапанын тастап кетеді. Мұның мәнісі «мен енді осы үйдің баласымын. Қалыңдығымның әкешесі менің де әке-шешем болады» деген ойдан туындаған. Ең соңғы шара «сыңсу» деп аталады. Сыңсу ұзатылып бара жатқан қыздың әнмен өрнектелген мұңы, өзін аялап баққан ата-анасын қимау, туған-туыстарын қимау, қыз күнімен қоштасу секілді мұңлық сөздерден құралады. Десе де, басына үлкен ақ шәлі жауып шығып, жылағанын көрсетпеуге тырысады. Бұл сәтте оның жанында жеңгелері жүреді. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туыскандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді.

Базардан келген құйысқан,

Тарамай шашым ұйысқан.

Келіп кетіп жүріндер-ай,

Сағындырмай туысқан, - деп өзінің өтінішін де айтады.

Қыздың сыңсуы – жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда да өте орынды дәстүр. Өйткені, балалық күндерден ағайын ортасынан бөлініп кету оңай іс емес. Ал қазақтың қазіргі қыздары бұл дәстүрдің алтын арқауын толықтай үзбесе де, қазқалпында ұстанбайды. Бұл ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің заманға сай өзгеруіне байланысты деп танымыз.

Ұзатылатын қыз өз үйінен аттанар алдында өзінің ата-анасымен, аға-інісімен, сіңлісі, жақын-жуықтарымен қоштасу жырын айтады:

Әуеден ұшқан бұлдырық,
Құбыладан соққан ызғырық.
Жатқа кетіп барамын,
Жаратқан соң қыз қылып.
Атасы жақсы құл болмас,
Анасы жақсы күң болмас.
Оң жақтан кетіп барамын.

Қыз еркелеп ұл болмас, - деп өзінің жат жұрттық болып жаратылғанын жырға қосады. Ең соңында:

Жанымдағы қыным-ау,
Сіңлілер мен інім-ау.
Жыл айналып келгенше,
Қош аман, бол күнім-ау, -

деп бауырларымен қоштасады. Мұнда «жыл айналып келгенше» деген сөздің мағынасы бар. Дәстүр бойынша, ұзатылған қыз жыл толмай өз үйіне бара алмайды. Барған жеріне «тастай батып, судай сіңу» үшін, екі жақтың әңгімесін тасымас үшін, соңына жаман сөз ермес үшін тағысынтағылар. Қазақтың бұл философиясының төркінінде, әрине, жас отбасының берік қалыптасу мектебі жатыр. Қоштасу қазақ халқының бауырмалдық, әншілік, айтқыштық қабілетін көрсететін тұрмыс-салт жырларының ішінде көркем де көрнекті дәстүр. Қоштасу жыры соңынан қыздың жеңгелері мен серіктері:

Жылама, бикем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Ұл болып тусаң әуелден,
Сені мұндай қыла ма? –

деп оған жұбату айтып, келешегіне жақсы тілек білдіреді. Салт жырларының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда ұлттық дәстүр, халықтық қағида, ағайын-туыстық қимас сезім, алдағы арман... бәрі де бар. Қоштасу, жұбату жыры сонысымен құнды.

Келін түсіру. Біздің халық үшін дүниедегі қызық пен қуаныштың ең бастысы – осы келін түсіру болып табылады. Бұған бүкіл ауыл болып атсалысады, бірге қуанады, бірге тойлайды. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген бар, ал келін түсірудің өзі де, «боладысы» да қызық.

Қазақ ескі салты бойынша келінді ауылға көлікпен әкелмейді. Бір қырдың астына жеңгесімен бірге түсіріп кетеді. Ауылдың қыз-келіншектері жас келіннің алдынан шығып, ешкімге көрсетпей шымылдық ішіне кіргізіп әкеледі. Ақ босағаны оң аяқпен аттайды. Шашу шашылады. Құтты болсын айтылады. Келінді шешесі, жеңгесі, сіңлілері ертіп әкеледі. Қуаныш, ырду-дырду, ойынсауық басталады. Шымылдық ішінде жас қыздармен отырған келінді көруге әркім-ақ асығады. Жұрт жиналған сәтте салтанатпен «Беташар» басталады.

Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-тұғандар тегіс қатынасады. Жас келінің екі жағында екі көргенді келіндері тұрады. Беташар бұл ізгілік пен ибалық, имандылық белгісі десек, салт-дәстүр бойынша беташарды сал-серілердің бірі айтып, келінге ең жақын немесе сол елдің сыйлы адамдарын ғана таныстырып, иіліп сәлем бергізеді. Соңында келіннің бетін ашады. Осының өзінде үлкен имандылық, жаңа түскен жас келінге деген ізет жатыр. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар «көрімдік» береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді көтере жыр төгуі керек.

Бұл жөнінде Сейіт Кенжеахметұлы “Жеті қазына” атты кітабында былай дейді: “Жаңа

түскен келінді беташар дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі беташар жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатысады. Мұнда “Беташар” жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді жыр төгуі керек. Келін келді, көріңіз, Көрімдігін беріңіз, Анау, мынау деменіз. Түсін айтып қойыңыз, – деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжыңдарын араластыра көрімдік сұрап, жұртты көңілді күлкіге қарық қылады. Беташар тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты жақсы дәстүрлердің бірі”. Беташардың орындалу рәсімі, мазмұны беташар айтушыныға аса үлкен жауапкершілік жүктейді.

Бұл әрине, бұрынғы ата дәстүріміз бойынша жастарымыздың жеке отау құру рәсімі. «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы» демекші, дәстүр қатып қалған қағида емес. Ол өзгеріп отырады. Сол сияқты, бүгінгі қазақтың тойларынан да ұлттық дәстүрлердің ықшамдалып, бүгінгі заман талабына сай жүйеленгенін байқауға болады. Есесіне кейбірі түрленіп, дамып отыр. Қазіргі күні жоғарыда жазылып кеткен бұл екеуі бірігіп, бір тойдың (свадьбаның) бойына кірігіп өткізілетіні қалыптасқан дәстүрге айналған. Еліміздің кей облыстарында қыз ұзату, беташар, келін түсіру тойлары жеке-жеке өткізілсе, ал кейбір аймақтарда келіннің бетін той үстінде ашу салты қалыптасқан. Сонымен бірге, қыз ұзатудағы «неке қияр» рәсімі мен «Жар-жар» жыры да үйлену тойы күні орындалатын болған. Бұлардан байқайтынымыз көрші халықтың кей салтының қанымызға сіңіп, дәстүрге айналып бара жатқаны. Мұндай олқылықтан арылу үшін, әрине, мақаламыздың басында айтып кеткеніміздей өзіндік ұлттық дәстүрімізге негізделген той өткізудің жаңа заманға лайықталып, бейімделген сценарийін

жүйелеп ұсынуымыз керек. Мұнымен біз жаңалық ашып отырған жоқпыз. Әрине, бұл уақыттары қазақи дәстүрге негізделген талай тойларға куә болып та жүрміз. Бірақ, мұнымен олқылықтар мен кемшіліктердің алыстан «мен мұңдалап» тұрғанын да жасыра алмаймыз.

P.S. Әрине, біз бұл дәстүрлерді қаз-қалпында қайта жаңғыртайық деуден аулақпыз. Олай ету қолымыздан келе қоймас. Келген күннің өзінде, психологиялық тұрғыда қабылдай қоюымыз екіталай. Тек, қазіргі заманға лайықтап, қайта жаңғыртуға әбден болады-ау, мән-мағынасын сақтап, мазмұнын өзгертсек, заманға қарай бейімдеп қолдансақ деп ойлаймыз.

Сонымен, көп тойлардың өтілу барысы мен ата-салтымызды зерделей отырып, былайша жүйелесек болады.

Тойға даярлық. Ақылдаса отырып, алдымен тойға дайындық жүргізіледі. Дайындық барысында туған-туыстың қайсысы қандай жұмысқа жауапты болады, соның бәрі алдын-ала келісіліп алынады. Мысалы, бір адам алыстан келген қонақтарды қарсы алуға, орналастыруға, тойдан кейін шығарып салуға тиісті болса, екінші адам жан-жаққа хабар беру, шақыру билеттерін үлестіру, тойға кімнің келетінін, кімнің келмейтінін білуге міндетті. Екі жаққа да ыңғайлы уақытта той өткізілетін күн алдын ала белгіленіп, шақыру билеттері таратылады. Той өтетін орын әсемденіп, көздің жауын алатындай безендірілуі шарт. Бұл – тойдың қалай ұйымдастырылуы әркімнің ерік-қиялына байланысты. Десек те, көрнекті тұсқа жас жұбайларға ақыл-кеңес берелік тағылымды сөздер жазылып, ілініп қойылуы өзінше бір сән беріп тұратын болады. Мысалы: «Үйлену оңай, үй болу қиын», «Отбасы бірлігі – татулықта», «Ынтымақ түбі – игілік», «Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет», «Әкеден – ақыл, анадан – мейір» сияқты немесе өлең шумақтары т.б. Сондай-ақ, түрлі түсті ленталар мен шарларды іліп, жұрт назарын аударатын жерлерге ілу. Оған тойға келген кішкентай балалардың да ал-

данатын ескеру керек. Той өтетін орынды гүлдермен де, қазақтың ою-өрнектерімен де, той иелерінің өміріндегі қызықты сәттерін бейнелейтін суреттермен де безендіруге болады.

Тойға шақырылған адамдардың санына қарай үстелдер қойылады. Дайындық барысында тойға кімдерді шақыру қажет екендігін ақылдасып, шешу керек. бұл өте үлкен мәселе. Өйткені, жағдайыңды, шама-қарқынды ескеруің қажет. Яғни, қазақ халқы көрпеңе қарай көсіл деп дұрыс айтып кеткен. Себебі, жыпырлатып шақырып алып, не тамақ жетіспей, не орын жетіспей жатқан тойлар да өмір болғасын кездесіп жатады. Қонақ көп болса, шығын да көп кетеді. Тойдан кейін тағы да ақша төлеуге тура келетін жағдайлар болады. Сол себепті де, таныстарыңның бәрін қалдырмай шақырған дұрыс емес. Бұл жерде жақын араласатын адамдарды шақырып, тізімін құрып, алдын ала телефон шалып келетін, келмейтінін біліп алған орынды. Соған қарай егер тойхана, кафе, ресторанда жасайтын болса, стол санын, ас мәзірін есептеп қояды. Тойда барлығына назарды ерекше аудару керек. Еттің өз бабында дұрыс пісуін, көбігінің етпен, сорпамен араласып кетпеуін, тұздың көп салынбауын, қамырының дұрыс иленуін бақылайтын, ет жасауға басшылық жасайтын ерлер мен әйелдерді таңдап, оларға күні бұрын сол істі тапсырып қою қажет. Ыдыстар мен тағамдарды жеткізетін даяшылар, қазан-ошақ басында жүретін аспаздар де ерте бастан белгіленеді. Етті еркектер жасайды. Ал әйел адамдар табақты таратады. Сыйлы қонақтардың табағына дұрыс ет мүшесі салыну қажет. Үстел үстіне түрлі тағамдар, жемістер, салқын сулар, шырындар, қымызбен толтырылады. Той басқарушылар мен қызметшілердің өңірінде лентадан тігілген гүл немесе қос сақинаның суреті салынған эмблема болғаны жөн.

Тойды басқаратын адамды «асаба» дейді. Оның «тойбасы», «асағасы» деген де атауы бар. Барлық тойдың мазмұнды да әсерлі өтуі тікелей асабаға байланысты. Оған жүктелетін

міндет жауапты да мәртебелі. Тойдың жақсы өтуін өз жауапкершілігіне алған асаба той иелерімен алдын-ала ақылдасып, той өткізу сценарийін оларға көрсетіп, кім қашан сөйлейді, ән-күй, билер қашан орындалады, қандай рәсімдер қашан жасалады, тойды кім бастайды, шашуды кім шашады, кім бата береді, тойда қандай ойындар, байқаулар өткізіледі, қашан үзіліс жарияланады келісіп алуға тиіс. Асабалардың ән де айтатын, күй де тартатын, өлеңдерді мәнерлеп оқи алатын, әзіл-қалжыңға да бай «сегіз қырлы, бір сырлы» болғаны жақсы. Оған қойылатын тағы бір талап: мәдениетті, халықтың салт-дәстүрін жақсы білетін, елдің, жердің тарихынан хабардар, өнерлі азамат болуы. Тойда әркім өзімен-өзі болып, улап-шулап, ерсілік-қарсылы жүріп, отырған орындарында өз беттерінше өлең, тост айтып қонақтардың шырқын бұзбауына асаба жауапты. Асаба тілек, бата кезегінен жаңылысып кетпеуі үшін өзіне көмекшілікке той иелерінің бір жақын туысын сайлап алғаны да дұрыс. Өйткені, ол үздік-создық келіп жатқан қонақтарды байқап, тілектер тізіміне түзету енгізіп отыру үшін қажет болады.

Тағы бір ескеретін мәселе –сыйлық апару. Арзан болсын, қымбат болсын, сыйлық – адамдар арасындағы достық қарым-қатынастың дәнекері. Тек қарапайым сыйлық аламын деп қарабайыр сыйлық ұсынбасақ болғанымыз. Той иелерінің келген қонақтардан ақшалай-заттай сыйлық демеуі, оны жұрт көзінше ашып көруі, ақша болса санауы – әдепсіздік. Ата-бабаларымыз сыйлық та берген, сыйлық та алған. Және сыйлық берген адамға сыйлығының есесін қайтарып отырған. Тойға келген қонақтар сыйлықты алдын-ала немесе салтанатты кеш үстінде береді.

Қыз ұзату тойы

Ережесі: Қазақ халқындағы әр ата-ананың тілегі әрі парызы «Ұлын-ұяға, қызын-қияға қондыру». Халқымыздың қыз ұзату тойы – үлкен той, думан әрі қызық. Құда түскен

соң қызды алып кетуге жігіт жағынан так санымен бес не жеті, өзара келісім бойынша одан да көп адам келіп, қызды алып кететін мерекені атаймыз.

Орындалу тәртібі: Қандай той болмасын оның машақаты да, көңіл қуантар рашаты да аз емес. Сондай «болғанынан боладысы қызық» қыз ұзату тойында жасалатын кәделері мен жөн-жоралғыларынан-ақ қазақ халқының қыз баланы қаншалықты аялап, құрмет тұтатындығын көруге болады. Бүткіл қауым болып қызықтасып, думанда-тып жүріп, қуаныш бөлісер қыз ұзату тойы – тойлардың ішіндегі адам жанына толқу салар ең әсерлісі. Бұл күн – өте ерекше күн. Жаңа өмірге қыз да, жігіт те қадам басады.

Тойға қатысушы қыз ұзататын жақ пен келін түсіретін жақ – екеуі де, сөз жоқ, екі түрлі көңіл күйде болады. Бірі «Басымызға бас қосылды, бір баламыз екеу болды», – деп, масаттанысып жатса, қыз берген жақ: «Қайтеміз енді, – «Қыз – жатжұрттық» деген – осы да деген сияқты үлкен толқу үстінде болады. Бұл күні қыз ата-анасы қуанады, әрі көңілдерінде «бос қуыс» пайда болып, жанының бір бөлшегі – қызын қимаушылық сезімде жүреді. Себебі, қуанатыны қыз өсіріп, оны құтты орнына қондырды, ал қимастық сезім – қимастық көңіл. Қыз ұзату тойын жасауды қыздың және жігіттің ата-аналары келісіп, бір күнге белгілейді. Әдетте қыз ұзатуға жігіт жағы кешкілік мезгілде келеді. Солтүстік және Орталық Қазақстанда бұрын қыз ұзатуға тек ер адамдар баратын болған.

Қазіргі таңдағы қыз ұзату тойы үйлену тойынан артық болмаса, кем өтпейді. Мал сойылып, кең дастархан жайылады. Өткізілетін орын да алдын ала белгіленіп, әркім шамасына қарай кафе, мейрамхана, тойханаларда өткізуге болады. Қазақ – қызын ардақтай білген ел. Халқымыз қызды аққуға, гүлге, өмірдегі ең сұлуға теңеп, «Қыз – кие. Қыз – қасиет. Қыз – өріс. Қыз – намыс. Қыз – ар. Қыз – адал жар» деп тағы басқа теңеулерге балаған. Сол себепті, бақыт құсы саналатын қызын қолынан ұшырғысы келсе, нағыз қазақи дәстүрді сақтай отырып, кафе-

ден емес, өз үйінің керегесінен аттандырған орынды деп санаймыз. Алыс-жақын туыстар, жекжат-жұрағаттар шақырылады. Қыз ұзату тойына шақырылған қонақтар қыз ата-анасына «Қыздың барған орны құтты болсын», «Ұзатқан қыздарыңның арты сіздерге құт, алды біздерге құт болсын», «Барған жеріне тастай батып, судай сің!» деген тәрізді ақ тілектерін айтып, сыйлықтарымен келеді.

Құдалар келгенде қыздың жеңгелері алдынан қарсы шығып, арқан кереді. Бұл көбіне ауыл өмірінде кездеседі. Бұл кәденің түп төркіні жаңа құдалар мен жас келіннің жолы ашық, пәле-жаладан аулақ болып, кедергілерге ұрынбасын деген ақ ниеттен тартылады. Арқанның орнына кейбіреулер лента да тартып жүргенін кездестіруге болады. Құдалар ақшалай, болмаса тәттілерді шашу ретінде беріп, арқанды ашады.

Сөйтіп, құрметті қонақтарды үйге алып кіріп, барлығын жайғастырып, ас алып келінеді.

Қыздың ата-анасы қызына арнап ақ тілектерін айтады. Мәселен, «Халқымыз «жоллаушы мұраты – жету, қыз мұраты – кету» дегендей, бауыр етінен жұлып алғандай етіп қызымызды өзге жұртқа аттандырып жатырмыз. Бұл кімге болса да оңай емес екен. Дегенмен, теңін тауып, көңіл жарастырып, біздің, яғни ата-анасының, туған-туыстарының ризашылығымен кетіп бара жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Қолымыздан ұшып бара жатқан қызымыздың қонған жері құтты болсын! Барған еліне тастай батып, судай сіңіссін, көп балалы ана болып өркенін жайсын! Құдай қосқан жарына бақ болып қонсын, қосағымен қоса ағарсын! Құда-жекжаттарымызға айтарым, бір-бірімізге деген жылы ықыласымыз суымай, сыйластығымыз жоғалмай екі жастың қызығына кенелейік. Той сіздерге де құтты болсын! Екі жас бақытты, өмірлері ұзақ болсын! Не десек те, барған жерің баянды болғай. Ата-анаңа жаманат келтірмей, «Кімнің асыраған баласы еді?» – дегізбей, еңбегімізді ақта. Біздің тілегіміз осы. Алақанымызға салып, аялап, қанаттыға қақтыр-

май әлпештеп өсірген перзентіміз болғаннан соң, қимастықтан толқығанымыз ғой, әншейін»... – деп ағынан жарыла ақтарылып, бүкіл елді толқытып, өздері де көздерінің жасын бір-бір сығып алады.

ҰСЫНЫС: Қыз ұзату тойында біраз қазақи салт элементтерінің сақталғаны орынды. Бойжеткен қыз бен күйеу баланың киімдері ұлттық нақышта болуы тиіс. Сондай-ақ, онда орындалатын ырым, кәделердің көпшілігінің сақталғаны еш ынғайсыздық әкелмейді. Тек, әрине, өзгерістер мен толықтырулардың болғаны абзал. Ондағы «Қоштасу жыры», «Ау-жар», «Аушадияр» сияқты жырларды алынып тасталып, ал «Сыңсу», «Жар жар»-дың мәтіндері жаңа заманға лайықталып қайта жазылғаны абзал. Себебі, бұларда заманауилық басым. Неге бұлай дейтініміз, ол заманда бір ру бір ауыл болып қоныс тепкен. Ал, қан тазалығын қатты ұстанған ата-бабамыз жеті атадан бері қыз алыспау қағидасына сүйеніп, бойжеткенін сонау екінші бір қиырға ұзатып отырған. Ұзатылған қыз кем дегенде бір жылсыз ата қонысына келе алмаған. Сондықтан да, осы «Қоштасу» мен «Сыңсудың», ал оған жауап ретінде «Жар жар», «Ау-жар», «Аушадияр» сияқтылардың айтылуы әбден орынды еді. Қазір заман басқа, ұзатылған қызымыз көз алдымызда, тіпті алысқа кеткен күннің өзінде замануи дамыған көліктермен қатынап, тым болмағанда техникалық байланыс құралдары арқылы дауыстарын естіп, сағынғанда мауқын басып отырады. Сондықтан да, сыңсудың мәтіні қазіргі заманға сай қыздың ата-анасына деген перзенттік рахметін айттырып, туған-туыстарына ризашылығын білдіретін өлең жолдарына арналып жаңа үлгіде жазылуы тиіс. Кей қыздардың өлең айтуға дасы болса, кейбіреуінің даусы жоқ болғандықтан, ән жазу студиясына барып, алдын ала жаздыртса. Қазір дамыған заман, оған көбінің шамасы жетеді. Өйткені, екінші бірі ән-жыр айта алмайды. Ал, талантты қыздар өз жанынан айтса әбден дұрыс болады деп ойлаймыз.

Тойдың өтілу барысында әдет-ғұрыптардың сақталып, ұлттық ойындар ойнатылғаны дұрыс.

Сонымен қатар, той үстінде ұттық әуендерге сай ұлттық би орындалуы керек, тіпті оған арнайы әртіс шақырудың да аса қажеті жоқ. Өйткені, барша жұрттың шамасы да жете бермейді.

Мұнда ойын-сауық, құдалық рәсім-жоралар жасалып, тілектер, баталар айтылып, ұзатылатын қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Ал, қазіргі түнгі он екіге дейін жөнелту керек деген де пікірлер орын алған. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы қыз ұзату тойындағы көзге бірден ұрып көрінер ең өрескел тұсымыз – ол қыз үйленіп жатқандай, жас жұбайларды қыз жолдас, күйеу жолдасымен бірге төрге отырғызып қоюымыз. Салт-дәстүрге жүгінер болсақ, бұл батыстан жұққан дерт. Себебі, бұл жігіт жақта өтетін үйлену тойына жарасатын көрініс. Ал, ұзату тойында қыз бен жігітті қатар отырғызбай, қыздың өз туыстары мен құрбы-құрдастарының ортасында отырғаны дұрыс. Өйткені, ата дәстүрімізде қазақ қызы әкесі мен ағаларының, өзге аталас туысбауырларының көзінше жігіттің жанына жақындауға ұялатын болған. Мұны келмеске кеткен баяғы заманда болған нәрсе деп қабылдасақ та болады. Дей тұрсақ та, ұзату тойында қыз бен жігіттің қатар отыруы көзге оғаш көрінетін қылық. Сонымен бірге, көбіне ұзатуда асаба қонақтар жайғасқаннан кейін қыздың ата-анасын, қыз бен күйеу жігітті ортаға шақырып, ата-анасына ақ тілек айтқызады да, «қол ұстату» дәстүрін жасатады. Бұл дәстүрді баяғы кезде қыздың жеңгелері оңаша отауда жасап, күйеуден «қол ұстатар», «шаш сипатар» сыйлықтарын алған. Бұл қыздың да жігіттің де тектілігіне, тазалығына, тәрбиелігіне тағылар сын. Сол себепті, өзіміздің дінімізге қайшы келетін немесе жат салт-дәстүрлерді сәл де болса қолдан келгенше ығыстырып, салтымызды жаңғыртсақ тәуелсіз дамушы елге қосқан үлесіміз зор болар еді.

Сөйтіп, ас ішіліп, үзіліс болып, уақыт таянғанда қызды ақ кілемнің немесе ақ матаның үстімен артына қаратпай алып кетеді. Артына қарап қойса, ол жаман ырым

саналады, яғни қыз кері қайтып келуі мүмкін деген нанымнан туған.

Қызбен бірге ілесіп екі жеңгесі қыздың жасауымен немесе киімін бірге қосып апарды. Қызды апарып, табыстап, жасауын, киімін тапсырып, кері қайтады. Қазақта «Жасаусыз қыз болмайды, жабдықсыз үй болмайды», «Үйдің көркі қыз бен жасау», «Әдемі қыздың, көрікті отауы болсын» дегендей, жасауға ақылдаса отырып үй-жабдықтары, көрпе-төсек, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. тұрмысқа қажетті заттарды жаңадан сатып апарды. Мәселен, жағдайы жақсылар пәтер кілтін, көлік, ал көбіне орта ауқаттылар тоңазытқыш, теледидар, кір жуатын машина, кереует, шкаф т.б. үйге қажетті жиһаздарды береді. Сол жерден жігіт жағындағы әйелдер қыз артынан әкелінген заттарды ашып көреді. Әр қораптағы заттың ішіне сыйлық салынады. Оны ашқан адам алады. Ол сыйлық орамал, мата, конфет т.б. болуы да мүмкін.

Той өткізу үлгісі

Үйлену тойын кешкі сағат 6-7-лерде жасаған дұрыс. Үйленіп жатқан қыз бен жігіттің дәстүрге сай әдемі етіп тігілген қазақтың ұлттық киімінде болғаны абзал. Қалыңдықтың көйлегі, қамзолы, кемер белдігі, бастысы басында қалыңдық екенін айғақтайтын сәукелесі болуы тиіс. Күйеу жігіт те басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінуі керек. Бөркіне үкі тағып, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Немесе жаға-жеңі мен жиектеріне әдемілеп қазақтың ою-өрнегі түскен европалық үлгіде тігілген костюм-шалбарда болғаны да жөн. Қазіргі күні қалыңдықтың киіп жүрген европалық үлгіде тігілген той көйлегін кем дегенде 500-1000 доллар көлемінде сатып алынатынын, және оның тек үйлену тойында ғана, өмірінде бір-ақ рет киілетінін ескерсек, ұлттық нақышта тігілген той көйлегін де кигеннен ұтылмайтынымыз анық. Бұл тойдың ішінде болмаған сырт көзге де қазақ тойының болып жатқанынан паш етіп тұруы тиіс.

Жас отау иелеріне Неке сарайында немесе жергілікті Кеңестерде неке куәлігі салтанатты жағдайда тапсырылып, жақсы лебіз, игі тілектер білдіріледі. Неке қию негізінен екі түрлі. Қаладағы жас жұбайлар сарайына барып, немесе оның қызметкерлерін (ЗАГС-тің) тойға шақырып, сонда некеге отыру. Сондай-ақ, діни салтқа байланысты мешітке барып, немесе молданы тойға, не жас жұбайлар сарайына алдыртып, неке суын ішіп, некелерін қидырту. Ұзатылып, беташар тойы жасалған қыз бен жігіт осы аралықта таңнан бастап дайындалып, достарымен, жас туғандыстармен бірге, қазіргі заманның дәстүрі той басталар алдындағы қидыруға (гулянкаға) шығады. Ол жастардың күні бойы серуендеуі. Жас жұбайлар той басталмастан бұрын сол той өтіп жатқан маңайдың ең көрікті жерлеріне барып, қидыруы, киелі жерлерге бас иіп, тағзым жасаулары. Мәселен, өткенді ұмытпау, тарихқа тағзым ету мақсатында, «өткенге салауат, келешекке аманат» ретінде Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған Даңқ алауына, Райымбек батыр сияқты киелі орындарға, Желтоқсан көтерілісінің құрбандарына арналған монумент басына гүл шоқтарын қояды, қазіргі көркейген Қазақстанның символикасына айналып отырған қаланың әсем жерлеріне: Президент паркіне, Республика алаңындағы «Тәуелсіздік монументіне» (мұндағы «Тәуелсіздік монументі» логотипі мен фарфор кәдесый табағы, қанатты барыс үстіндегі Алтын адам – Қазақстан тәуелсіздігінің символы), Орталық мешітке т.с.с. жерлерге барып қидырып той басталған уақытта келеді.

Бұл кезде той өтетін орын әсемденіп, көздің жауын алатындай безендіріліп тұрады. Қыз бен жігіт келер жолға аппақ мата төселіп, сырт жақ ұшына түрлі-түсті шарлармен өріліп, безендендірілген ақ босағаның макеті жасалынады. Босағаның көз ұратын тұсына «Ақ босаға», немесе босағаға қатысты әдемі қазақтың нақыл сөздері жазылып тұрса, ол болашақ келінге тәлім-тәрбие, бір жағынан жұбайлық өмірдің қаншалықты

жауапты екендігіне де септігін тигізері анық. Ал, көрнекті тұстарға жас жұбайларға ақыл-кеңес берелік тағылымды сөздер жазылып, ілініледі, ол да өзінше бір сән беріп тұратын болады. Мысалы: «Үйлену оңай, үй болу қиын», «Отбасы бірлігі – татулықта», «Ынтымақ түбі – игілік», «Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет», «Әкеден – ақыл, анадан – мейір», «Жарыңды жаныңмен тең ұста, жаныңды арыңмен тең ұста» сияқты немесе өлең шумақтары т.б. Сондай-ақ, түрлі түсті ленталар мен шарларды жұрт назарын аударатын жерлерге ілуге болады. Оған тойға келген кішкентай балалардың да алданатын ескеру керек. Той өтетін орынды гүлдермен де, қазақтың ою-өрнектерімен де, той иелерінің өміріндегі қызықты сәттерін бейнелейтін суреттермен де безендіруге болады. Мүмкіншілік болса, залдың ішкі жақ кіре берісіне интерактивті тақта қойылып, онда той сценарий мазмұнына сәйкес ең бірінші, қазақ елінен, жерінен, тарихы мен ұлттық болмысы мен әдет-ғұрпынан, екіншіден, той иесі әулетінен, жас жұбайлардың жұптық одағынан хабардар ететін слайд қойылып, соған сай музыка ойнап тұруы керек.

1. Кіріспе бөлімі: тойға арналған жыр-шашу а) патриоттық рухтағы тамаша ән. Ол ән мазмұнында келген қонақтарға таныстыру мақсатында қазақ жерінің байтақтығы, сонда тұрып жатқан қазақ халқының табиғатына сай дархандығы, көңілінің ақ пейілдігі, бауырмал, қонақжайлылығы, батыр да, батылдығы, көреген, данышпандығы сияқты қасиеттері айтылуы тиіс;

Мысалы: **Тойға тілек (Сөзі мен әні А.Дүйсеновтікі)**

Киесі де,
иесі де мынау дархан даланың –
Сендерсіңдер,
күйін шертіп, айт өлеңін, сал әнін.
Дүниенің шымылдығын
ән сап тұрып ашатын,
Мұндай халық жоқ әлемде
шуақтан нұр шашатын.
Даласы – анау,

Данасы – анау ошақ көрген, от көрген,
Тәй-тәй басса,
қырдан асса той – думан ғып өткерген.
Бөліп жеген бір үзім нан,
көжесін де бөле ішкен,
Қызығын да,
қайғысын да, ән-күйменен бөліскен.

Қайырмасы:

Көк жиектен күн ассын,
Қызғалдағың гүл ашсын.
Айналайын ағайын,
Тойың тойға ұлассын.

Мақтанатын,
марқаятын азаматтар бар талай,
Кеңейсінші,
көбейсінші тойларыңыз тарқамай.
Жан жүрегі мөлдір жанның
көрген бәрін досындай,
Ақ бұлағы ақтарылған
біздің халық осындай.

Қайырмасы.

ә) Той туралы ән. Онда қазақ халқының ата-дәстүрі, әдет-ғұрып, салты туралы айтылуы тиіс. Екі ән де маршты түрде болғаны орынды.

Мысалы: Қайта оралған қазағымның
Бүгін дәстүрлері-ай
Көптен күткен халқымыздың
Асыл арманы еді-ай
Берекелі қазақ жері
Ең мерекелі
Дәстүрлерін мықты ұстаған
Қазағымның бұл елшісі

Қ-сы:

Шілдехана, бесік той
Тұсау кесіп, сүндет той
Ай, шіркін-ай.
Құда түсіп, сырға салып
Беташарым-ай
Алтыбақан аясында
Сұлу бойжеткен
Қыз, бозбала кең даланы
Әнмен елді тербеткен

Ер жігітке жарасады озып
Шыққан бәйгеден
Қыз балаға жарасады
Аппақ шашбау сәукеле
Жоғалмасын дәстүріміз
Ұмытылмасын
Ата-баба көзіндей қып
Сақтайық қазақ дәстүрін т.б.

2. Асаба өзінің алғашқы сөзін той иелерімен, келген қонақтармен сәлемдесуден, өзінің құттықтауынан бастап, әдемі сөздермен өрнектейді.

3. Жас жұбайларды қарсы алу мақсатында жар-жар айтылады.

Той басталар алдында залдың іш жақ кіре берісінде қадірменді қонақтар, ағайынтумалар тұрады. Қазақы көйлек киген қыздар тобы екіге бөлініп, орталарын ашық ұстап, босағаның екі жағында «Жар-жардың» ырғағымен (ән мәтіні қазіргі заманға сай өңделіп қайта жазылуын талап етеді) «Қамажай» биін билеп тұрады.

4. Жас жұбайлар безендіріліп жасалынған босаға арқылы өтіп, ақ матаның үстімен жүріп келіп, ортаға тоқтайды. Оларды сол тойдағы ең жасы үлкен шешей шашу шашып күтіп алады.

5. Дәстүр бойынша жігіттің екі жеңгесі келінді екі жағынан қолтықтап тұрады да, «Беташар» жырымен жаңа түсіп отырған келіннің беті ашылады. Келіннің екі жағында тұратын екі келіншектің киімдері өз мүмкіншіліктеріне қарай өзгеше сәнді болуы тиіс, оны да алдын ала ойластырып алу қажет. Олардың таққан сырғалары мен сақиналары да өзгеше арнайы болу керек. Иіліп сәлем етуді де белгілі тәртіп болу керек. Жарбаң етіп еңкею немесе кердиіп тұрып алу болмауы тиіс. Олар әдемі иілуі керек. Сол қимылдар мен қозғалысқа ерекше сүйкімділік пен әсемдік беру керек. Беташар жыры да қазіргі заманның дамуына байланысты қайта жазылуы керек. Жыр мазмұнында ең бірінші көпшілік қауымды жас келінмен таныстырып, оның шыққан тегі, өскен ортасы, туған жері, жеткен жетістіктері, ай-

налысатын ісі сияқты жас келіннің қазіргі өмірінен хабардар етілуі тиіс. Одан кейін келінге өзі түсіп отырған қайын жұртын таныстырып, жігіттің, оның да тегі, туған-туыстары, айналысатын істерінен, жеткен жетістіктерінен мағлұмат беріп, ең соңында бет ашушы жігіт жас келінге жаңаша мәтінде құрылған ақыл-өсиетін айтып, ата-салт дәстүрін ардақтауды, келін болып түсіп отырған жері мен елін құрметтеп, адал еңбек етуін айтуы керек. Өйткені, қазір қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгерді. Сонымен бірге, келін сәлем салғанда түсетін ақшаны көп жағдайда асаба жігіт өз қалтасына салып алады. Кей жерлерде оны жақсылап конвертке салып, көпшілік алдында екі жасқа «керек-жарақтарыңды алындар» деп те ұстатады. Осы соңғы дәстүрді барлық аймаққа жаппай кіргізген дұрыс.

6. Келіннің беті ашылған соң маршты түрде орындалған әнмен бірге жас жұбайлар төрдегі орынға қарай озады. Бұлармен бірге тойға келген қонақтар да орын-орнына жайғасады.

7. Тойбастар әкелінеді. Тойбастар Дина Нүрпейісованың «Тойбастар» күйімен әр үстелге қойылады. Содан кейін асабаның жеке орындауында мәтіні жаңа үлгіде жазылған «Тойбастар» әні айтылып, тойбастар сөгіліп, таратылады. Сонымен, көптен күткен той да басталады.

Ескерту: Тойы үстінде ұлттық ойындар ойнатылып, тек той бастар таратылған кезде ғана емес, бүкіл той бойында әдет-ғұрыптар ескеріліп отыруы қажет. Арнайы шақырылған бишілер тобы қазақтың ұлттық билерін билеуі мен той үстінде ойнатылатын ойындардың барлығы ұлттық тұрғыда болғаны той ажарын аша түседі. Сосын, тағы айта кетер басты нарсе, ол – той бастардың таратылуы. Аты айтып тұрғандай той бастар тойдың ортасында, немесе аяғында емес, тойдың басында таратылуы дұрыс.

Тағы бір ескеретін жағдай, ол – тойда айтылар құттықтау сөз бен тілек. Бүгінгі той-томалақтарда жиналған қонақтар бір сағаттай тұрып алып, өзінің өмірбаянын баяндап беріп

уақытты алтындар көп. Тіпті, «Маған сөз бермеді», «Мен неге анадан кейін сөйлеймін» деп, деп ұрысып жататындар да аз емес. Бұл мәдениеттіліктің аздығы. Тілекті ізгі ниетпен айту керек. Ең бастысы, той иелеріңе бақыт тілеп, қуаныштарыңа ортақтасу емес пе. Яғни, үлкендердің батасын, ақ тілегін алу. Сондықтан да, тост әр үстелден негізгі бір-бір адамға ғана берілгені жөн.

Қоржын сөгу

Қоржын –Құда күтуде құда болған құдалар жағы қыз жағына апаратын жоралғы.

Құдалар алып келген қоржынды сөгу қазақ халқының дәстүріндегі орны бөлек бір жоралғы. Оған абысын-ажындар, жалпы әйел қауымы түгел қатысуы керек. Егер айтылмай қатыспай қалса онда оған қатты өкпелейді. Қоржын екі бастан тұрады. Бір басына сойылған қойдың пісірілген еті, бір жағына тәттілер салынады. Сонымен бірге, киіт келеді. Оған: киім-кешектер, әшекей бұйымдарға т.б. қосылады. Қоржынның аузына мата салынады. Оны қоржынды сөккен әйел алады. Одан кейінгі шыққан киімдер қыз әкесіне, шешесіне, туған-туыстарына арналады. Салынған киімдердің размері стандарт болғаны дұрыс. Қалғандарын сол жерде отырған әйелдер бөлісіп алады. Мұндағы мағына құдалардың киім-кешегі бір-біріне араласып, жақсы қарым-қатынас орнаса, кейін киіп жүрген кезде де құда-құдағын жақсы сезіммен есіне алса дегеннен шыққан. Жалпы, не нәрсе салынса да қажетке жарайтын жағын ескерілуі тиіс.

Қоржынға салынған тағамдардан, тәттілерден ұзатылатын қыз да өлі-тірідегідей емес, бұл жолы ауыз тиюіне болады.

Одан кейін қоржынға баға беріледі. Оған көбіне көп жерге құдалыққа барған, көп ұзатуға қатысқан, жөн білетін көргенді ана береді.

Салынған әр түрлі әшекей бұйымдарды сол жерде отырған әйелдер бөліп алып, өздерінің бала-шағаларына «біз де осындай тойға жете берейік» деп үлестіріп береді.

Бәрін үлестіріп болған соң, қоржынды әкелген құдағимен сол жерде көп әңгіме айтылады, өзара бір-бірімен қалжыңдасып, күлісіп, құшақтасып шығады. Мұндай салт басқа халықтарда жоқтың қасы. Мұны бейберекет шашылуға да жатқызуға болмайды. Қайта ұлы үйленіп, шаңырақ көтеріп жатқанда қоржын апармау сараңдықтың белгісі саналады. Өйткені, қазақ халқы – жомарт халық.

Табак тарту. Құдалық пен тойларда тартылуы

Білмегендердің естерінде бола жүрсін деп, тартылар табак түрлерін сіздерге ұсынып отырмыз.

Табак тартқанда бастың тұмсығын табакты әкелген адам өзіне қаратып әкеліп, қойғанда оны ұсынған кісіге қаратып бұрып қояды.

Бас-құрметті қонақтың, ақсақалдың сыбағасы.

Құда табак (сый табак) – бас, жамбас, қазы-қарта, жал-жая, құйрық, сүбе, жылқы, қой, сиыр еті.

Құдағы (құдағи) табак – жақ, қазы-қарта, қарын, тоқ ішек, асық жілік, жылқы, сиыр, қой еті.

Жеңге-табакқа қойдың жамбасын, жауырынын, арқа белдемесін, сүбе қабырғасын, жүрек, бауырын, тоқ ішегін, қарын, бүйректерін салады. Осының өзіндік тілі бар. Бауыр, жүрек, бүйрек салуы бауырынды бауырындай көр, жүрек табысқан жүрегі бұрылып тұратын болсын дегені, ал жамбас асуы жолың үлкен, шеше орнында сыйлаймыз, ішек-қарын асуы іші-бауырымыз араласып, сыр жасырмайық дегені.

Жезде табакты жездесіне балдыздар дайындайды. Оған ортан жілік, жауырын, арқа, белдеме, қарын, тоқ ішек, бауыр, жүрек, бүйрек, құйымшақ салады. Жезде табакқа салынатын сый-сыбаға негізінен «жеңге табакпен» бірдей болады. Ал ұқсамайтын жері құйымшақ қосады. Онысы балдыз қыздардың жездесіне көрсеткен

әзіл-қалжыңы, назды қылығы. «Құйымшақ жеген қойшы болады», «сіз бізге қойшы болыңыз» дегені. Бұл әзілді білетін қу жездер білдірмей отырып құйымшықты балдыз қыздардың біріне ұсына қояды. Оны байқамай алып қойған қыз жездеден жеңілген болып, оған киіт кигізеді. Ал момын, әлжуаз, жол мен қуылқыт сезбейтін жезде болса, құйымшақты білмей жеп қойса, оны аңдып тұрған қыз балдыздар жезделерін шап беріп ұстап алып, жеңген жолын сұрайды. Ас қайырылып болған соң, жезделер табаққа күміс теңге, жүзік, сырға салып қайтарады. Мұны күтімақы «көңіл табу», «арашалану салты» деп атайды. Қазақ «Жездеден киген жең болмас, етекпен кескен тон болмас» деп оны әзіл үшін, ойын-қызық үшін шығарғанын да жасырмайды. «жездеге ілессең, жерде қалмайсың» деп жезделерін таудай бағалайды. Жезде-аға деп ағынан жарылып ағалайды.

Беташарда тартылатын табақ түрлері

Беташар табақ. Қазақтың келін түсіру салтында, келіннің бетін ашқан жігітке арнап «беташар табақ» деген ас сыйлайды, үлкен сый-құрмет керсетеді. Беташар табаққа тіл жағын, жүрек, бауырын, ортан жілік, жауырын, белдеме, арқа, қабырғаларын, үстіне таңдай салады. Оның үстіне әдемі кестелі қол жаулық жабады, болса күміс жүзік, теңге қояды. Бет ашқан жігіт жолдас-жораларымен алқа-қотан отырып, теңгені, жүзікті,

қол жаулықты бөлісіп алады да, бата жасайды, әнші жігіт таңдайым тақылдасын деп таңдайды алып жейді, қалған еттерді бәрі бірігіп бөлісіп жейді. Мұны қазақ кәдесінде «беташар табақ» деп атайды. Қазақтың сыйсыбағасындағы беташар табақтың да өзіндік құпия тілі бар. Қызық қыры, санаулан сыры бар. Беташар табаққа бас салмауы жасында кәрілік келмес дегені, тіл жақ, таңдай тартуы шешен болындар, бұлбұлдай сайраған әнші болындар, тілдеріңнен бал тамсын, келіннің беті жарық, жолы ашық болсын дегені. Жүрек салғаны жүрек таза, ақниетті болындар дегені. Бауыр салғаны бауырдай жақын болайық, жамандық, суық сөз, сұмпайы тіл болмасын дегені. Ал осының бәрін салып сыйлағаны ер жігіттің басын қастерлегені. Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық көрінеді деп, ыстық аспен ықылас сыйлауы құрмет көрсету болып табылады.

Қыз табақ-құймышақ, тоқпан жілік, беломыртқа, сүбе, қабырға, жүрек, жылқы, сиыр еті, қой еті.

Күйеу табақ-төс, тоқпан жілік, қабырға, омыртқа еті, жылқының қазы-қартасы, жауырын, қой еті.

Құрдас табақ-тоқпан жілік, омыртқа, сүбе, қабырға, қазы, құйрық.

Бала табақ-беломыртқа, қабырға, бүйрек, бақай, асық жілік, жылқы, сиыр, қой еті. Бала табаққа асық жілік, жауырын, ортан жілік, арқа, белдеме, тіл жақ, қабырға салады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2010. -384 б.

2. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Оразымбетқызы Ә. Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде): Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. - 107 бет.

Резюме

В статье предлагается в качестве примерановое проведения свадебного обряда, с использованием казахских обычаев и традиций.

Summary

The paper proposes a new way of example holding a wedding ceremony, with the use of Kazakh customs and traditions.

Ұлттық той киімінің үлгілері









Мақалаларды журналға басып
шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды тараушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтімен, шрифттің өлшемі №12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті-2 см, асты-2 см, сол жағы-3 см, оң жағы-1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми-лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде болса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала теріпшеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Көшіріп басқан жағдайда, сілтеме жасау міндетті.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. Индекс 74310

Требования к оформлению статей,
публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль-12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее- 2см, нижнее-2 см, слева-3 см, справа-1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 теңге.

Подписная цена за год 3104 теңге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». Индекс 74310

***Реквизиты: РГП ЦКБ Абай ақындығы ҚазҰПУ**
ИНН KZ17816000000006696
БИН 031 240 004 969
РНН: 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, ижд 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.
Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің өндірістік-жарнама бөлімінің баспасы
Типография производственно-рекламного отдела КазНПУ имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Сейсенбаева Жанар
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Құрманғали Анар
Беттеген/Верстка – Қасымов Сержан*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 00.00.2011ж.

Пішімі 60x84. Борлы қағаз. Басылым – офсет. Көлемі 7 б.т. 500 Дана. Тапсырыс №203

**«Қазпгсгг» акционерлік қоғамы ұсыныды
2012 жылғы жылдағы кестесі**

Индекс	Бастығы атауы, редакциясының телефоны	Жылына шығатын саны	Жылына мерзімі	Жылына бағасы		
				Айығы	Айығы	
					қала	аудан/ауыл
74310	«Ұлттық тәрбие» (Ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, отбасы тәрбиесі, ұлттық білім) Тел. (727)291-88-83 Алматы	6	2 ай	517,43	553,45	556,60
			4 ай	1034,86	1106,90	1113,20
			6 ай	1552,29	1660,35	1669,80
			12 ай	3104,58	3320,70	3339,60

ПС-1 н.
ф. ПС-1

«Қазпгсгг» акционерлік қоғамы Ақпараттық обьектісі «Қазпгсгг»											
АБОНЕМЕНТ №						АБОНЕМЕНТ №					
Бағасының көрсеткіші Индекс көрсеткіші 											
(Бағасының атауы – қолжазбағағының көрсеткіші)											
Жылына бағасы		Стоимость подписки		_____ теңге _____ тиын		Компьютерлік саны Код-но компьютера					
20 _____ жылғы, _____ айының						20 _____ жылғы, _____ айының					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Қайда/Қула _____ _____ (жұмыс көрсеткіші – жұмыс көрсеткіші, жөніне жөніне-адрес) Қала/Қала _____ _____ (фамилиясы, атауы – фамилиясы, жөніне)											
ТАСЫМАЛДАУ КАРТЧКАСЫ №						ДОСТАВОЧНАЯ КАРТЧКА №					
ПН	Орын	Лістер	_____								
Место	_____										
_____						_____					
(Бағасының атауы – қолжазбағағының көрсеткіші)											
Жылына бағасы		Стоимость подписки		_____ теңге _____ тиын		Компьютерлік саны Код-но компьютера					
20 _____ жылғы, _____ айының						20 _____ жылғы, _____ айының					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Қайда/Қула _____

 (жұмыс көрсеткіші – жұмыс көрсеткіші, жөніне жөніне-адрес)
 Қала/Қала _____

 (фамилиясы, атауы – фамилиясы, жөніне)

ПС-1 н. Абоненттің сатып алу бағасына қосылған қосымша бағасы.
 С. информация, ұсынылған на обьектісі «Қазпгсгг» ф. ПС-1 бағасының.
